

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ

БАХЫТ ЕРИК БАХЫТҰЛЫ

**Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларын
қаржыландыру тетігін жаңғырту**

6D050900 - «Қаржы»

PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші (жауапты) э.ғ.д., академик, профессор Сагадиев К.А

Ғылыми жетекші (шетелдегі) Ph.D докторы, профессор., Массимо Бьянки

Қазақстан Республикасы
Алматы 2014

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	12
1.1. Орта бизнес-Қазақстан экономикасының дамуының локомотиві ретінде.....	12
1.2. Қазақстанда орта бизнесті дамытудағы мемлекеттік қаржылық реттеудің рөлі.....	23
1.3. Орта бизнес субъектілерін қаржылық реттеудің шетелдік тәжірибесі.....	33
Бөлім бойынша қорытынды.....	41
2 ҚАЗАҚСТАНДА ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨҢДЕУ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ.....	42
2.1 Қазақстандағы орта бизнестің қазіргі жағдайы	42
2.2 Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнесті қаржылық реттеудің қазіргі кездегі тәжірибесін талдау	54
2.3 Өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес компанияларын дамытуда пайдаланылатын қаржылық құралдардың тиімділігін экономикалық- математикалық әдістер арқылы бағалау.....	62
Бөлім бойынша қорытынды.....	73
3 ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	76
3.1 Қазақстандағы орта бизнесті қаржылық реттеудің негізгі бағыттары.....	76
3.2 Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес субъектілерін дамытудағы қаржылық құралдардың тиімділігін жетілдіру мәселелері.....	84
3.3 Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің өңдеу саласында жұмыс істейтін орта бизнес субъектілерінің қаржылық базасын кемелдендіру.....	94
Бөлім бойынша қорытынды.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ.....	105
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	110

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:

1. Даму-Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы
2. Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін Екінші деңгейдегі банктер және Лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру бағдарламасы
3. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124-III Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99-IV Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
6. «Қазақстан 2030» даму стратегиясы
7. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы
8. Аймақтық қаржыландыру бағдарламасы;
9. «ДАМУӨндіріс» бағдарламасы ;
10. "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы
12. Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасы;
13. «Даму-Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады
14. Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1003 Қаулысы
16. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
17. Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 Қаулысы

18. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

19. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1543 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

20. Іске асыру туралы есепті жасау нысаны мен тәртібін қамтитын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына мониторинг жүргізу жөніндегі, әдістемелік ұсынымдардың 2-қосымшасы

21. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының 2012 жылғы іске асырылуы туралы жедел есептілікке талдамалы жазба

22. Орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдау шеңберінде 2014 жылғы 14 сәуірде № 354 «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету» жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы қаулы қабылданды.

БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертацияда келесі белгілеулер мен қысқартулар қолданылған:

- АСР- арнаулы салық режимдері;
АҚШ- Америка Құрама Штаттары;
АҚ- акционерлік қоғам;
АЕК- айлық есептік көрсеткіш;
ТДҰА- Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттік
ҰИИДМБ-Индустриалды-инновациялық дамуы мемлекеттік
бағдарламасы
ҚДБ- Қазақстанның Даму банкі
ҒТП- ғылыми – техникалық прогресс;
ЖШС- жауапкерлігі шектеулі серіктестік;
ЖІӨ- жалпы ішкі өнім;
ЖЗҚ- жинақтаушы зейнетақы қоры;
ЖК- жеке кәсіпкер;
ЖТС- жеке табыс салығы;
ЖЖТ- жылдық жиынтық табыс;
КТС- корпоративтік табыс салығы;
ҚР- Қазақстан Республикасы;
ҚҚС- қосылған құн салығы;
МОБ- шағын және орта бизнес;
ТМД- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;
ОРТА- шағын кәсіпкерлік субъектілері;
ШБК- шағын бизнес кәсіподақтары;
ШФҚ- шаруа – фермер қожалықтары;
БЭК - Біркелкі экономикалық кеңістік
БЭО - Біркелкі экономикалық одақ
ЭҚЖЖ - экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктегіші
млн.- миллион
млрд. – миллиард

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Орта бизнесті дамыту қазіргі таңның маңызды проблемаларының бірі болып отыр. Кәсіпкерлік құрылымдардың тұрақты өсуі мен дамуы рыноктық экономиканың өмір сүруінің міндетті шарты болып табылады. Рыноктық экономиканың дамуында орта бизнес үлкен орын алады. Орта бизнес халықтың экономикалық белсенділігін оятады, қоғамдық қажеттіліктерге тез жауап береді, бәсекелестіктің дамуына мүмкіндік туғызады, экономиканың құрылымдық қайта құрылуына қатысады, жұмыс орындарын ашады. Орта бизнес – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлікпен айналысатын компаниялардың Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесіне тікелей әсер етеді.

«Қазақстан - 2050» даму стратегиясында [1] елдің экономикалық өсуінің негізгі анықтаушы орта бизнестің белсенді дамуы екендігі көрсетілген. Мемлекеттік және қоғамдық қолдау жүйесінің тиімді жүзеге асуы кезінде мүмкін болатын экономика дамуының басымды міндеттерін шешу мақсатында кәсіпкерлік сапалы жаңа деңгейге өтуі қажет. Ол үшін кәсіпкерліктің дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтап алу қажет. Ал стратегиялық бағыттардың ынталандыру факторларының бірі қаржылық фактор болып табылады. Қаржылық құралдардың көмегімен мемлекет шын мәнінде бір салаға қолайлы және бәсекеге қабілетті жағдай жасай алады немесе керісінше, басқа саладағы шаруашылық субъектілерінің іскерлі белсенділігін төмендете алады.

Орта кәсіпкерлікті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Еркін экономикалық одақ шеңберінде орта кәсіпорындармен жұмыс істетуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылуда. Орта бизнеске атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, табысты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бес мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған “Жеке кәсіпкерлік туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарып жатыр.

Осылардан көріп отырғанымыздай, орта бизнестің тиімді әрі ырғақты дамуы үшін мемлекет тұрғысынан қаржы-несиелік және инвестициялық қолдаудың қолайлы саясаты алдыңғы орынға шығады. Орта бизнестің гүлденуіне еліміздегі инвестициялық климаттың жағдайы тікелей әсер етеді.

Мемлекеттің орта бизнесті қаржы - несиелік және инвестициялық қолдау саясаты келесідей негізгі қаржылық механизмдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылуы керек:

- басым жобаларды конкурстық негізде және жеңіл жағдайда несиелеу;
- екінші деңгейдегі банктердің өңдеуші салада жұмыс істейтін бизнес субъектілеріне ұсынатын несиеге кепілдік беру жүйесін дамыту;
- екінші деңгейдегі банктермен біріге отырып, жобаларды ортақ қаржыландыруды жалғастыру;
- венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту;
- өнеркәсіптің өңдеу салаларында жұмыс істейтін бизнес субъектілерін қолдау процессі кезінде сақтандыру компанияларының белсенді қатысуына жағдай жасау.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Өнеркәсіптің өңдеуші салаларындағы орта бизнес компанияларын қаржылық қолдаудың тетіктерін жаңғыртудың ұтымды бағытын теориялық және әдіснамалық тұрғыда зерттеу үшін оның негізін қалаушылар мен олардың ой-пікірлерін ары қарай жалғастырушы көптеген экономист ғалымдардың еңбектеріне сүйенуді және ондағы маңызды ұсыныстарды пайдалануды қажет етеді.

Еліміздің қазіргі және орта мерзімді дамуындағы негізгі стратегиялық ұстаным – экономикалық өсуді экстенсивтік емес, интенсивті, индустриалды-инновациялық факторлардың басымдылығы есебінен қамтамасыз ету. Осы ұстанымды жүзеге асыруда өнеркәсіптің өңдеуші салаларындағы орта бизнес компанияларының атқаратын қызметі мол. Өнеркәсіптің өңдеуші салаларындағы орта бизнес компанияларының қызметін жандандыруда қаржылық ынталандырудың рөлі маңызды.

Қаржылық ынталандыру материалдық ынталандыруға қарағанда кең мағыналы категория. Қаржылық ынталандыру – орта бизнес субъектілерін өнімді әрі табысты еңбекке қызықтыратын, олардың мүдделік белсенділігін арттырудың әртүрлі үрдістері мен әдістерін қамтиды. Сонымен, қаржылық ынталандыру дегеніміз өндірістік қатынастар субъектілерінің мүмкіндіктерін толығымен пайдалану мақсатында қолданылатын, олардың экономикалық және әлеуметтік жауапкершіліктерін нықтайтын қаржылық тетіктердің жиынтығы.

Өнеркәсіптің өңдеуші салаларындағы орта бизнесті дамытуда пайдаланылатын қаржылық құралдардың тиімділігін зерттеуге арналған ғалымдардың еңбектері кеңінен қолданылды.

Шет елдерде орта және шағын бизнесті қаржыландыру аспектілерін әр түрлі деңгейде талқылап, экономикалық маңыздылығын зерттеген ғалымдар көптеп кездеседі.

Атап айтқанда, Кэмпбелл Р., Бригхэм Ю., Брюс Л., Рикардо Д., Самуэльсон П., Смит А., Сэй Ж. Фридман М., сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды.

Орта және шағын бизнестің дамуын қаржылық реттеу сұрақтарының өзектілігіне байланысты қазақстандық ғалымдарда зерттеулер жүргізген. Орта және шағын бизнесті қаржыландыруда әр түрлі тетіктерді қолдану тиімділігі жайында Сагадиев К.А., Интыкбаева С.Ж., Сабден О.С., Алшанов А., Арыстанбаева С.С., Адамбекова А.А. және т.б. ғалымдар өздерінің теориялық ізденістері мен зерттеулерінде, ғылыми еңбектерінде аталған проблеманың әр түрлі тұстарын қарастырып, олардың практикада қолданыс табуына өз үлестерін қосты.

Соған қарамастан, рынок талаптарына сай келетін өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы орта бизнес компанияларын қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуді және қаржылық тәуекелдердің залалдарын жабудың жоғары деңгейін қамтамасыз етудің кейбір аспектілері әрі зерттеулерді талап етеді.

Қазіргі жағдайда өңдеуші өндіріс салаларында қызмет ететін орта бизнес субъектілерін дамытуда пайдаланылатын қаржылық тетіктер толық зерттелінбеген.

Өңдеуші өндіріс салаларында қызмет ететін орта бизнес субъектілерін қаржымен қамтамасыз етудің тиімділігін, қаржылық тетіктерді жаңғыртудың проблемаларын зерттеген ғылыми жұмыстар жеткіліксіз.

Бірақ экономиканың дамуына байланысты орта бизнесті дамытудағы пайдаланылатын қаржылық құралдардың ауқымы, құрамы өсуде. Өңдеуші өндіріс салаларындағы орта бизнес субъектілерінің қаржы қорларының қалыптасуы мен пайдалануын теориялық және әдіснамалық тұрғыда саралау қажеттігі диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтауға негіз болды.

Сондықтан, диссертациялық жұмыста орта бизнесті ынталандыруда пайдаланылатын қаржылық құралдардың тиімділігі зерттелген.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы өнеркәсіптің өңдеу салаларында қызмет ететін орта бизнесті қаржылық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін кешенді түрде сараптау және оның негізінде шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында өндірістің өңдеуші салаларындағы орта бизнес субъектілерінің қызметін қаржылық реттеудің механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау шарт:

- өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерліктің экономиканы дамытудағы алатын рөлін көрсету және өңдеу салаларындағы «орта кәсіпкерліктің қаржы ресурстары» ұғымына анықтама беру;

- шет елдік тәжірибені зерделеу негізінде өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларын қаржыландырудың негізгі қаржылық механизмдерін анықтау;

-салық салу жүйесінің әсерін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнестің дамуына кешенді талдау жасау және бағалау;

-даму институттарының өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесіне баға беру;

- өнеркәсіптің өңдеу саласында қызмет ететін орта бизнес субъектілерінің дамуына ықпал тигізетін қаржы тетіктерін жаңғырту және пайдалану жолдарын ұсыну;

- коммерциялық банктердің орта бизнесті несиелік қолдау құралдарына талдау жүргізу.

Зерттеу объектісі - өнеркәсіптің өңдеу саласында қызмет ететін Қазақстандағы орта бизнес субъектілері болып табылады.

Зерттеу пәні ретінде Қазақстан Республикасындағы орта бизнесті ынталандыруда пайдаланылтын қаржылық қатынастар жиынтығы алынды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі ретінде орта бизнес қызметін қаржылық реттеуді зерттеуге арналған шетел және отандық ғалым-экономистердің еңбектері негізге алынды. Жұмыста Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми мәліметтері, Қаржы министрлігінің мәліметтері, Технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттіктің Индустриалды-инновациялық дамуы мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстанның Даму банкінің мәліметтері, мерзімді басылымдар пайдаланылған.

Зерттеу барысында экономикалық, экономика-статистикалық, графикалық талдау, топтастыру мен салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерінің қызметін қаржылық реттеудің теориясы мен практикасын кешенді зерттеу негізінде Қазақстанда орта бизнесті дамытуға арналған ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Өнеркәсіптің өңдеу саласында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – мемлекеттің қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Қорғауға шығарылатын ұсыныстар. Тақырыпты зерттеу барысында мынандай ұсыныстар мен тұжырымдар жасалынды:

- өңдеу салаларындағы «орта кәсіпкерлік компанияларының қаржы ресурстары» ұғымына анықтама берілді;

- шет елдік тәжірибені зерделеу негізінде өңдеу салаларындағы орта бизнесті қаржыландырудың негізгі қаржылық механизмдері зерттелініп, олардың оң тәжірибесін Қазақстан қаржы жүйесіне енгізу мүмкіндіктері көрсетілді;

-Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларының дамуына салық жүйесінің әсері анықталып оған баға берілді ;

-даму институттарының өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесінің тиімділігі анықталды;

- өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларына қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін және жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша капиталды сатып алуды қаржылық қолдаудың жаңа құралдары лизинг, инновациялық грант, венчурлық қаржыландыру, жобалық қаржыландыру, кейстық несие, франчайзинг, факторингті пайдалану әдістемесі берілді;

- коммерциялық банктердің орта бизнесті несиелік қолдау тетіктеріне талдау жүргізілді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу жүргізу барысындағы алынған жұмыстың нәтижелерін Қазақстан Республикасындағы орта бизнес қызметін қаржыландыруда және өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық саясатын әрі қарай жетілдіруде пайдалануға болады.

Жұмыстың ғылыми нәтижелерін жүзеге асыру өңдеу өнеркәсібіндегі орта кәсіпкерлік субъектілеріне түскен салық ауыртпалығын объективті бағалауға және жеңілдетуге, сонымен қатар, бюджеттің салықтық түсімдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық ізденістің негізгі қорытындыларын өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларды жасауда пайдалануға мүмкіндік бар. Орта кәсіпкерлікті дамытуда замануи қаржылық тетіктерді енгізу Қазақстан-2050 стратегиясын, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, «ДАМУ –Өндіріс» және тағы басқа бағдарламаларды жүзеге асырудың негізгі бағыты болып табылады.

Жұмыстың ғылыми нәтижелерін экономикалық оқу орындарында ғылыми –әдістемелік кешендерді дайындауда, «Қаржы менеджменті», «Салық және салық салу», «Банк ісі», «Сақтандыру» пәндері бойынша оқу құралдарын дайындауда пайдалануға болады. Өңдеу саласының басымдылығына байланысты ізденістің нәтижесін «Орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету» деген элективті курсты оқу үдерісіне енгізуге болады.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық және аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып талқыланды. Атап айтқанда, Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың шетелдік тәжірибесі және оны Қазақстан жағдайында пайдалану мүмкіндіктері. Сборник материалов круглого стола УМБ. - Алматы.- 2011. -0,25 б.т. Зейнетақы қорларының инвестициялық портфельін басқару басымдықтары. Сборник материалов круглого стола УМБ. – Алматы.-2011.- 0,25 б.т. Орта бизнестің қалыптасуы және дамуы. Сборник материалов международной научно-практической конференции «Инновации и новые векторы развития социально - экономической модернизации » Совет молодых ученых фонда Первого Президента РК – Лидера Нации. – Алматы.- 2012.-0,19 б.т. және т.б.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен қолданылған әдебиеттер тізімінен және 36 кесте, 15 суреттен тұрады.

1 ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Орта бизнес-Қазақстан экономикасының дамуының локомотиві ретінде

Бүгінгі таңда кәсіпкерлік қызметке салық салумен байланысты сұрақтар рыноктық қатынастардың құрылу жағдайында мемлекеттің алдындағы маңызды проблемалардың бірі болып отыр.

Салықтың әртүрлі түрін енгізіп немесе күшін жою, салық салу базасын есептеудің әдістемелік негізін құру, салықтық ставкаларды өзгерту, салықтық жеңілдіктерді беру немесе күшін жою, салық салу механизмін басқару арқылы мемлекет елдің экономикалық өсуінің қарқынына тікелей әсері бар кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға немесе шектеуге белсенді әсер ете алады. Салықтың кәсіпкерлік қызметке екі жақтылық әсерін салықтық реформалар жүргізген кезде ескеру қажет.

Соңғы кезде тәжірибеге енгізілген тура инвестициялар тартудың рөлі зор. Мәселен, Астана, Алматы, Шымкент, қалаларында жүзеге асырылған тура инвестициялар тартудың тәжірибесі – бұл әдістің өміршеңдігін көрсетті. Кәсіпкерлер форумы кезінде ел Президенті Н.Ә.Назарбаев [2] былай деп атап өтті: Кәсіпкерлердің қаржы-несие ресурстарына қол жеткізуіндегі шектеушілік проблемасы біз қажет еткендей қарқынмен шешіліп отырған жоқ. Несие алудағы негізгі кедергілер жоғары қарыз пайызы және несиені қайтарудың қысқа мерзімі болып отыр. Бүгінгі күні коммерциялық банктердің шағын бизнеске берілетін несиелер бойынша пайыздық ставкалар мөлшері шетел валютасында 16-18% және теңгеде 20-24%–ға дейінді құрайды. Алынған несие ресурстарын игерудің орташа мерзімі шамамен 11-12 ай. Сондықтан да Елбасы Ұлттық Банк пен Үкіметке орта бизнес секторын дамытудың арзан халықаралық бағдарламалық заемдарына қызмет көрсету кезінде банк маржасының төмен ставкаларын белгілейтін шараларды, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерді басқа көздерден несиелеу ставкаларын төмендетуге ынталандыру жөніндегі шараларды талдап жасауды тапсырды. «Даму» бағдарламалары бойынша ШОК субъектілеріне берілген қаржының былай бөлінгенін байқауға болады: сауда саласына – 45,7%; қызмет көрсету саласына – 24,2%; өнеркәсіпке – 17,2%; құрылысқа – 5,2%; ауыл шаруашылығына – 5,1%; көлік пен байланысқа – 2,7%.

Ұлттық қор 100 млрд. теңге бөле отырып, өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін кәсіпорындарға қолдау көрсету туралы маңызды да уақтылы шешім қабылдады.

Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ат салысатын негізгі қаржылық институттар мыналар болып табылады:

«Қазақстанның даму банкі» АҚ

«Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық мекемесі» АҚ

«Ипотекалық несиелерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» АҚ
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ
"Байтерек девелопмент" АҚ
«Қазына Капитал Менеджменті» АҚ
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ
«ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы АҚ
«ДАМУ» қоры аймақтарда басымдыққа ие салалардағы шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған мақсатты қаржыландырудың ондаған бағдарламасын іске асыруда.

Негізгі бағдарламалар:

- Аймақтық қаржыландыру бағдарламасы;
 - «ДАМУ өндіріс»;
 - «Бизнестің жол картасы – 2020»;
 - Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасы;
- Әйелдер кәсіпкерлігін микронесиелеу бағдарламасы.

Аймақтық қаржыландыру бағдарламасы- ауыл шаруашылығы өнімдерін, мал шаруашылығы, аралас ауыл шаруашылығы, балық аулау, акваөнімдер, азық-түлік өндірісі, мақта-мата бұйымдары, киім, мектепке дейінгі білім саласымен айналысатын кәсіпкерлерге көрсетілетін көмек. Бизнесті қолдауды тағы бір бағдарламасы –«ДАМУ аймақтары II». Бағдарламаның басым салалары тізбесінде: агроөнеркәсіп кешені, тау-кен саласы, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз өндірісі, туризм, ақпарат және байланыс, білім саласы қызметі, денсаулық сақтау, мәдениет, мәдени қызмет көрсету, спорт және т.б. бар. «ДАМУ өндіріс» қаржылық бағдарламасы ЖК субъектілері үшін және дағдарыс жағдайынан шығуға арналған несие ресурстары тапшылығын тартып отырған кен байыту өндірістеріне көмек көрсету мақсатында жұмыс істейді. Осы бағдарлама пайыздық мөлшерлемені қайта қарап, 8% -ға төмендету жағына өзгертуге мүмкіндік береді. «ДАМУ» қоры сыйақы мөлшері төмен – 8%-дық талаптары өте жақсы лизингтік бағдарлама әзірледі және әрекетке енгізді. Кәсіпкер жаңа құралдар алады және несие алушының қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда қосымша кепілдеме ұсыну қажеттілігі жойылады. Үкіметінің ағымдағы жылғы 13 шілдедегі қаулысымен Бағдарламаның бірінші және үшінші бағытына қатысты өзгерістер енгізілді. Осылайша, бірінші бағытында – 12 пайыздық мөлшерлеме сыйақысы кезінде 5% орнына, мемлекет 14% кезінде 7% жабады, ал кәсіпкер бағдарламаның 7%-ынан астамын ғана жабады. Үшінші бағытында экспортқа бағытталған өндірістерге қолдау көрсету бойынша субсидиялау тағы да 14% аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады, олардың 6% экспорттер төлейді де, қалған 8% мемлекет өз есебінен жабады.

Осының өзі орта бизнесті дамытуға оң әсер етіп көпшілігін қолдауға, өз бизнесін кеңейтуге және жаңа бастаманы іске асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік секторды қаржылық қолдау үшін мыналар қажет:

- аймақаралық банктер (оның ішінде орта бизнесті қолдау бойынша мамандандырылған) желілерін одан ары дамыту;
- өндірісті қолдауға қарыздары бойынша коммерциялық банктермен кепілді қамтамасыз ету;
- несиелік ресурстарды бюджеттен тыс жұмылдырудың басқа нысандарын қолдану;
- дәстүрлі емес қаржыландыру қызметін дамыту (лизинг, факторинг, венчурлық қаржыландыру, франчайзинг және басқалары);
- орта кәсіпкерлік несие ассоциациясының өзін-өзі басқаруы үшін жағдай жасау.

Осы көрсетілген қажеттіліктерді орындай отырып, орта бизнесті қаржыландыру үшін несиелеудің жаңа түрлерін қарастыру қажет.

Қазақстанда экономикалық жағдайдың жақсаруы үшін орта бизнестің дамуын ынталандыру үшін қаржылық механизмдерді тиімді қолдану қажет.

Орта бизнес –занды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол адамдардың өзіне сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Көне тарих пен орта ғасыр ғылымдарында кәсіпкерлік туралы ерекше пікірлер қалыптасқан. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кезкелгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіпкерліктің шын, нақты субъектісі – бұған деген алғышарттары бар, ең бастысы капитал иемдену құқығы бар субъектілер жатады.

Мемлекетке елдегі орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін алда бірқатар міндеттерді шешуге тура келеді. Жоспарлы түрде, заң жүзіндегі бастамалар арқылы және қазірде күшінде тұрған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажет. Орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс. Біріншіден, біз адамға ол үшін мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуымыз керек. Іскерлік мәдениетінің деңгейін көтеру мен кәсіпкерлік бастаманы ынталандырудың маңызы үлкен. Ол үшін төмендегідей шаралар қажет:

- орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасау.
- жергілікті бизнес-бастамаларды көтермелеу және мейлінше аз, бірақ қатаң реттеу есебінен ішкі нарықты дамыту.
- бизнеске жасанды бөгеттер тудыратын мемлекеттік шенеуніктер үшін жаңа, әлдеқайда қатаң жауапкершілік жүйесін енгізуді қарастыру.

Жаңа жағдайларды, соның ішінде Қазақстанның Еуразиялық экономикалық кеңістікке қатысуына, Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ)

кіруді ескере отырып, отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру және олардың мүдделерін қорғау мен ілгерілету үшін қажетті барлық шараны қабылдау қажет. Мемлекеттік саясат орта бизнестің жұмыстың айқын жағдайларында орта бизнес үшін тапсырыс беруші және “локомотив” рөлінде бола алатын әртараптандырылған, қаржы жағынан тұрлаулы ірі кәсіпорындармен ынтымақтастық үшін әкімшілік және нормативтік алғышарттар туғызуды көздеуі тиіс. Қоғамдық мүдделер мен пайда табатын қызметті үйлестіретін бірнеше ірі өңірлік холдингтер құруға болады. Мемлекеттің қатысуымен құрылатын мұндай жекеменшік корпорациялар – өңірдің Әлеуметтік дамуы мен кәсіпкерлігінің қоры немесе корпорациясы – өңірдің даму мүдделері тұрғысынан активтерді басқара алады, жобаларға бастамашы болып, қосымша инвестициялар тарта алады. Олардың қызметінің басты бағыты – өңірде пайда табатын ұзақ мерзімді негізде орта кәсіпорындардың тауарлары мен қызметтеріне деген сұранысты туғызу.

Орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – мемлекеттің қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру басты мәселелер болып саналады. Орта кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерліктің өндірістік секторына жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен, заңдарда белгіленген тәртіппен несие беруі;

- орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған кәсіпкерлердің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу;

- тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте аталған мақсатқа қаражат көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен қоса, бюджеттен қаржыландыру;

- қоғамдардың өзара несие беру және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру тетіктерін әзірлеу.

Қазіргі кезде Республикада жаңа ашылған кәсіпорындарды несиелеудің құралдары мен объектілері әлі де дамымай келеді. Бұларға лизинг, кейстық несие, франчайзинг, факторинг және басқалары жатады. Өңдеу саласындағы орта бизнес әлі күнге дейін банктердің қызығушылық сферасынан тыс қалуда.

Өңдеу салаларындағы орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несие беру шарттары мен рәсімдерін белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-несиелік қамтамасыз етудің деңгейлі схемасын енгізуді көздейді.

Айналым қаражаты мен өтімді кепілдің жетіспеушілігімен ұштасқан бизнестің неғұрлым күрделі және жауапты кезеңінде тұрған кәсіпкерлерді қолдау мақсатында орта кәсіпкерлікке несие берудің кепілді жүйесін жасау үшін жағдай жасалады. Осы жүйе несиені өтеу қабілетсіздігі жағдайында

шығындардың орнын толтыру жолымен несиелік мекемелермен тәуекелдерді бөлісуге және өміршең жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірген, бірақ жеткілікті қамтамасыз етілмеген немесе несие беруші банктің талаптарын қанағаттандыра алатын несие тарихы жоқ кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Бұл мәселе орта кәсіпкерлерліктің салалық құрылымын жетілдіру, бастапқы капиталды қаржыландыру арқылы перспективалы қайта өңдеуші өндірістерді дамыту қажеттігіне байланысты ерекше маңызды.

Белгілі бір тәжірибесі бар және қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша капиталға мұқтаж кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдаудың жаңа құралдары (лизинг, венчурлық қаржыландыру және басқалары) іске қосылады. Лизингтік құрылымдарды дамыту мен венчурлық құрылымдарды құру жаңа өндірістердің пайда болуына және дәстүрлі қаржыландыру көздерін тарта алатын кезеңге дейін өндірістерді қалпына келтіруге ықпал етеді.

Бұдан басқа, екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерлік субъектілеріне:

- несиелер беру рәсімдерін және онымен байланысты шығыстарды;
- орта бизнес субъектілері үшін несиелерге қызметтер көрсету төлемдерін азайту жөніндегі тетіктерді әзірлеу және енгізу;

- орта бизнес кәсіпорындарын оларды жеңілдетілген нысан бойынша жобаның техника-экономикалық негіздемесімен ауыстыра отырып, несие берілетін іс-шара бойынша бизнес жоспарларды міндетті түрде ұсынудан босату;

- қарыз алушы – орта бизнес кәсіпорындарының қаржы жағдайын бағалау өлшемдерін, сондай-ақ несиелерді қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптарды жеңілдету жолымен оңтайландыру қажет болады.

Орта кәсіпкерлік субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімділігін кеңейтуге байланысты мәселелердің шешілуі, қарыз алушылардың тізімдерін жасау мен жүргізу оларға несие тарихын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл орта кәсіпорындарының саны мен өнімділігінің тұрақты өсуіне ықпал ететін болады. [3].

Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет және ең бастысы – әр кәсіпкер оның тек өзіне тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, осы себептен кәсіпкерлердің басты мақсаты – өз кәсіпорынының пайдасын барынша жоғарылату және шығындарын барынша азайту болып табылады. Ал, кәсіпкердің табысы көбіне оның бизнесті ұйымдастыруына тікелей байланысты. Қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып қалмас үшін өндіріс факторларын жүйелеудің жаңа жолдарын іздейді, яғни, бұл кәсіпкерліктің ең басты мәселесі.

Бірқатар авторлар орта бизнес монополияланған экономика жағдайында маңызы ерекше бәсекелестік ортаны құрайды деп пайымдайды. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша орта бизнес өзінің табиғаты жағынан монополияға қарсы келеді. Бір жағынан ол, монополияны қалыптастырушы элементтердің сирек және қозғалыс жылдамдығының жоғары деңгейде

болатындығынан монополиялауға аз ұшырайды. Екінші жағынан, тар мамандану және жаңа техниканы пайдалану барысында орта бизнес ірі корпорациялардың монополистік позицияларын бұзатын, қауіпті бәсекелес ретінде көрінеді [4].

Орта кәсіпкерліктің басқа артықшылықтарын айналымдылықтың жоғары жылдамдығымен, құрылыс мерзімдерінің қысқартылуымен, басқаруға арналған шығындардың төмендігімен, ірі капиталды тарту қажеттігінің тиімділігі арқылы айқындауға болады.

Сонымен, кәсіпкерліктің ұсынылған тұжырымының және шағын және орта бизнестің қолдағы бар тұжырымдарын талдау негізінде, шағын және орта бизнестің келесі анықтамасын көрсетуге болады: орта бизнес – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық экономикалық жауапкершілігіне, инновациялық қызметіне негізделген, қаржы қорларының шектелген жағдайларында жұмыс істейтін, қауіпті және белгісіздіктің жоғарғы үлесімен жанасатын, табысты алу мақсатымен өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және меншік иесінің өндіріспен басқару үдерісіне жеке қатысуын талап ететін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жаңарту жүйесі болып табылады [5].

Шаруашылық жүргізудің жаңа формаларын қолданбай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Соның бірі- орта бизнестің дамуы болып табылады. Ел экономикасын дамытуда, нарықты қалыптастыруда, ірі өндірушілер монополиясын шектеуде және бәсекелестікті дамытуда, тауар мен қызмет сұраныстарын қанағаттандыруда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, жұмыссыздық мәселесін тежеуде және жаңа технологияларды енгізуде орта бизнес шешуші фактор ретінде маңызды роль атқарады. Орта бизнес ірі бизнеске қарағанда нарыққа тез бейімді, өзгермелі жағдайларға байланысты икемді, жаңадан жұмыс істеп тұрған өндіріс секторларында жұмыс істеуге қабілетті.

Орта бизнестің мәні мен мағынасын тереңірек ашуымыз үшін, ең алдымен орта бизнесті алып жүруші субъект- кәсіпкер, кәсіпкерлік терминіне тоқталып өтелік.

Экономикалық теориядағы классикалық мектептің көрнекті өкілі А.Смит (1723-1790) кәсіпкерді қандай да бір коммерциялық идеяны өткізіп, пайда алу үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі ретінде сипаттаған [6]. Мұнда ол кәсіпкерлікті өзі жоспарлайды, ұйымдастырады, нәтижесіне өзі ие болады деп атап көрсеткен. Көрнекті ағылшын экономисі Дж.М.Кейнстің пікірі бойынша, кәсіпкер белсенді, тәуелсіз, ұқыпты және өте сақ болуы керек. Одан кейінгі кезеңдерде “кәсіпкерлік”, “кәсіпкер” ұғымдарына көрнекті француз экономисі Ж.Б. Сей (1762-1832), неміс экономисі В.Зомбарт (1863-1941), австриялық экономист Й.Шумпетер (1883-1950) тағы басқалары өзіндік түсініктерін қалыптастырып, кәсіпкерлік туралы экономикалық ілімдерді толықтыруға үлестерін қосты.

Кәсіпкерлік қызмет - жеке тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының тиімді тәсілі. Ол сондай-ақ адамдардың өзіне сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Экономикалық мағынада кәсіпкер ірі өндірістік немесе құрылыс жобаларын басқарушы.

Кәсіпкердің іс-әрекеті өзінің еңбек шығындарына немесе жалдамалы еңбекті пайдалануға негізделеді. Орта бизнесті жүргізушілер экономикалық мүддені білдіреді, сонымен қатар оған қатысушылар міндетті шарт жасасып ұйымдастырылады. Мұндай бизнес түрі- *ұжымдық* деп аталады. Жеке кәсіпкерге қарағанда жауапкерлігі шектеулі серіктестіктер көптеген мәселелерді шеше алады. Кәсіпкерлердің потенциалдық мүмкіндіктерін толық бағалау үшін олардың субъектілерін номиналды және нақты деп бөлудің маңызы зор. Номиналдыға кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы жатады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда, оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез-келгенінің қолынан келе бермейді.

Кәсіпкерліктің объектісі- адамның белгілі қызметі. Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет. Бірақ ең бастысы- әр кәсіпкер оның тек өзіне тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, осы себептен кәсіпкерлердің ең басты мақсаты- өз кәсіпорынының пайдасын барынша жоғарылату немесе шығындарын барынша азайту болып табылады. Ал, кәсіпкердің табысы көбіне оның бизнесті ұйымдастыруына тікелей байланысты. Қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып қалмас үшін өндіріс факторларын жүйелеудің жаңа жолдарын іздейді, яғни, бұл кәсіпкерліктің ең басты мақсаты [7].

Сонымен, кәсіпкерлік- жаңа мүмкіндіктерді іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсаудың тиімді салаларын іздеу арқылы жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, өндірістің жаңа түрін ашып, дамыту, тауарлар мен қызметтердің жаңа түрлерін шығару мақсатында ұйымдастыру құрылымдарын өзгерту, сонымен қатар оларды жаңарту және өркендету. Демек, нақты өмірде кәсіпкерліктің объектісі- новаторлық, жаңашылдық мағынадағы ерекше өндіріс және айырбас пен бөлудің түрлі факторларын жүйелеу болып табылады.

Елімізде отандық орта бизнестің белсенді дамуы 1992-1993 жылдары басталды. Осы бірнеше кезең ішінде мемлекеттің меншігі бірте-бірте жеке меншікке ауысты. Олар әртүрлі шаруашылық ассоциациялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар формаларында қайта құрылды.

Елімізде кәсіпкерлікті дамытуды арттыру үшін экономикалық, әлеуметтік, құқықтық базаны құрып, оларды одан әрі жетілдіру керек. Қазақстан Республикасында қалыптаса бастаған жалпы кәсіпкерлік қызметті төрт түрге бөліп қарастыруға болады. Олар:

-өндірістік- оның ішінде инновациялық, ғылыми-техникалық жаңалықтарға сай тауар өндіру, қызмет көрсету және басқалар.

-коммерциялық- сауда-саттық, делдалдық, сауда үйлері, тауар биржалары және т.б.

-қаржылық- банктік, сақтандыру, аудиторлық, лизингтік, қор биржалары және т.б.

-кеңес берушілік- басқармалық, әкімшілік, маркетингтік, ақпараттық, кадрларды дайындау және т.б.

Біздің республикамызда қаржылық кәсіпкерліктің банктік түрімен тек қана банктер ғана айналыса алады.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикаға белсенді қатысушылары- орта бизнес субъектілері- кәсіпкерлер, жеке адамдар екендігі белгілі. Республикамызда орта бизнестің дамуына жан-жақты жағдайлар интенсивті түрде жасалынууда. Ал, оларға жекеше тоқталсақ, меншікті жекешелендіру бағдарламасының жүруі, ол өз кезегінде орта бизнестің дамуының нағыз экономикалық негізі екенін есімізге алайық. Кәсіпкер шағын және орта бизнес субъектісі ретінде оның іс әрекеті әр кезде де бергілі бір бағытта ұйымдастырылады және оның нақты нысандары бар. Кәсіпкерліктің шаруашылықты жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілері бар. Оның ішінде негізгісі- шарушылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Олардың дербестігі нарық механизмі әрекетін қамтамасыз ететін тәртіпті қалыптастырады. Кәсіпкерліктің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыру және оларды нарықта кәсіпкердің ойлағанындай өткізе алу құқығын береді. Материалдық ресурстар мен ақша капиталының иелері бұларды өз қалауынша пайдалана алады.

Әрбір қызметші өзі істей алатын еңбекпен айналысуға құқығы бар. Кәсіпкерлікке тән тағы да бір сипат- шаруашылық жүргізудегі тәуекелге бел бууы. Іске кірісер алдында болашақ тәуекелдерді болжап білу және оны шеше алуы [8].

Бүгінгі күні орта бизнесті дамыту үшін мемлекет тарапынан түрлі жаңа қадамдар жасалынууда. Орта бизнестің жоғары деңгейде қызмет етуін ұйымдастыру үшін конструктивтік бизнес- идея, тиімді басқару (менеджмент) және қаржының жеткілікті болуы шартты жағдай.

Шаруашылық жүргізуінің жаңа формаларын қолданбай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Соның бірі- орта бизнестің дамуы болып табылады. Орта бизнес ел экономикасын дамытуда, нарықты қалыптастыруда, ірі өндірушілер монополиясын шектеуде және бәсекелестікті дамытуда, тауар және қызмет сұраныстарын қанағаттандыруда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, жұмыссыздық мәселесін шешуде және жаңа технологияларды енгізуде орта бизнес шешуші фактор ретінде маңызды рөл атқарады.

Орта бизнестің Қазақстан Республикасында қалыптаса басталуы мен дамуы тауарлы нарықтың жеке кәсіпкерлік іс-әрекеттің кең ауқымға дамуымен байланыстыруға болады. Әрине мемлекетіміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, нарық экономикасына бет бұруының өзі елде кәсіпкерлік пен орта бизнеспен

айналысуға жағдай жасайды. Кейіннен Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасуы кооператив түрінде көрініс тапты. Оған негіз болған 1988 жылғы «Кооперация туралы» заң экономиканың мемлекеттік және ұжымшаралық кооперативтік секторлардың тең құқықтық әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталды [6].

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес халықтың әлеуауқатының төмендеген кезінде, ел экономикасы макроэкономикалық дағдарысқа ұшыраған кезінде де өміршең күй танытты. Елдегі объективті және субъективті қиындықтар оның динамикалық дамуына кедергі етуде. *Объективті қиындықтары*, экономиканың жаппай дағдарысқа ұшырауынан, бюджет тапшылығы, қаржылық ресурстар жетіспеушілігі, орта бизнестің кең көлемде қарқын алуына кедергі етуде. Мемлекет өз тарапынан бизнесті дамытуда қолайлы климат жасауы, заңдық –нормативтік актілерді жолға қоюы, шетелдік және отандық инвесторларды орта бизнесті дамыту жолында капитал құюына тартуы, шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту бағдарламаларын қолдайтын макроэкономикалық саясатты жасауы қажет.

Субъективті негіздегі қиындықтарға қоғамның сана сезімінде қалыптасып қалған пайда табу, табыс алу, бай болу әрекеттерінде әлі де болса, психологиялық жағынан дайындық жоқ.

Кесте 1 - 2005-2013 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы орта және шағын бизнестің ЖІӨ үлесі, пайызбен

Жылдар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
ШОБ ЖІӨ үлесі,%	17,8	17,5	20,4	18,6	20,4	20,2	17,5	18,1	18,0

Ескерту-[9] материалдар негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыдағы кестелерде көрсетілгендей осы жылдарда кәсіпкерлікті, соның ішінде орта бизнесті қолдау мен дамытуға көптеген мемлекеттік бағдарламалар жасалынды және қабылданды. Кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын талдау оларды іске асыру республикада кәсіпкерлік секторды қалыптастыруға және дамытуға оң әсер еткенін көрсетті.


Кесте 2 - 2005-2013 жылдар Қазақстан Республикасындағы ШОК-тың өсу динамикасы, мың бірлік

Жылдар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Кәсіпорындар саны	504,8	570,0	640,9	703,8	659,2	652,9	837,1	753,8	786,6
Өсу қарқыны, %	113	111	99	116	104	110	107	105	105

Ескерте - [10] көз негізінде автормен құрастырылған

Алғашқы «1992-1994 жылдардығы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» жасау

республиканың экономикасын дамытуға монополиялық әсер ететін ұйымдық-басқару құрылымдары, банктер, мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялары және шаруашылықтың басқа да түрлері сияқты мемлекеттік секторларды коммерциялауды және монополизациясыздандыруды жүргізу жолымен жеке кәсіпкерліктің негізін қалауға мүмкіншілік берілді.



Сурет 1 - 2013 жылғы екінші деңгейлі банктердің орта кәсіпкерлікке экономика салалары бойынша несиелері

Ескертпе-ҚР Ұлттық банкінің №3 2014 жылғы статистикалық бюллетені мәліметтері бойынша құрастырылған, (%)

Орта бизнесті дамытудың түйінді мәселерінің біріне оны мемлекет тарапынан қолдау жататыны белгілі. Барлық дамыған елдерде үкімет орта бизнесті дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын дайындаған.


Қазақстанда орта бизнесті қолдау шараларын жүзеге асыру батыл қадамдар жасауға мүмкіндік туғызды деуге болады. Заң шығарушы және атқарушы органдар орта бизнесті дамытуға көп көңіл бөлді. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, бірқатар заң актілерінде және тағы басқа экономикалық реформаларды тереңдету құжаттарында бейнеленді. Осы жылдар аралығында орта бизнесті қаржы-экономикалық және ақпараттық қолдау салаларында және оның инфрақұрылымында оңтайлы өзгерістерге қол жеткізілді.

Мемлекеттік органдардың бақылаушылық және қадағалаушылық қызметтерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Орта кәсіпкерлік субъектілерінің іс-әрекеттеріне заңсыз араласуға жол бермеу және мақсатында бақылаушылық және қадағалаушылық органдар кезекті тексерулерін жүргізер алдында олардың прокуратура органдарынан тіркеуден өту ережелері жасалынды және бекітілді.

Орта кәсіпкерлік бойынша іс-әрекетті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталынған Республикалық ақпараттық-жәрмеңкелік орталық құрылды.

Орта бизнесті салалық қолдауды жүзеге асырылатын шаралар қабылданды. Орта кәсіпкерлікте шығынсыздық пен рентабельділік шегін есептеу тауардың өмірлік циклін бағалауда қолданылады. Өзіндік өмірлік

циклда тауар екі шығынсыздық шегі мен екі рентабельділік шегінен өтеді. Орта бизнесті жүргізуде ең негізгі мақсат пайда табу болып табылады, неғұрлым пайда алу жағдайы жасалынса, соғұрлым орта кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасалынады.



Сурет 2- Тауардың өмірлік циклы

Ескертпе-[11] көз негізінде автормен құрастырылған

Аралық маржа теріс болатын жағдайда , яғни, тауар өзінің түсімімен тікелей өзгермелі мен тікелей тұрақты шығындарын өтей алмаса, тауарды ассортименттен алып тастау қажет, бұл өз кезегінде орта кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайды.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы орта кәсіпкерлікті жедел дамытуға бағытталған және оның негізгі мақсаттары және міндеттері институционалдық шарттарды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталынған, шағын және орта бизнес субъектілерінің іс-әрекеттерін максималды кеңейтуге және олардың әрекеттерін жетілдіруге бағытталған болып табылады.

Орта бизнесті дамытудың қазақстандық моделінің ерекшелігі келесілер болып табылады:

-кәсіпкерлердің әртүрлі мақсаттарын және мотивацияларын, шарттарын ескере отырып, орта бизнесті сегменттеу арқылы мемлекеттік қолдаудың бағытын анықтау, ол үшін алдымен кәсіпорындарды микро, шағын және орта топтарға заңды түрде бөліп алу;

-орта кәсіпкерлікті шаруашылық-кооперациялық жүйеден жоғарғы технологиялық деңгейдегі ірі кәсіпкерлікке өту мақсатында корпоративтік басқару қағидаларын тәжірибеде қолдануды кеңейту;

Сөйтіп, өңдеуші салалардағы орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдауда салықтық, несиелік сияқты қаржылық тетіктерді кеңінен пайдалану қажет.

1.2 Қазақстанда орта бизнесті дамытудағы мемлекеттік қаржылық реттеудің рөлі

Орта бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік саясаты экономиканың әртүрлі салаларында кәсіпкерліктің даму болашағын айқындап отырып кәсіпкерлердің әртүрлі топтарына қаржылық қолдау көрсету.

Қаржылық саясатты анықтауда шағын және орта бизнестің нақты қажеттілігін ескеру қажет.

Нәтижесінде шағын және орта бизнестің қаржылық жағдайын жақсартатын құқықтық және экономикалық климат құрылатын болады, ал ұзақ мерзімдік болашақта ЖІӨ шағын кәсіпкерліктің үлесін дамыған елдердің деңгейіне жеткізу негізгі мақсат болып табылады [12].

Кесте 3- Кәсіпкерлік субъектілерін сыныптау критерийлері

Жеке кәсіпорын субъектілері	Орташа жылдық жұмысшылар саны	Орташа жылдық активтер құны
Шағын кәсіпорын	50 адамнан көп емес	600000 АЕК аспайды
Орташа кәсіпорын	50 адамнан көп, бірақ 250 адамнан аспайды	325000 АЕК аспайды
Ірі кәсіпорын	250 адамнан асады	325000 АЕК асады

Ескертпе- ҚР Азаматтық кодексі негізінде құрастырылған [12].

Қазақстан Республикасында рыноктық экономикаға белсенді қатысушылары орта бизнес субъектілері болып табылады. Республикамызда орта бизнестің дамуына жан-жақты жағдайлар интенсивті түрде жасалынууда. Ал, оларға жекеше тоқталсақ, меншікті жекешелендіру бағдарламасының енгізілуі, ол өз кезегінде шағын және орта бизнестің дамуының нағыз экономикалық негізі болып табылады. Кәсіпкер орта бизнес субъектісі ретінде өзінің іс-әрекетін әр кезде де белгілі бағытта ұйымдастырады және оның нақты нысандары бар.

Кәсіпкерлікті шаруашылықты жүргізу тәсілі ретінде бірнеше жалпы белгілері бар. Оның ішінде негізгісі- шаруашылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Олардың дербестігі нарық механизмі әрекетінің қамтамасыз ететін тәртіпті қалыптастырады. Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыруы және оларды нарықта кәсіпкердің ойлағанындай өткізе алу құқын береді. Материалдық ресурстар мен ақша капиталының иелері бұларды өз қалауынша пайдалана алады. Әрбір қызметші өзі істей алатын еңбекпен айналысуға құқығы бар.

Орта бизнес- экономиканың тиімді де қомақты секторы. Оның аясында жалпы ішкі өнімнің үлес салмағы артып, экономикалық тұрғыдан жұмысқа жарамды тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етіледі.

және ажырамас бөлігіне айналуына қол жеткізілді, ол үшін мемлекет қажетті жағдайларды жасады.

Экономикасы жаңа дамып отырған елдер үшін орта бизнесті жандандыру шешуші рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызмет бұл елдер үшін дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сара жол болып отыр. Оның аясында жалпы ішкі өнімнің көлемі ұлғайып, экономикалық тұрғыдан жұмысқа жарамды тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Дегенмен, зерттеу барысында орта бизнес алдында тұрған проблемалардың жеткілікті екендігі анықталды және олар терең ғылыми ізденісті талап етеді. Орта бизнестің дамуына кері әсер ететін бірқатар факторларды 4 кестеде көрсетілгендей топтауға болады.

Кесте 4 – Орта бизнестің дамуына кері әсер етуші факторлар

Кедергілер	2012	2013
1. Салық саясаты	2	1
2. Жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы	1	2
3. Несие саясаты	4	3
4. Өнімді өткізу мәселесі	–	4
5. Шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі	5	5
6. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл	3	6
Е с к е р т п е – [14] негізінде құрастырылған		

Келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай Қазақстан нарығында орта кәсіпорындардың тиімді қызмет етуіне кедергі болып отырған мәселелердің бірі – салық саясаты. Қазақстандағы орта бизнесті дамыту факторларын атайтын болсақ онда мына төмендегі жағдайды көруге болады. Аталған мәселелерді салық заңнамасында шешу үшін мыналар қажетті болып келеді:

– жаңа өндірістік – инновациялық кәсіпорындарға салық салудың жеңілдетілген режимін енгізу;

– өндірістік сектордағы кәсіпорындардың несиені өтеу кезінде салық салу процедурасын қайта қарау;

– ынталандырушы салық режимін орындау жолымен орта бизнеске жанама қаржылық талдау көрсету;

– салық саясаты орта кәсіпкерлік субъектілер санының өсуін ынталандырушы, жұмыс орындарының өсуіне, өндірілген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің экономикалық реттеушісі болуы керек.

Орта бизнес субъектілерінің жұмысына кедергі болатын мәселелердің екінші түрі – жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы. Яғни, АҚШ доллары бағамының тез өзгеретіндігі, макроэкономикалық жағымсыз өзгерістерге байланысты инфляция және жоғары тәуекелдер, әлемдік қаржы дағдарысының орын алуы және т.б.

Үшінші орында кәсіпкерлер несиені алу кезінде туындайтын қиыншылықтар мәселесі. Орта кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп отырған

бұл мәселе субъектілердің өзінің инвестициялық және айналымдағы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады. Республика бойынша орта бизнес субъектілермен жүргізілген анонимді сауалнаманың мәліметтері бойынша, орта бизнестің алдында тұрған ең негізгі мәселе-несиелік ресурстарға шығу жолының қиындығы [15].

Төртінші мәселе – шикізатпен қамтамасыз етілуі мен өнімді өткізуі. Өнімді өткізу кезінде қиыншылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі – бәсекелестік ортаның жоғарылығы. Орта кәсіпкерліктің дамуына кері әсер ететін басқа да факторлар орта кәсіпкерліктің қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамадағы нормалардың жетілдірілмеген және кей жағдайда нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедергілерді ұлғайтуға әкеледі.

Қазақстанда орта бизнесті дамытудағы мемлекеттік қаржылық реттеу - бұл макроэкономикалық тепе-теңдікте және экономиканың жүзеге асуының әрбір нақты кезеңінде оның үдемелі дамуына әсер етуі үшін, сондай-ақ қаржы ресурстарын тиімді пайдаланудың күнделікті процесін қамтамасыз етуі үшін орта кәсіпкерлік саласында қызмет ететін шаруашылық жүргізуші субъектіге мемлекеттің қаржылық ықпал жасауының мақсатты нысандары мен әдістерінің жүзеге асырылуы.

Мемлекеттік қаржылық реттеуді жүзеге асырудың алғышарттарына келесілер жатады:

1. Қоғам дамуының объективті экономикалық заңдарының іс-қимылын есепке алу. Қаржылық реттеу үрдісі шаруашылық тәжірибеде қаржылық саясат мен оның механизмінің субъективті бағыты бойынша жүзеге асырылады. Бұл саясаттың шаралары шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне толық есеп жүргізу барысында ескеріледі.

2. Қоғамның дамуының ғылыми- негізделген стратегиялық бағдарламасын әзірлеу. Бағдарлама мемлекет пен оның төменгі құрылымдарының нормативтік актілерін қамтамасыз ететін тұтас, ұзақ мерзімді бағыт ретінде анықталады және кездейсоқ күтпеген жағдайларда тактикалық сипаттағы түзетулер енгізіледі.

3. Көзқарастарды білдіретін демократиялық жүйенің болуы. Бұл халықтың барлық жіктеріне, әлеуметтік, ұлттық және маманданған топтарға өз көзқарастарын еркін білдіруге мүмкіндік береді.

4. Мемлекетте нақты заңнамалық жүйенің қалыптасуы. Заңдылықты жүйе қоғамның дамуына сәйкес қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

2013 жылы сұраққа жауап берген респонденттердің қаражат және қызметті үнемі пайдалануы бойынша 12% -ы банк несиесін қолданады, бірнеше рет банк несиесін пайдаланушылар үлесі 23,7%, ал 1 рет пайдаланғандар саны 22,4% болды. Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының қаражаттарымен пайдаланған кәсіпкерлер үлесі: үнемі пайдаланушылар 0,3%, бірнеше рет пайдаланғандар – 4,3%, ал бір рет пайдаланғандар үлесі – 10,7% құрады.

Кесте 5 - Қаржыландырудың әр түрлі көздерін пайдалану

Қаржыландыру көздері	Қаржыландыру бойынша, 2012 қаражатты пайдалануы бойынша үлес салмағы, % түрінде				Қаржыландыру бойынша, 2013 Қаражатты пайдалануы бойынша үлес салмағы, % түрінде			
	Үнемі	Бірнеше рет	Бір рет	Бір ретте емес	Үнемі	Бірнеше рет	Бір рет	Бір ретте емес
Банк несиесі	25,1	29,4	22,2	23,2	12	23,7	22,4	41,8
Венчурлік қаржыландыру	5,1	12,0	6,1	76,7	0,8	1	3,3	94,9
Қаржы лизингі	6,9	11,5	12,5	69,1	0,5	2,3	5,9	91,3
Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының қаражаттары	6,6	12,5	14,0	66,9	0,3	4,3	10,7	84,7
Лизингі	6,7	7,4	10,5	75,4	1,8	3,6	7,1	87,5
Микронесиеу ұйымы	5,6	10,7	14,2	69,5	2,8	7,4	8,9	80,9
Өзара несиелендіру ұйымы	5,4	10,3	8,8	75,6	0,8	3,3	5,9	90,1
Ломбард	7,1	6,7	7,6	78,6	1,3	7,7	12,5	78,6
Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры	4,6	5,5	6,2	83,6	-	-	-	-
Ескертпе- [16] ҚР Статистикалық Агенттігінің мәліметтері негізінде автормен жасалды								

Орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың әртүрлі көздерін

Микронесиеу ұйымының қызметімен пайдаланған кәсіпкерлер үлесі: үнемі пайдаланушылар 2,8%, бірнеше рет пайдаланғандар – 7,4 %, ал бір рет пайдаланғандар үлесі – 8,9 % құрады.

Ломбардтардың қызметімен үнемі пайдаланушылар 1,3%, бірнеше рет пайдаланғандар – 7,7%, ал бір рет пайдаланғандар үлесі – 12,5% құрады.

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорының қаражатымен, венчурлік қаржыландырумен, жабдық лизингімен, жаңа үдемелі технология және өзара несиелендіру ұйымының қызметімен қаржыландыру үлесі төмен дәрежеде, яғни осы қаржыландыру көздерінің дамуы төмен.

Қоғамның даму процессінде әлеуметтік-экономикалық жүйедегі салықтардың атқаратын рөлі күн өткен сайын жаңа нысанға айнала отырып, артып келеді.

Кесте 6-Орта бизнесті қаржыландырудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы swot талдау матрицасы

Артықшылық тары	Кемшіліктері	мүмкіншілікте р	Қауіптілік
Банктік несиелеу			
-Кәсіпорындардың қажеттілігіне сай бағдарламалар; -негізгі қорларды және айналмалы қорларды толтыруға арналған несиелер (овердрафт)	-несие алуға кепілдік беру; -жоғары пайыздық ставкалар; -көп құжаттар; - start-up жобасын несиелемейді	-несиенің пайызын несиелеу; -басқа қорлардың кепілдігін алу; -есептің сапасын арттыру	-қаржылық тұрақтылықты төмендету; -контрагенттердің дер кезінде өз міндеттемелерін өтемеу; -банкроттық қатері;
Лизинг			
-шегерімдерге лизинг төлеу шығындарын кіргізу өз кезегінде тауардың өзіндік құнының төмендету; -кепіл ретінде лизинг шартындағы мүлік қарастырылады; -жылдам амортизацияны пайдалану	-лизинг жүйесі кейбір кәсіпорындарға кедергі келтіреді;	-лизинг төлеу бойынша пайызды субсидиялау; Моральдық және физикалық тозуға жол бермейді	-лизинг келісім шарты бойынша міндеттемелерді орындамау
Факторинг			
-айналмалы қорларды толтыру; -кепілдік бермей несиелену; -несие алуға құжаттардың аздығы	-факторингтік операциялардың аздығы Қазақстанда небәрі 2,6% болып отыр	-бизнестің өсуіне мүмкіндік беру;	Өте қиын тарифтік жоспарлар
Мемлекеттік қаржыландыру			
- start-up және қызмет етіп жүрген кәсіпорындарға қайтарымсыз қаржы алу мүмкіндігі; -	-бюджет қаражаттарының аздығы;	-кепілдіме беру мүмкіндігі; -бағдарламалар тек қана қаржыландыруға емес, сондай ақ білікті мамандармен қамтамасыз ету ді қамтиды	-бюджет қаражаттарын тиімсіз пайдалану
Ескертпе- [17] дерек көзі негізінде дайындалған.			

Бұл әсіресе нарықтық қатынастардың қалыптасып дамуы жағдайындағы экономикадағы өрлеу кезеңдеріне тән нәрсе, өйткені салық салу жекелеген тұлғалардан бастап мемлекетке жеткенге дейін оның барлық деңгейіндегі әлеуметтік процесстерге әсер ете алатын бірден бір макроэкономикалық құрал болып табылады. Бұдан да басқа, халықаралық экономикалық қарым қатынастардың ұлғаюуына байланысты салық жүйесі белгілі бір жекелеген елдердің ішкі жұмысы болудан қалды. Осылайша, салық салудың бір жағынан шаруашылық байланыстарға терең бойлауы, екінші жағынан оның жалпылығы қазіргі кезде салықтардың атқаратын рөлінің жан-жақты қанат жаюына жағдай жасап отыр.

Егер салықтардың қажеттілігі мемлекеттің саяси, экономикалық қала берді, әлеуметтік мақсаттары мен міндеттерінен туындайтынын білсек, онда салықтардың әлеуметтік процеске әсер ету мүмкіндігінің бар екендігі көптеген жағдайларда ескерілмегендігін байқауға болады. Сонымен бірге, берілген анықтамаларда мемлекет өз қызметін жүзеге асыру барысында мәжбүрлеуші, ал халық шарасыздықтан салық төлейтін мәжбүрленуші тұлға ретінде көрініп отыр. Сондықтан, салықтарды қоғамның, сол арқылы ондағы тұрғындардың өмір сүруіне қажетті қаражат көзі деп қарау керек және нарық субъектілері (заңды және жеке тұлғалар) оны ерікті түрде, қиналмай төлеуі керек.

Ал, «салық салу» ұғымына келетін болсақ, көптеген отандық және шет мемлекеттік экономикалық ғылымдарды оқып-біліп, салыстырмалы түрде талдай келе, салық салуға қатысты өзіндік анықтама беруді дұрыс деп таптық, оған себеп:

- көптеген экономистермен «салық салу» ұғымына анықтама берілген кезде, ол салық сомасын өндіріп алу процесі ретінде қарастырылады;

- салық салу тек қана салық міндеттемесімен және құқықтық мәжбүрлеумен ғана байланысты қаржылық қатынастарды білдіреді;

- салық бөлу функциясын атқара отырып, қаржы жүйесінің барлық буынында маңызды рөл атқарады, сондықтан оны кең мағынада қарастыру қажет;

- қазіргі кезде еліміз әлеуметтік бейімделген нарықтық экономиканың даму жолын таңдаған болса, әлеуметтік бейімделу деңгейін көрсететін (әлеуметтік бейімделген дамыған мемлекеттерде ЖІӨ-дегі салықтық түсімдердің үлесі 30-40 пайызды құрайды) салық жүйесіне, салық салу процесіне әлеуметтік тұрғыдан анықтама беруге негіз бар.

Жоғарыдағы тұжырымдарды ескере келе, біздіңше, «салық салу дегеніміз – нарық субъектілері мен қоғам арасындағы заңды түрде бекітілген салықтарды төлеу бойынша конституциялық міндеттерді орындау кезінде туындайтын әлеуметтік қатынастар жиынтығы» [18].

Рыноктық экономикада шағын және орта бизнесті дамытудың негізгі жолдарының бірі- салықтық реттеу болып табылады. Салық салудың түрлі проблемаларын зерттеу саяси экономика классиктерінің еңбектерінде көрініс тапты. А.Смиттің пікірі бойынша “Салықтар- бұл халықтардың өздерінің табыстары арқылы мемлекеттің міндеттеріне байланысты шығындарды жабуға

арналған мемлекеттік табысты қалыптастыруға қатысудың бір тәсілі болып табылады” [6].

Салықтардың экономикалық мәні ең бірінші Давид Рикардоның еңбегінде зерттелген болатын. “Салықтар – деп жазды ол, -үкіметтің билігіне өтетін елдің өнімдері мен еңбектерінің бір бөлігін құрастырады және олар үнемі соңғы табысы мен капиталынан төленіп отырады” [19].

Қазақстан Республикасының салық кодексінде салықтарға мынадай анықтама берілген: “Салықтар- мемлекет пен заңды түрде бекітілген белгілері бір мөлшерде, қайтарылмайтын және қайтарымсыз түрде сипатталатын, бюджетке төленетін біржақты міндетті ақшалай төлемдер” [20].

Экономикалық категория ретінде, салықтар шаруашылық жүргізуші субъектінің және жеке тұлғалардың мемлекетпен арасындағы туындайтын қаржылық қатынастардың жиынтығы.

Шумпетер өзінің саяси-әлеуметтік теориясын ұсынды. Онда ол, салық саясаты тек қана фискалды саясатты көздемеу керек, саяси-әлеуметтік мақсатты орындауы керек екенін атап көрсетті: “салық салу қаржылық саясатпен қатар”- деп жазды ол өз еңбегінде, - басқа да мақсатты көздемейді: салық көмегімен кез-келген қоғамда байлықты адамдар арасында теңдей бөлінуін қамтамасыз етуге болады. Ойын жалғастыра келе ол салық тек қана фискалды құрал емес шаруашылыққа тікелей әсер етудің құралы деп жазды [21].

Теориялық зерттеулер мен Қазақстанның және басқа шет елдердің тәжірибесі рыноктық экономиканың қалыптасуында және оның тиімді қызмет етуінде мемлекеттің орасан зор рөлінің басым екенін көрсетіп отыр. Мемлекеттік реттеу факторлары кешенінде салық салудың рөлі ерекше. Салықтар фискалдық функциясы арқылы мемлекет қазынасын толықтырудың негізгі көзі болып табылады. Олардың басқа негізгі функциялары экономиканы мемлекеттік реттеуден көрінеді. Салық саясатының құралдарымен мемлекет экономикалық өсуді ынталандыра отырып, шаруашылық конъюктурасының жағдайына әсер етеді.

Салық ауыртпалығының дәрежесі мемлекеттің өз функциясын орындау үшін керекті табыстарды алу мүддесін де, сонымен қатар іскерлік белсенділік деңгейінің субъективті факторы болып табылатын өндірісті дамыту мен кәсіпкерліктен пайда табудағы салық төлеушілердің де мүдделерін ескеруі қажет. Салық салу процесінде екі жақтың да мүддесі ескерілетін салық ауыртпалығының тиімді мәні туралы сұрақ туындайды. Бірақ тиімді салық салу шегінің қайда жатқанын нақты айту қиын. Француз философы Ш.Монтескье өз уақытында салықтар туралы «қол астындағылардан қай бөлігін алып, қанша бөлігін қалдыру өте зор ақыл мен даналықты талап етеді» деген.

Он тоғызыншы ғасырдағы орыс экономисі Н.Н.Янжул салық ауыртпалығы туралы мәселені қарастыруда «салықтық мәселелердің барлығы салық салудың екі шарасы мемлекет қажеттілігі және азаматтардың мүлкітік қабілеттілігі арасында туындап, жүзеге асады» деген. Осы екі бастаудың күресі қаржы тарихында үлкен із қалдырған дейді. Кейіннен С.Ю.Витте «мемлекет салықтар көмегімен өз иелігіне азаматтардың мүлкінің қайсібір бөлігін алу

құқығында, өз саясатында белгілі бір этикалық, экономикалық бастауларды негізге алу керек, керісінше болса, халыққа аса ауырлық түсіре отырып ол, өзінің өмір сүру мәнін жоғалтар еді» деп көрсеткен.

Нақты бір салық жүйесінің оптималдылығы оның жүзеге асуы салық салу процесінің екі жағы мемлекет пен төлеушілер мүддесі арасындағы ымыра бола ала ма, жоқ па осыдан көрінеді. Тиімді құрылған салық жүйесі қаржы ресурстарымен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметке стимулын да түсірмеуі керек, шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттырудағы жолдарды ізденудеге кедергі келтірмей, керісінше іскерлік белсенділікті көтеруі керек.

Көптеген ғалымдар қазіргі таңда орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін шектен тыс салықтар бекітілген деп айтып көрсетеді. Салықтық құжаттамаларды дайындауға көп уақыт кетеді, өйткені әртүрлі деңгейдегі салықтардың әр түрлері бойынша жекелеген қағаздар дайындайды. Мұның бәрі кәсіпкерлік қызметті көлеңкелі секторға итермелейді.

Орта бизнес кәсіпкерлерінің қызметін қаржылық реттеуде салықтар екі жақты рөл атқарады. Біріншіден, салықтар мемлекеттің жасалған құнның бөлігін өзіне иемденудің әдісі болып табылады және мәжбүрлеу сипатына ие. Мемлекет қосылған құнның маңызды бөлігін салықтар арқылы өз қолына шоғарландырады және өз кезегінде инфрақұрылымды дамытуға қаржы бөледі.

Екіншіден, салықтар бүкіл халық шарушылығы масштабында орта бизнесті дамытуды реттеудің ең маңызды құралы болып табылады. Салықтар реформасында алынатын қосылған құнды бөлудің мәжбүрлеу әдісі мемлекетке кәсіпкердің экономикалық мүдделеріне әсер ету үшін олардың бөлінетін құнның бір бөлігін тікелей алуға мүмкіндік береді. Салықтардың түрлерін, салық салу субъектілері мен объектілерін, салық базасын, салық ставкасын, жеңілдіктер мен санкцияларды белгілей отырып, салық салу талаптарын өзгерте отырып мемлекет орта бизнесті бір бағытта ынталандыруға жағдай жасайды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы, кәсіпорынның қалыпты өзгерістік коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстарын қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және төлеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсылығын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы- бұл тәуелділіктің мүмкінгі болатын деңгейінде төлем қабілеттілігімен және қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру кезінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсету және қаржы ресурстарының жағдайына мазмұндама беру.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі маңызды факторларының бірі – қаржыны басқарудың стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалуы.

Кәсіпорынның аз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табысы қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзінің жайын сезіне алады.

Сонымен бірге тек таза табыстың көлемі ғана емес, сонымен қатар оның құрылымы, әсіресе өндірісті дамытудағы рөлін қарастыру қажет.

Кесте 7 - Орта бизнеспен айналысатын кәсіпорындардың салалар бойынша 2012-2013 жылғы ROA, ROE көрсеткіштері

Салар бойынша	2012						2013					
	ROE, %	ROA, %	Сағу рентабельдігі, %	Активтердің айналымдылығы	Капитал мультипликаторы	Активтердегі үлесі, %	ROE, %	ROA, %	Сағу рентабельдігі, %	Активтердің айналымдылығы	Капитал мультипликаторы	Активтердегі үлесі, %
Ауылшаруашылығы	5,38	1,41	2,68	0,53	3,80	3	5,45	2,61	2,52	0,42	4,10	2,5
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	77,15	45,06	55,61	0,81	1,71	22	87,15	47,16	53,72	0,92	2,11	21,9
Өңдеуші өнеркәсіп	43,0	21,72	22,57	0,75	1,98	14	53,0	29,62	21,97	0,69	2,01	15,3
Құрылыс	37,55	3,43	4,04	0,85	10,95	13	43,55	4,43	3,99	0,91	11,01	13,1
Сауда	23,29	3,76	2,57	1,46	6,19	22	33,49	5,66	2,77	1,53	5,99	20,1
Көлік және байланыс	20,29	10,66	16,41	0,65	1,90	13	21,35	9,56	17,11	0,81	1,99	13,6
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау,	31,70	6,08	31,49	0,19	5,12	13	43,70	6,12	32,11	0,28	4,25	13,5
Ескерпе- КРҰБ, ҚРСА материалдары негізінде дайындалған [9]												

Сауда мекемелерінің активтерінің айналымдылығы өте жоғары, сондықтан да банктер өңдеуші кәсіпорындарға қарағанда сауда мекемелеріне несие ресурстарын көбірек береді.

Ірі және орта, сондай-ақ шағын кәсіпорындар арасындағы жағдай да біркелкі бөлінген жоқ. Атап айтқанда, 2011-2012 жылдардағы рентабельділіктің айтарлықтай ұлғаюы кезеңінен 2012 жылғы нәтижесі бойынша капитал мен активтердің рентабельділік көрсеткіштерінің аздап сауыққандығы байқалады.

Қаржылық өсуді қамтамасыз ету үшін оған сәйкес кеңейтілген ұдайы өндірісті қаржыландыру көздерін алдын-ала қарастыратын қаржылық стратегия қажет.

Кез-келген орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорынның қазіргі кездегі негізгі мақсаты – неғұрлым жоғары пайда табу және ол капиталды тиімді басқарусыз мүмкін емес.

1.3 Орта бизнес субъектілерін қаржылық реттеудің шетелдік тәжірибесі

Әр түрлі елдердің статистикалық мәліметтерін жинақтай келе, салық ставкаларының төмендеуі өндірістің өсуі мен кәсіпкерлікті ынталандырады, яғни салық салу базасын да кеңейтеді деген қорытынды жасаған. Анағұрлым төмен ставка болса мемлекет кірісі көбірек болады, өйткені жоғары салықтар өндірісті қысады, кәсіпорынның айналым қаражаттары мен инвестицияны шектейді. Бұл заңдылық Лаффер қисығында көрсетіледі. Қисықтың негізгі идеясы шекті салық ставкалары жоғары болған сайын индивидумдардың салықтан жалтаруға деген ынтасы күшейе береді. Өйткені адамдар салық төлеу үшін жұмыс жасамайды.

Германияда шағын және орта кәсіпорындар саны 3,3 млн құрап, салық төлеуші кәсіпорындардың 99% алып отыр. Бұл кәсіпорындар Германиядағы жұмыс орындардың 40% және айналымнан түсетін салықтардың түсімінің 45% қамтамасыз етеді. Дүниежүзінің өнеркәсібі дамыған елдері шағын және орта бизнестің даму деңгейі ел экономикасының жетістігіне тікелей байланысты екендігін анық біледі. Осы елдердегі шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі алатын үлесін 5 кестеден көре аламыз [22].

Кейде орта бизнесті анықтау барысында кәсіпорындағы жұмысшының сандары қолданылады.

- Данияда қарамағында 10-ға жуық адамдар болса, ол шағын бизнеске жатқызылады;

- Ирландияда жалдауында 50-ге жуық адам болса, ол шағын бизнеске арналған, 250-ге адамдар орта бизнеске арналған;

Кәсіпорынның жылдық жиынтық айналымының мөлшері, олардың кең тараған белгісі болып табылады.

Кесте 9- Дамығын елдердің экономикасындағы шағын және орта кәсіпорындардың ЖІӨ-де алатын үлесі

Көрсеткіштер	Шағын және орта кәсіпорындар саны		Жұмыспен қамтылғандар саны	Шағын және орта кәсіпорындар үлесі	
	мың. бірлік	1000 тұрғынға шаққанда, бірлік		Шағын және орта кәсіпорындарда, млн. адам	Жалпы жұмыспен қамтылғандар, %
Мемлекет					
Ұлыбритания	2930	46	13,6	49	50-53
Германия	2290	37,0	18,5	46	50-54
Италия	3920	68	16,8	73	57-60
Франция	1980	35	15,2	54	55-62
ЕЭС елдері	15770	45	68	72	63-67
Жапония	64500	49,6	39,5	78	52-55
АҚШ	19300	74,2	70,2	54	50-52
Ескертпе: [23] көз негізінде құрастырылған					

Испанияда 500 млн. песетке дейін айналымы бар кәсіпорындар шағын бизнеске жатқызылады. Италияда кәсіпорынға арналған қызмет көрсету 360 млн. лирден аспау керек.

Еуропада жүргізілген зерттеулердің нәтижесі барысында салық салуды ынталандыру бағдарламасын қолданудың қатаң ережелері анықталды. Еуропалық одақтардағы мемлекеттерде субсидиялардың негізгі 3 типі бар:

1) мемлекеттік «стратегиялық» деп танылатын, яғни оларды кең көлемде дамытуды көздейтін белгілі бір секторларға арналған субсидия. Мысалы: синтетикалық талшық пен машина жасау саласындағы кәсіпорындарға беріледі.

2) шағын және орта кәсіпкерлікпен айналадағы ортаны қорғау жұмыстарын жүргізетін ұйымдарға берілетін субсидиялардың «горизонталдық ережесі».

3) кедейірек аймақтарға арналған мемлекеттік грант көмегінің ережесі.

Салық салудың нәтижелілігі олардың атқаратын рөліне тікелей байланысты. Өйткені, егер салық салу тәжірибе жүзінде максималды мүмкіндікке ие болатын болса және олардың атқаратын қызметтері арасында үйлесімді тепе-теңдік сақталатын болса бұл рөл жағымды болып келеді. Салық салуды дұрыс жолға қоюды қамтамасыз ету күрделі және қарама-қайшылыққа толы, өйткені мемлекет үшін негізгі мәселе болып салық салуды жоғарлату болатын болса, ал жеке тұлғалар мен шаруашылық субъектілер салық төлеуді азайтуға ұмтылады. Сондықтан да халықтың әлеуметтік жағдайы салық салу саясатында негізгі фактор ретінде қаралуы тиіс. Шаруашылық субъектілері мен халық неғұрлым бай болатын болса, соғұрлым салық базасы да кең, яғни салықтық түсімдердің көлемі де жоғары.

Орта бизнес- мемлекеттің тірегі, орта тапты өсіретін инкубатор болып табылады. Сондықтан осы салаға қолданылатын салық саясатын жетілдіруде келесі мәселелерді ескеру қажет:

- орта кәсіпкерлікке салық салғанда кәсіпкерлердің әл-ауқатымен санасу;
- орта кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету;
- салық ауыртпалылығын мейлінше жеңілдету.



Сурет 4- Қазақстанда бизнесті дамытуға әсер ететін кедергілер
Ескертпе- [24] деректер негізінде дайындалған

Салық салу мемлекеттің өз қызметін атқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ал орта бизнеске қолданылатын тиімді салық салу жүйесі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өсуіне оң ықпалын тигізеді.

Бюджеттік бағдарламалар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларға бөлінді. Бағдарламаларды бөлудің соңғы мақсаты мемлекеттік қызмет көрсетулердің тиімділігін қамтамасыз ету

Орта бизнес инновациялық экономикадан алатын өз орнын жедел іздеуі үшін өзінің икемділігін, жинақтылығын, рыноктың шынайылығын пайдалануы тиіс. Өз кезегінде мемлекет кәсіпкерлік ортаның белсенділігін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасап, өзінің көмегін шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетті жоғары және елдің ғылыми-техникалық күш қуатын көтеру көзқарасы тұрғысынан мүмкіндігі зор кәсіпорындарға бағыттауы қажет .

Аталған тұжырымдама жаңа мемлекеттік саясатқа және мемлекет пен бизнес арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа идеологиясына алып баратын өтпелі кезең ретінде қаралып отыр. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ашық заңдық негіздер құру, экономиканы әкімшілдендіруді болдырмау, әкімшілдік тосқауылдарды жою, мемлекеттің қатысы бар кәсіпорындар мен акционерлік ұйымдардың кәсіби емес іс қызметтерін рыноктық ортаға, ең бірінші кезекте шағын және орта бизнеске беру, инфрақұрылымдық жүйе құру, кәсіпкерліктің инновациялық экономикаға қатысуын қамтамасыз ету шараларын іске асыру қарастырылған. Қазақстанда Республикасында шағын және орта бизнес табыстарына салық салу жүйесі оңайлатылған.

Кесте 8- Мемлекеттік бюджеттің макроэкономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013
ДЖӨ көлемі (млрд. Теңге)	21 513,5	23 780,9	23 274	25 486
ДЖӨ нақты өсуі (%)	7,0	5,0	3,3	3,5
Инфляция (%)	7,8	6,0-8,0	6,0-8,0	6,0-8,0
Теңгені АҚШ долларына айырбастау бағамы	147,4	150	150	150
Түсімдер (млрд. теңге)	4 388,8	4 971,7	5 159,6	5 623,2
Шығыстар (млрд. теңге)	4 916,1	5 667,6	5 741,4	6 005,5
Тапшылық (млрд. теңге)	-527,3	-695,8	-581,9	-382,3
Ескертпе- [9] Қаржы министрлігінің ресми сайты				

Кәсіпорынның ауқымына байланысты бизнесті шағын бизнес, орта бизнес және ірі бизнес деп ажыратады. Қазіргі заманғы батыс экономикасында

орта бизнес ең ірі сектор болып саналады. Онда барлық жұмыс жасайтындардың жартысынан көбі осында жұмыс атқарады. Экономикалық белсенділіктің маңызды факторы болып табылатын шағын және орта кәсіпкерліктің рөлі көпшілік дамыған мемлекеттердің экономикасына алатын орасан орнымен дәлелденеді. Мысалы, АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97% шағын кәсіпорындар. Олардың үлесіне елдің жалпы ұлттық өнімнің 50%-дан астам бөлігі, көтерме- бөлшек сауданың 64%, қызмет көрсетудің 57% бөлігі келеді. Сонымен қатар, АҚШ-та жаңа технологиялардың 90% шағын фирмалармен жасалады.

Олар бір ғана ерекшелігімен комиссиялық субсидиялауды қолдануды рұқсат етеді (мемлекеттік жәрдемақы). Ережелерге сәйкес болмаған кезде шағын және орта бизнесті ынталандыру, бір жағынан кедей облыстарға (аймақтарға) дамуына жәрдемдесу болып табылады. Еуропада шағын және орта бизнестің топтарын анықтау келесі кестеде көрсетіледі.

Кесте 10- Салықтық ынталандыру мақсатымен Еуропалық Одақтардағы шағын және орта кәсіпорындарды анықтау критерилері

Белгілері	Шығарушы және өндіруші кәсіпорындар		Қызмет көрсету саласы	
	Орта	шағын	орта	шағын
1. Жұмысшылардың санының аз болуы	250	50	95	20
2. Осы екеуінің бірі Еуропада айналым көп болмайды.	40	7	15	2,7
3. Актив саны көп болмайды. Евро корпорациялық тәуелсіздік жөнінде компания серігіне	27	5	10,1	1,9
Шағын және орта бизнесті қанағаттандыра алмайтын акциялар немесе дауыстары бір не бірнеше компанияларға жатады.				
Е с к е р т п е: [25] көз негізінде құрастырылған				

Осы үш белгілер бір уақытта немесе жеке-жеке сақталуы керек, сонда фирма шағын немесе орта болып саналады.

Біріншіден, кіші мекеменің үлкен мекемеге қарағанда заң ережесінен кешіктірілу мүмкіндігі көбірек болады. Себебі салықтық декларациялау үшін жиналатын құжаттар мен информация үлкен мекемелерде өз мақсаттарында жиналып сақталады.

Екіншіден, тең салық ставкасы жағдайында, кіші мекеме пайдасына салық салу ставкасы жоғары болады (арнайы жеке салық жеңілдігі пайдаланылмайды).

Бұл жағдайларда төмендетілген салық ставкалары мен қосымша амортизацияның есептелуі жағдайы, оның жеделдетілген амортизациясынан бастап бос шығынға шығарылуы қолданылады. Мекемелерге ставканың

төмендетілуі, пайданың берілген көрсеткіштен төмен болмауы, Бельгия, Канада, Финляндия, Жапония, Люксембург және Ұлыбританияда шағын және орта кәсіпорындарына жататын кезде қолданылады. Швейцарияда кооперация пайдасына прогресстік салық салу қолданылады.

Франциядағы салықтар мемлекеттік реттеу жүйесімен өзара қатынаста жұмыс істейді. Мемлекет шағын, жеке, жанұялық, топтық мекемелердің құрылуына мән береді. Бұл мекемелер адамның тікелей мұқтаждығын қамтамасыздандыру үшін жұмыс істей отырып өз шамасымен азғана инвестицияларымен көптеген мәселелердің шешілуін қамтамасыз етіп отырады. Францияда корпорацияның басшысы міндетті түрде жылына бір рет өз қызметкерлерінің біліктілігін көтеріп отыруы керек. Әйтпесе басқа жағдайда жыл аяғында пайдасының (1-2%) пайызы бюджетке аударылып отырады. Әрине әр басшы мұндай жағдайға жол бермеуге тырысыды. Ал қаржы банктерінен жеңілдікпен несие алу ең күрделі жұмыстардың бірі. Осы жағдайда біз салық жүйесіне жүгінбей кете алмаймыз. Дегенмен, бұл жалғыз тиімді және де дамыған мемлекеттерде өте жиі қолданылатын тәсіл болып табылады. Оған мысал ретінде Англияны алуға болады. Мысалы: кіріс 200000 фунт стерлингтен аспайтын болса онда оған салынатын салық 15-25 % ға дейін төмендейді. Ал Германияда жылдық кірісі 36 000 нан жоғары корпорациялар салықтан босатылады. АҚШ-та салынатын салық көлемі кәсіпорынның әкелетін табысына тікелей байланысты. Дамыған мемлекеттердегі салық жүйесі көптігімен және де қатаң бақылаумен ерекшеленеді.

Жапондық салық жүйесі 19 ғасырда-ақ қалыптасқан болатын. Қазіргі салық жүйесі 1989 жылдың 1 сәуірінен өз күшіне енді. Ол еуропалық салық жүйесінен айтарлықтай ерекшеленеді. Жапонияда мемлекеттік және жергілікті салықтар қызмет етеді. Мемлекеттік түсімдердің 64 % мемлекеттік салықтар есебінен қалыптасады, ал қалған бөлігі - жергілікті салықтар.

Барлығы Жапонияда 25 мемлекеттік және 30 жергілікті салық бар. Оларды негізгі 3 топқа жіктеуге болады:

- жеке және заңды тұлғаларға салынатын тікелей табыс салықтары;
- мүлікке салынатын тура салықтар;
- тура және жанама тұтыну салықтары [26].

Бюджеттің негізгі бөлігін тура салықтар алып отыр. Мемлекетке ең көп табыс әкелетін жеке және заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы болып табылады. Кәсіпорындар мем ұйымдар өз пайдасынан мемлекеттік табыс салығын 33,48%, және префектуралық табыс салығын - 1,67% мөлшерінде төлейді. Жеке тұлғалар мемлекеттік табыс салығын 5 пайыздық ставка бойынша төлейді: 10, 20, 30, 40 және 50. Сонымен қатар, префектуралық табыс салығының ставкасының үш түрі пайдаланылады -5, 10 және 15%.

Мүлік салығын жеке және заңды тұлғалар бірдей ставкамен төлейді. Ол мүлік құнының 1,4%-ын құрады. Мүлік бағалауы 3 жылда 1 рет өткізілетін шара болып табылады.

Тұтыну салықтарының ішінде қосылған құн салығына ұқсас 3% ставкамен алынатын сатудан алынатын салық енгізілген.

Одан басқа бюджет мына салықтар есебінен толықтырылады: автокөлік иелеріне салынатын салық, темекі, алкоголь, мұнай, газ, бензинге салынатын акциздер және т.б.

Францияның салық заңнамасы шағын кәсіпорын үшін оңайлатылған және өзгерісті салық режимдерін қолдануға мүмкіндік береді. Салық жүйесінің барынша оңайлатылған жүйесі микрокәсіпорындарға арналған. Сауда операцияларымен айналысатын кәсіпорындардың жылдық айналымы 500 000 еуродан аспаса, қызмет көрсетумен айналысатын ұйымның жылдық айналымы 175 000 еуродан аспаған жағдайда олар микрокәсіпорындар болып саналады. Бұндай кәсіпорындар ҚҚС бойынша декларация табыс етпейді, алайда деңгейі қызмет түріне байланысты анықталатын табыс салығын төлеуге тиіс. Микрокәсіпорындарда тек сатып алу мен қаржылық түсімдер есебі жүргізіледі.

Оңайлатылған салық режимін сауда операцияларымен айналысатын кәсіпорындардың жылдық айналымы 500 000-нан 5 000 000-ға дейінгі еуродан аспайтын немесе қызмет көрсетумен айналысатын ұйымның жылдық айналымы 175 000-нан 1 500 000-ға дейінгі еуродан аспаған шағын және орта бизнес субъектілері қолдана алады. Берілген жағдайда салық салынатын табыс болып кәсіпорынның нақты табысы мен шығынының айырмасы алынады. Оңайлатылған салық режимі үшін есептілік нысаны да оңайлатылған, яғни шағын және орта кәсіпорындар салық органдарына өзінің балансы, негізгі қорлар, инвестиция көлемі мен қызметінің қаржылық нәтижелері жөніндегі негізгі мәліметтерді табыс етеді. Жеке тұлғалар иелігіндегі заңды тұлға статусы бар шағын және орта кәсіпорындар табыс салығын 19% ставкасымен төлейді, ал Франциядағы стандартты салық ставкасы 33% құрайды[27]. Бұндай кәсіпорындар ҚҚС да төлейді, бірақ ай сайын емес, тоқсан сайын төлеуге міндетті.

Польшада шағын және орта бизнес үшін жалпы салық салу жүйеде бірнеше ерекшеліктер бар. Көптеген шағын және орта кәсіпорындар өз жұмысын тек лицензия алудан кейін ғана жүзеге асыра алады. Міндетті лицензиялауға көтерме-бөлешек саудамен айналысатын, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсететін, валюта айырбастау, ойын бизнесімен айналысатын заңды тұлғалар, базардан тыс көтерме-бөлешек саудамен айналысатын немесе тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсететін жеке тұлғалар міндетті. Лицензия бағасы салық салынатын табыстан шегеріледі, яғни «минималды» тіркелген салық ретінде қарастырылады. Польшаның кейбір аудандарынан «арнайы лицензия» алуға болады. Ол жай лицензиядан қымбаттырық тұрады, бірақ өз иесін пайдаға салынатын салық пен табыс салығынан, еңбекақы қоры салығынан және тағы бірнеше басқа салықтардан босатады. Сонымен қатар, лицензия алынған қызметте бухгалтерлік есепті жүргізбеуіне мүмкіндігі болады.

Бірыңғай салықты заңды тұлға статусы бар, жұмыскерлер саны 50-ден, жылдық айналымы 1 000 000 кроннан аспайтын кәсіпорындар да қолдана алады. Бұндай кәсіпорындар үшін екі салық ставкасы белгіленген: егер кәсіпорын ҚҚС төлейтін болса 6%, ҚҚС төлеуден бас тартса 10%. Шағын және

орта кәсіпорындар кез-келген 12 айлық мерзімде жалпы салық салынатын сома 61 200 кроннан асатын болса, ҚҚС төлеу үшін ерекше тіркеуден өтуі қажет.

Литвада шағын және орта кәсіпорындарға салық салу әдісі салық төлеушінің статусына (жеке немесе заңды тұлға), кей кезде қызмет түріне байланысты болады. Заңды тұлғаларға арналған стандартты табыс салығы таза салық салынатын табыстың 29% құрайды. Жалпы табысы жылына 25 000\$ аспайтын шағын кәсіпорындар табыс салығын 15% ставкасымен төлейді. Бұндай кәсіпорындарды 50-ден аспайтын жұмысшылар саны және қызмет ету түрі акциз өнімдерін өндіру мен сатумен байланысты болмауы керек. Ауылшаруашылық өндірісте жұмыс жасайтын заңды тұлғалар пайдаға салынатын салықты 10% ставкамен төлеуге мүмкіндігі бар.

Кейбір қызмет түрімен айналысатын, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын кәсіпкерлер жеке табыс салығының орнын ауыстыратын лицензия алуы қажет. Бұл жағдайда олар ҚҚС төлемдерін әлеуметтік қорларға аударады. Лицензиялы режим киім өндіру мен сатуға, туризмге, шаштараз бен фотосалондық қызметтерге, кәсіби спорт және т.б. қызмет түрлеріне қолданылады. Егер лицензияның әрекет ету кезеңінде салық төлеушінің жалпы табыс көлемі 25 000\$ асып кетсе, оған жай лицензиядан шамаса екі есе артық болатын қосымша лицензия алуға тура келеді. Салық төлеушілерде бухгалтерлік есепті жүргізу үшін табыс пен шығыс есебі кітабы және ақша қаражат ағынын тіркеу кітабы болу керек. Жылдық айналымы 25 000\$-дан асатын салық төлеушілер (заңды және жеке тұлғалар) декларация тапсыруы және ҚҚС төлеуге міндетті. Ал жылдық айналымы берілген деңгейден төмен болатын кәсіпкерлер ҚҚС төлеуге міндетті емес.

Ұлыбританияда көп жағдайда шағын және орта кәсіпорындар табысты есептеу мен декларациялаудың жылпы ережесіне, тек азғана ерекшеліктермен бағынады. Жылдық табысы 15 000 фунт стерлингтен аспайтын кәсіпорындар өз қызметінің мәліметтерінсіз, бос салықтық декларацияны табыс етеді. Елде табыс салығының прогрессивті шкаласы қолданылады: 10% ставка айлық табысы 1520 фунт стерлингке дейінгі құрайтын тұлғаларға, 22% ставка айлық табысы 1520 - 28 400 фунт стерлинг аралығын құрайтын тұлғаларға, 40% ставка айлық табысы 28 400 фунт стерлингтен асатын тұлғаларға қолданылады. Ғимараттар мен құрал-жабдықтар амортизациясына салықтық жеңілдіктер кеңінен таралған. Ол арқылы кейбір шағын кәсіпорын салық базасын 40% дейін шегерім ала алады. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларына, байланыс құралдары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған инвестицияға салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Голландияда шағын және орта кәсіпорындар табысын есептеу кезінде жалпы ережелерге бағынады. Алайда салық салудың прогрессивті шкаласының жүзеге асуына байланысты бірнеше артықшылықтарға ие. Салық салынатын табысы 50 000 гульденнен аспайтын кәсіпорындар табыс салығын 30% ставкасымен төлейді, егер табысы 50 000 гульденнен асатын болса 35% мөлшерімен төлеуге міндетті. Табысқа салық салынатын мөлшер капитал

активтеріне инвестиция арқылы азайтылуы мүмкін. Сонымен қатар, үкімет кәсіпорынның ғылыми-зерттеу қызметін де көтермелейді.

Швецияда шағын және орта кәсіпорындар үшін арнайы салықтық режимдер қарастырылмаған. Салықтық заңнама бейтарап принципінде құрылған, яғни нысанына, шаруашылық қызметінің түріне, көлемі мен орналасу жеріне байланыссыз барлық кәсіпорындарға бірдей ставкалы салықтар, салық базасы қолданылады. Алайда, бұл принциптен салықтық жеңілдік нысанында шағын кәсіпорындарға артықшылық беріледі. Шағын кәсіпорындар табысты есептеудің кассалық әдісін қолдана отырып, оңайлатылған салықтық декларацияны тапсыруға және тек салықтық инспекцияда тіркелуге міндетті. Табысы 110 000\$ аспайтын кәсіпорындар салықтық декларацияны ай сайын емес, жылына бір рет қана табыс етуге мүмкіндігі бар. Акция котировкасы биржада төмен болатын болса, онда оның дивидендтеріне салық салынбайды. Бұл жеңілдік шағын кәсіпорындарға инвестицияны арттыруға үлкен ынталандырушы шарт болып табылады [28].

АҚШ-та шағын және орта кәсіпорындар үшін арнайы салықтық режимдер қарастырылмаған. Барлық кәсіпорындар толық және егжей-тегжейлі бухгалтерлік есепті жүргізуге міндетті. Алайда табыс салығы туралы заңдарда шағын кәсіпорын үшін есеп пен есептілік процедурасын оңайлату мақсатында бірнеше арнайы ереже қабылданған. Төмен пайда табатын кәсіпорындар төмен салық төлейді. Егер жылдық салық салынатын пайда көлемі 50 000\$ аз болса 15%, 50 000- 75 000\$ аралығында- 25%, 75 000- 10 000 000\$ аралығында- 34%, 10 000 000\$ артық болса 35% ставкасымен салық төлеуге міндетті. Көп жағдайда американдық шағын кәсіпорындар корпорация ретінде емес, серіктестік ретінде қызметін жүзеге асырады[29]. Ол салық салудың екі жақтылығынан қашуға мүмкіндік береді. Өйткені, корпорациялар салықты пайдасынан және төленген дивиденттерден төлеуге міндетті.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған кейбір дамыған елдердің салық жүйесін қарастыра келе, түйіндегеніміз олардың салық жүйесінің жан-жақтылығы да бар және ұқсастықтары да жоқ емес. Артықшылықтарына келетін болсақ, мысалға меншікке салынатын салықтар бойынша біздегі сияқты меншік түрлеріне салынатын салықтар шектеулі ғана емес, әсіресе мұраға салынатын салықтардың дамығандығы басқа тікелей салықтар бойынша ауыртпалықтың азаюына жағдай жасайды және мемлекеттік бюджеттің кіріс көзін молайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Жапония сияқты елдердегі жанама салықтар ставкасының төмен болуы, бұл тауар мен қызмет түрлерінің бағасының төмен болуына, яғни халықтың салық ауыртпалығын аз тартуына мүмкіндік беріп отыр. Ал, бізде әлі де болса жанама салықтар фискалды қызметінен ауытқи қойған жоқ. Бұл, болса енді көтеріліп келе жатқан кәсіпкерлір мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің жан -жақты дамуына кедергі болады.

Тағы да айта кетерлік жағдай, қосылған құн салығы бойынша, көптеген елдерде тамақ, алғашқы қажетті тауарлар, ауыл шаруашылық өнімдеріне салық

ставкалары өте төмен мөлшерде қолданылады, ал бізде тек қана бір-ақ түрлі салық ставкасы пайдаланылады.

Сондай-ақ, басқа елдердегі салықтық құқық бұзушылыққа қолданылатын шаралардың қаталдығы, мысалы Францияда салықтан жалтарыну жағдайы болған кезде, салық сомасы екі еселеніп төленеді. Осындай тәжірибені біздің де салық жүйемізде қолдану салықтық түсімдердің толықтай және уақытында түсуіне мүмкіндікті молайтатын еді.

1 бөлімнің қорытындысы

1. Шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) мемлекеттің экономикасының ең негізгі ірге тасы болып табылады. Қазақстанда орта кәсіпкерліктің ШОК-тағы үлесі 0,5 пайызды құрап отыр. Орта кәсіпкерлікті дамыту экономиканың өсуіне жағдай жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады

2. Қазақстанда экономикалық жағдайдың жақсаруы үшін орта бизнестің дамуын ынталандыру үшін қаржылық механизмдерді тиімді қолдану қажет. Қазақстанда өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ат салысатын негізгі мынадай қаржылық институттар қызмет етеді: «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық мекемесі» АҚ, «Ипотекалық несиелерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» АҚ, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, "Байтерек девелопмент" АҚ, «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы АҚ және тағы басқалары. Дегенмен осы қаржылық қолдаудың қаншалықты тиімділігін бағалау арнайы әдістемені қажет етеді.

3. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Белгілі бір тәжірибесі бар және қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша капиталға мұқтаж кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдаудың жаңа құралдары (лизинг, венчурлық қаржыландыру және басқалары) іске қосылады. Лизингтік құрылымдарды дамыту мен венчурлық құрылымдарды құру жаңа өндірістердің пайда болуына және дәстүрлі қаржыландыру көздерін тарта алатын кезеңге дейін өндірістерді қалпына келтіруге ықпал етеді. Орта кәсіпкерлікті дамытуда венчурлық қаржыландырумен қатар факторингті дамыту да аса маңызды. Шет ел тәжірибесінде орта кәсіпкерлікті дамытудың үрдісі жан жақты зерттелді, тиімділігі жоғары сан-алуан қаржылық тетіктердің пайдалану мүмкіндігі қарастырылды.

2. ҚАЗАҚСТАНДА ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨНДЕУ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстандағы орта бизнестің қазіргі жағдайы

Шағын және орта бизнестің дамуы рыноктық экономиканың функциялауына қажетті шарт болып табылады. Соңғы жылдары шағын және орта бизнесті қолдау экономикалық саясаттың басымды саласы ретінде танылған. Ол ең бастысы шағын және орта бизнестің икемді болып келуімен ерекшеленеді, сұранысқа тез жауап беріп, рынок сұранысы мен қажеттілігін тез қанағаттандыра алады. Ірі кәсіпорындарға қарағанда, шағын және орта кәсіпорындар өзінің икемділігінің арқасында экономика мен қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сай қызметін қайта құруға бейім болады. Рыноктық экономикада шағын және орта кәсіпкерлік екі түрлі негізгі қызмет атқарады: экономикалық және әлеуметтік. Экономикалық қызмет негізіне бәсекелестікті дамыту, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімді пайдалану, ішкі сұраныстың импортқа тәуелділігін жою және жұмыссыздық проблемасын шешу, кедейшілікті жою және мемлекеттің экономикалық дамуын тежейтін көптеген проблемаларды шешу жолдарын қамтамасыз етеді. Шағын және орта бизнесті қолдау бірқатар саяси себептермен- рыноктық институттардың дамуына қызығушылығын білдіретін, қоғамдағы атмосфера жақсарта алатын тәуелсіз өзіндік жұмыс жасайтын кәсіпкерлерден құралытын тап пайда болды. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес банктік сектордың дамуына түрткі болып, кредиттік қызметтерге сұраныс көбейеді. Сондықтан, шағын және орта бизнестің динамикалық дамуы елдегі экономикалық, әлеуметтік және саяси өсімнің маңызды факторы бола алады.

Ғаламдық дағдарыс дүниежүзілік интеграциялық процестерге кіріктірілген барлық мемлекеттердің экономикасының барлық секторының дамуына әсер етті. Оның салдары біздің да республикамыздың экономикасына, оның ішінде шағын кәсіпкерлік секторына да әсерін тигізді. 2013 жылы шағын бизнес субъектілерінің қарқыны төмендеді. Жалпы 2012 жылы елімізде 640 900 бірлік шағын бизнес субъектілері өз қызметін белсенді атқарса, 2013 жылы олардың саны 3,08% төмендеп, 621 114 бірлікті құрады. Ал 2012 жылдан бастап шағын бизнес субъектілерінің 19,3% өсімі байқалып 741 088 бірлікті құрады.

Көлік және байланыс, қонақ-үй және мейрамхана саласындағы орта бизнес төмендеу деңгейі 10%-дан асты. Көлік және байланыс саласында жұмыспен қамтылғандар саны 4%-ға, қызмет көрсету көлемі 13%-ға өсті. Қонақ үй мен мейрамханалар саласындағы жұмыспен қамтылғандар саны да 12%-ға, ал қызмет көрсету көлемі 12%-ға өсті.

Құрылыс секторындағы орта кәсіпкерліктің көлемі 8%-ға төмендеді. Осы санатта жұмыс жасайтындардың саны 25% -ға төмендеп, қаржылық қызмет саласынан кейінгі орынды алды. Өнім шығару көлемі де 10%-ға төмендеді [30].

Кесте 11 - Қазақстан Республикасындағы 2005-2013 орта бизнестің және даму динамикасы мың тенге

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Тіркелген орта кәсіпкерлік субъектілері, мың. бірлік	735	836	934	1 001	1 084	1 194	1189	1198	1356
Белсенді орта кәсіпкерлік субъектілері, мың. Бірлік	444	568	640	621	741	707	799	880	920
Оның ішінде:									
-заңды тұлғалар	38	47	55	58	60	59	67	78	85
-шаруа (фермер) қожалықтары	111	163	169	169	169	171	234	325	320
Орта кәсіпкерлік субъектілерінің өсу (кему) қарқыны,%	10,2	12,9	12,4	3,08	19,3	19,	-2,08	1,3	1,02
Е с к е р т у: Автормен ҚР Статистика мәліметтерінен құрастырылған [9].									

Орта бизнестің өңдеу өнеркәсібі саласында-6%-ға, сауда саласында-5%-ға, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласында- 4%-ға төмендеу орын алды. Өңдеу өнеркәсібі саласындағы орта бизнестің жұмыс жасайтындардың саны 10%-ға және өнім шығару көлемі 1%-ға төмендеді

Орта кәсіпкерліктің салалық бөлікте әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің динамикасын талдау келесідей қорытынды жасауға негіз болады.

Сауда саласындағы белсенді орта бизнестің санының азаюы оның жұмыс жасайтындардың санының және өнім шығару көлемінің азаюына әсер етпеді. Бұндай жағдай денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласында да көрініс тапты.

2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 73,3 пайыз, шаруа (фермер) қожалықтары -18,3 пайыз, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар-7,9 пайыз, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар -0,5 пайызды құрды.

Осылайша, ғаламдық дағдарыс салдары белсенді орта бизнестің азаюына, әсіресе, қаржылық қызмет, балық шаруашылығы, көлік және байланыс, қонақ-үй және мейрамхана, сауда, өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет салаларына әсер етті. Алайда, бүгінде шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсуде. Берілген факт бір жағынан елде шағын және орта бизнесті тексеруге жарияланған мораторийдің әсері және екінші жағынан дүниежүзілік рыноктағы шикізат тауарларына бағаның жағымды конъюктурасына байланысты болуы мүмкін

Кесте 12 -2013 жылғы шағын және орта шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржылық көрсеткіштерін талдау

Көрсеткіштер	Кәсіпорындар саны, бірлік	Қызметкерлердің барлығы, мың адам	Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге	Салық салынғанға дейінгі пайда, млн теңге
Орта кәсіпкерлік шаруашылық субъектілерінің қаржылық көрсеткіштері	4357	611,8	1610130	456995
Шағын кәсіпкерлік шаруашылық субъектілерінің қаржылық көрсеткіштері	68913	535,2	5891638	230485
Дара кәсіпкерлер	637686	85	255088	9948,2
Шаруа (фермер) қожалықтары	158583	111,2	565264	22045
Орта кәсіпкерлік шаруашылық субъектілерінің жалпы ШОК үлесі,%	0,5	38	0,19	0,63
Барлығы	869539	1400	8329120	719473,2
Е с к е р т у: Автормен ҚР Статистика мәліметтерінен құрастырылған [9].				

. Шағын кәсіпкерлер субъектілері санының өсу қарқынын қарастыра отырып, оның негізінен жеке кәсіпкерлер санының артуынан болып отырғандығын көреміз. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санында жеке кәсіпкерлердің салмақ үлесі қарастырылып отырған кезеңде 63-68% құрап отыр.

Өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлерге берілген қаражат көздері:

1. ICD Ислам даму корпорациясымен бастапқы капиталдануы 50 миллион доллар болатын бірлескен венчурлық қор құрылды.


2. Ислам корпорациясының инвестициялары – 15 миллион теңге бөлінді

3. ЕҚДБ, ЕАБР, ІFC сияқты халықаралық қаржы институттарынан Қазақстанның Даму банкі (ҚДБ), Қазақстанның инвестициялық қоры (ҚИҚ) және Қазына Капитал Менеджмент (ҚКМ) секілді еншілес ұйымдарда инвестициялық және несиелік қызметті белсендіру сияқты міндеттер қояды

Холдингта шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шешумен «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының қаржылық агенті болып табылатын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ айналысады. «Даму» қоры ұсынатын құралдар: кепілдер ұсыну, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, экономиканың басымды секторларына жеңілдікті шарттармен несиелер ұсыну,

консультациялық қызметтер көрсету және оқыту қазіргі кәсіпкерлерді қолдауға және жаңа қатысушыларды тартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мемлекет тарапынан өңдеу өнеркәсібін қаржылық қолдауға мынандай шаралар жасалып жатыр:



Сурет 5- Даму қоры арқылы өңдеу өнеркәсібін қаржылық қолдауға арналған қаражаттар

Ескертпе- Электрондық Үкіметтің ресми сайты [9].

ШОК қолдау көлемін 2013 жылдың қорытындысы бойынша 236 млрд. теңгеден 2023 жылдың қорытындысы бойынша 583 млрд. теңгеге дейін ұлғайту басты мақсат болып табылады.

Оқыту бағдарламаларының бизнес ашқан қатысушыларының үлесін 2013 жылдың қорытындысы бойынша 8%-дан 2023 жылдың қорытындысы бойынша 25% ұлғайту көзделген.

ҮИИДМБ-2 міндеті өнеркәсіптің 14 саласы кіретін ұлттық және аймақтық кластерлерді дамыту болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу үшін Ұлттық қордан 100 миллиард теңге бөлінеді. Қаржы «Даму» қоры Несие шарттарын жасасқан кәсіпкерлерге беріле бастады және несиелеу қаржысын олардың Ұлттық банктегі арнайы есепшоттарына орналастырды. Бір несиелеу алушыға 10 жылға дейінгі мерзімге берілетін ең көп несиелеу көлемі 1 миллиард 850 млн. теңгені құрайды, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%.

Шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) мемлекеттің экономикасының ең негізгі ірге тасы болып табылады. Қазақстанда орта кәсіпкерліктің ШОК-тағы үлесі 0,5 пайызды құрап отыр. Орта кәсіпкерлікті дамыту экономиканың өсуіне жағдай жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде

орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Кесте 13- Орта бизнес субъектілерін қаржыландырудың болжамдық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2013 жыл	Үлесі,%	2023 (болжам)	Үлесі,%
Шағын бизнес субъектілерін қаржыландыру	228,2 млрд теңге	99,9	408,1 млрд теңге	99,5
Орта бизнес субъектілерін қаржыландыру	7, 8 млрд теңге	0,03	174,9 млрд теңге	0,5
Барлығы	236 млрд теңге	100	583 млрд теңге	100

Ескертпе- негізінде автормен жасалған [9].

Республикалық бюджеттен өңдеуші өнеркәсіп жобаларын несиелеуге арналған бағдарламаға бөлінген 30 млрд. теңге 5 отандық банктің арасында бөлінді. Бұған қоса, холдинг ҚДБ резервінен қосымша 15 млрд. теңге бөлді. Бағдарламаның 20% екінші деңгейлі банктердің жеке қаржысының есебінен қаржыландырылады. Қазіргі уақытта Бағдарлама бойынша 30,7 млрд.теңге игерілді, бұл 20 жоба болып табылады.

Кесте 14- 2012- 2013 жылғы шағын және орта кәсіпкерлік секторының құрылымы, пайызбен

Көрсеткіштер	2012	2013
шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	6,5	7,9
орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары	0,8	0,5
жеке кәсіпкерлер	75,1	74,2
шаруа (фермерлік) қожалықтар	17,6	17,4
Барлығы	100	100

Ескертпе- негізінде автормен жасалған [9].


Өткізуден түскен табыс көлемі өте аз, барлық шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнім өткізу көлемі 15%-ды құрайды. Бұл тағы да патент бойынша жұмыс жасайтындарға жалдамалы еңбекті пайдалануға шектеу жасауына байланысты салық заңнамасындағы кемшіліктермен түсіндіріледі.

Қазақстанда орта кәсіпкерлік туралы ресми мәлімет тек қана 2012 жылдан бастап қана беріле бастады.

Өңдеу салаларында қызмет ететін кәсіпорындарда қаржыландыру көздерін қалыптастырудың дәстүрлі түрлерін ғана емес, сонымен бірге өндіріс

көлемін арттыру және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, сондай-ақ өзінің экспорттық мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен кеңейту мақсатында үлкен көлемде қазіргі заманғы және альтернативті қаржылық тетіктердің әдістерін пайдаланған жөн.

Лизинг кәсіпорынның ресурстық әлеуетін қаржыландырудың жаңа, дәстүрлі емес, қосымша жүйесі болып табылады және онда жалға беру қатынастары, кепілмен несиелік қаржыландыру элементтері, борыштық міндеттемелер бойынша есеп айырысу және басқа да қаржылық механизмдер қамтылған. Лизинг шаруашылық қызметті қаржыландырудың бір түрі және негізінен кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерді жанарту мен толықтыруға ақша қаражаттары жетіспеген жағдайда қолданылады.



Сурет 6- Белсенді орта және шағын бизнес субъектілерінің жалпы экономикалық субъектілерге үлес салмағы
Ескертпе- негізінде автормен жасалған [9].

Орта кәсіпорындардың, әсіресе өндірістік инфраструктураның дамуына әсер ететін негізгі факторларға келесілер жатады:

- экономиканың нақты секторындағы өнім өндіру көлемінің өсу қарқынының баяулауы;
- өндірістегі дамудың негізгі көрсеткіштердің өсу қарқынының төмендеуі;
- моральды және физикалық түрде ескірген құралдардың жоғары пайызы;

- жаңа технологияның және кәсіби дайындалған жетік мамандардың жетіспеушілігі;

- сонымен қатар, салық салу мен несиелеу проблемалары.

Жағдайдың радикалды түрді жақсаруы үшін елбасымызбен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен келесідей маңызды міндеттер алға қойылған:

- меншік және активтерді заңдастыру;

- әкімшілік рәсімдердің оңайлатылуы;


- салықтық ауыртпалықтың төмендеуі;

- кредиттік ресурстарға қол жетімділігі;

- тексеру және бақылаушылық органдардан орта бизнес субъектілерін қорғау;

- шағын және орта бизнесті қолдауда нақты қаржы орталықтардың құрылуы.

Қалыптасқан жағдайда бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетуді өндіру мен өткізумен байланысты проблемалардың жиынтығын шешуге тиімді нысаны франчайзинг болып табылады. Ол ірі және орта кәсіпорындардың шағын кәсіпорынмен екіжақты тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Яғни өзінің жабдықтары және жақсы технологиясы жоқ шағын кәсіпорындар субподряд ретінде ірі компаниялардың белгіленген тапсырыстарын атқара алады. Ал ірі кәсіпорындар өндірістік қуатын ұсыну, кадрларды даярлау, өндірісті модернизациялау үшін қаржылық қаражат бөлу арқылы шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсете алады. Осындай тәжірибе дүниежүзінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, инфрақұрылым объектілеріне көп көңіл бөлінуі қажет. Оның ішіне: бизнес-инкубаторлар, технопарктер, ақпараттық-консалтингтік фирмалар, лизингтік компаниялар және т.б. жатады [31].



Сурет 7- ШОК субъектілерінде жұмыс істейтін халықтың жалпы экономикалық белсенді халыққа үлес салмағы

Ескертпе- негізінде автормен жасалған [33].

Жеке кәсіпкерлерді қолдау мен қорғау тәртібінің оңайлылығымен, мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың шектелуімен, өзінің

кәсіпкерлік қызметін біреудің рұқсатынсыз жүзеге асыруға мүмкіндігімен және басқа да шаралармен сипатталуы қажет.

Бүгінде арнайы мамандандырылған қаржы-несие институттары көрсететін маңызды қаржы қызметтерінің бірі өнеркәсіптік және қаржылық лизинг болып табылады. Лизингтің маңыздылығы әр түрлі шаруашылық етуші субъектілер мен жеке кәсіпкерлердің қаржылық-шаруашылық қызметі үшін қажетті негізгі құралдармен (ғимарат, құрылыстар, көлік құралдары, машиналар, құрал-жабдықтар және т.б.) үзіліссіз қамтамасыз етуден тұрады[32].

Лизингтік операциялардың қалыптасқан тәжірибесі мен лизинг субъектілерінің арасындағы қатынастарды ескере отырып, ҚР-дағы лизингтік қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерттеу негізінде кәсіпорынның негізгі капиталын жаңартуға арналған қаржылық қызмет түрлерінің мынадай артықшылықтары анықталған:

1. Тозған және табиғи ескірген өндірістік қорларды ұзақ мерзімді негізде жаңарту;

2. Ақша қаражаттарының бір уақыттағы ағымынсыз әр түрлі ұзақ мерзімді активтерді сатып алу;


3. Льготтық негізде лизингтік өнімді алу;

4. Инвестициялық бағдарлама тәртібінде лизингті пайдалану кезіндегі салық преференциялары;

5. Лизингтің алуан түрлерінің болуы;

6. Банк бөлімшелерінің, басқа қаржылық-несие институттарының, сондай-ақ арнайы мамандандырылған лизингтік компаниялардың лизингті беруі;

7. Лизингтік операциялар кезінде кепілдік қамтамасыз ету құралы болып табылатын активтердің кең түрлері.



Сурет 8- ШОК субъектілерінің ИЖӨ дегі үлес салмағы
Ескертпе- негізінде автормен жасалған [33].

Дегенмен, екінші деңгейдегі банктер несие беруде өндіріс кәсіпорындары емес, сауда ұйымдарына несие бергенді жөн көреді, өйткені сауда ұйымдарының қорларының айналымдылығы жоғары[33].

Өңдеу салаларындағы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қарыздың капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Өңдеу салаларындағы кәсіпорын ақша қаражаттарын қаншалықты көп тарататын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады. Алайда, сонымен бірге қаржылық тәуелсіздік те өседі, яғни өңдеу салаларындағы кәсіпорын өз кредиторларымен уақытында есептесе алады ма деген қауіп төнеді.



Сурет 9- Екінші деңгейдегі банктердің ШОК субъектілеріне берген несиелері

Ескертпе- статистика мәліметтері негізінде автормен жасалған [33].

Орта бизнес кәсіпорын құнына әсер етуші факторларға байланысты кәсіпорын құнын өсірудің келесі негізгі бағыттарын бөліп қарастыруға болады:

- инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- кәсіпорынның қарыз капиталын оңтайлы пайдалану (қаржылық тетік эффектiсi);
- кәсіпорынның мөлдірлігі мен ашықтығын арттыру.

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған орта кәсіпкерлерлік заңды тұлғалардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу қажет.

Кесте 15- 2012 жылғы Қазақстанның өңдеуші саласында жұмыс істейтін орта бизнес субъектілерін дамытуда пайдаланылған қаржылық тұтқалар

Салалар	Үлес салмағы, %	Қаржылық тұтқалар
Тамақ өнімін өндіру	3,9	қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру
Тоқыма өнімдерін өндіру	5	Сыйақының соңғы жылдық мөлшерлемесі – жылдығы 8,0% көп емес;
Киім шығару	6,7	бір орта бизнес субъектісіне берілетін ең көп қаржыландыру лимиті - 750 млн. теңгеден көп емес;
Тері өндіру және оған қатысты өнімдер шығару	4,8	негізгі борышты өтеуге берілетін жеңілдік мерзімі - 24 айға дейін
Жиһаздан бөлек, ағаш өнімдерін өндіру; сабаннан жасалған және өруге арналған материалдардан жасалған өнім шығару	3,9	Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін дайындау Екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру
Қағаз және қағаз өнімдерін шығару	5,2	инвестициялық мақсатта айналым қаражатын толықтыру
Басу және жазылған материалдарды қалпына келтіру	4,3	қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру
Химия өнеркәсібі өнімдерін шығару	5,1	Сыйақының соңғы жылдық мөлшерлемесі – жылдығы 8,0% көп емес;
Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру	5,5	бір орта бизнес субъектісіне берілетін ең көп қаржыландыру лимиті - 750 млн. теңгеден көп емес;
Резіңке және пластмассалық бұйымдар өндіру	5,9	негізгі борышты өтеуге берілетін жеңілдік мерзімі - 24 айға дейін
Металл емес өзге минералды өнім өндіру	5,2	Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін дайындау Екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру
машина мен жабдықтардан бөлек, дайын металл өнімдерін өндіру	7,9	инвестициялық мақсатта айналым қаражатын толықтыру
Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер шығару	6,3	қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру
Электр жабдықтарын өндіру	6,9	бір орта бизнес субъектісіне берілетін ең көп қаржыландыру лимиті - 750 млн. теңгеден көп емес;
Автокөлік құралдарын, трейлер мен жартылай тіркемелер шығару	8,7	Өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін дайындау Екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру
Жиһаз шығару	11,1	қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру
Өзгелер	3,6	-
Барлығы	100	
Ескертпе- әдебиеттерді пайдалана отырып автор құрастырған [33].		

Орта кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеу кәсіпорындарының қаржылық қызметіне мынандай факторлар әсер етеді:

1) өнім өткізудің табиғи көлемі (ағымдағы сату көлемі мен олардың күтілетін өсімінің қарқынымен анықталады);

2) салық салудан кейінгі операциялық пайда (баға өсуі мен тікелей шығындардың қысқаруы);

3) пайдаланылатын капитал (капитал құрылымы).

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, акция бағасына (кәсіпорын құнына) қаржы-ақша ағымдарының әсерін былай көрсетуге болады [34].

Өндірістік салада қызмет ететін орта бизнес субъектілерін қаржылық сауықтырудың негізгі әдістері:

- қорлардың мақсатты арналымына қарай амортизациялық аударымдарды қалыптастыру мен пайдалану үшін қаржы, заңдық есептеу-бақылау жағдайларын құру;

- капиталдың материалдық өндірістен шетелге өтіп кетпеуін болдырмау; таза пайданы (салықты төлеуден қалатын) экономиканың жекешелендірілген және мемлекеттік салаларындағы уақытша инвестициялық бақылау режимін енгізу арқылы капитализациялау есебінен жинақтау нормаларын арттыру;

- халықтың рубль және валюта түріндегі жинақтарын оларды ары қарай нақты өнеркәсіптік және қаржылық капиталға айналдыру үшін шоғырландыру;

- ірі батыстық трансұлттық корпорацияларға айналуға қабілетті (қарыз қаражаттарының қайтарымдылығына кепіл беру шартымен) ірі қаржылық-өнеркәсіп топтарын құру жағдайында банктік және өнеркәсіптік капиталдарды біріктірудегі кедергілерді алып тастау;

- жекешелендірілген кәсіпорындардың, еңбек ұжымдарының, басқару номенклатурасы, сырттағы ұстаушылардың акцияларын, сонымен бірге федералдық және аймақтық билік органдарына тиесілі ірі акциялар пакетін сатудан түскен пайданы капитализациялауды қамтамасыз ету;

- кәсіпорынның ағымдағы қаржылық жағдайын олардың жеткізушілер, бюджеттік жүйе – кәсіпорындар алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындауларын мемлекеттік қадағалау жүйесін құру арқылы жақсарту шараларын қабылдау болып табылады [35].

Шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) мемлекеттің экономикасының ең негізгі ірге тасы болып табылады. Қазақстанда орта кәсіпкерліктің ШОК-тағы үлесі 0,5 пайызды құрап отыр. Орта кәсіпкерлікті дамыту экономиканың өсуіне жағдай жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Шағын орта кәсіпкерліктің ішінде орта бизнес заңды тұлғаларының үлес салмағы 1 қаңтар 2014 жылғы деректер бойынша 0,5 пайыздан аспай отыр. Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының қаржы-шаруашылық қызметінің

негізгі көрсеткіштерін талдай келе, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесі 12,8 пайызды құрап отырғанын атап өту керек. Бұл өз кезегінде өңдеу өндірісіндегі кәсіпорындардың жоғары деңгейде жұмыс істемей отырғанын көрсетеді.



Сурет 10- Орта бизнес субъектілерінің өңдеуші сектор кәсіпорнының қаржылық қызметіне қаржы-ақша ағымдарының әсері
Ескертпе- Әдебиеттерді пайдалана отырып автор құрастырған [33].

Кәсіпорынның құнын бағалаудың берілген әдістерін қолдану мүмкіндігі қатаң түрде шектелген, себебі, қолданыстағы формулаларда капиталдың тұрақты рентабельділік деңгейі немесе тұрақты өсу қарқыны қарастырылады. Барлық басқа жағдайлар тең болған кезде күтілетін қаржы-ақша ағымдары төменгі тәуекелділікте жоғары құнға ие болады. Ал дисконтталған қаржы-ақша ағымы болса, құнды бағалаудың басқа әдістерімен салыстырғанда құнның барлық факторларын ескереді.

Сөйтіп, өңдеу саласында 7 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау арқылы қаржылық тетіктердің тиімділігі бағаланды және ең тиімді қаржылық тетіктерді пайдалануды кемелдендіру жолдары қарастырылды.

2.2 Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнесті қаржылық реттеудің қазіргі кездегі тәжірибесін талдау

Қаржы-ақша ағымдарын басқару мақсатына келесідей құрастырса болады: мақта өңдеу кәсіпорнының экономикалық құндылығын жоғарылату және қолма қол ақшаға әрдайым қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін, ақша ағымдарын реттеу жатады. Басқаша айтқанда, кәсіпорынның даму үрдісіндегі қаржы-ақша тепе теңдігін қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның қаржылық есептілігінің көлденең және тік талдауы кәсіпорынның қаржылық жағдайын зерттеудің тиімді құралы болып табылады және оның қаржылық қызметінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік жасайды. Осы талдау негізінде жасалынған ұсыныстар, кәсіпорынның қаржылық жай-күйін айтарлықтай жақсартып алады[36].

2014 жылы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның алғашқы бесжылдығы аяқталады. ҮИИДМБ алдын ала қорытындысы оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізгенін айғақтайды. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 2008 жылмен салыстырғанда нақты мәнде 22,5 % ұлғайды, өңдеуші сектордағы еңбек өнімділігінің деңгейі 37,3 мың АҚШ долларынан 58,5 мың АҚШ долларына дейін ұлғайды. ҮИИДМБ іске асыру шеңберінде 651 жоба пайдалануға беріліп, оларда 67 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылды.

Оң үрдістерге қарамастан, республикада салалардың дамуындағы теңгерімсіздік сақталып отыр, экономиканың өсуіндегі өндірістік секторлардың маңыздылығы төмендеп барады, негізгі капиталға шетелдік инвестицияның құйылуы және республика экспортындағы шикізат емес өнімнің үлесі азаю үстінде. Егер өңдеу өнеркәсібі өнімінің өсу серпінін қарастыратын болсақ, оның қарқыны соңғы жылдар ішінде төмендеп кеткен: өсу қарқыны 13,6 %-ға жеткен 2010 жылмен салыстырғанда 2013 жылдың қорытындысы бойынша өсу деңгейі тек 1,6% болып отыр. Бұдан басқа, жалпы ішкі өнімнің озыңқы қарқынмен өсуі есебінен оның да құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі азайып келеді. 2010 – 2013 жылдар ішінде өңдеу өнеркәсібі секторының ЖІӨ-ге үлесі 0,7 пайыздық тармаққа қысқарып, 10,6 %-ды құрады. Бұл ретте ҮИИДМБ-ның 2015 жылғы нысаналы индикаторы өңдеу өнеркәсібінің ЖІӨ құрылымындағы үлесін кемінде 12,5 % деңгейіне дейін жеткізу болып табылады[37].

Секторды қаржыландыруды қалпына келтіру процесінің ұзаққа созылуы өңдеу өнеркәсібінегі өсу қарқынының баяулауының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Соңғы тоғыз жыл ішінде өңдеу өнеркәсібіне кредит берудегі үш кезеңді бөліп көрсетуге болады:

- 1) дағдарысқа дейінгі кезең (2008 жылға дейін) – екінші деңгейдегі банктердің несие қоржынының біртіндеп ұлғаюы;
- 2) дағдарыс кезеңі (2008 – 2010 жылдар) – кредит беруді тоқтата тұру және несие қоржынын 440 – 455 млрд. теңге деңгейінде тіркеу;

3) дағдарыстан кейінгі кезең – соңғы 4 жылда қоржынның 455 млрд. теңгеден 876 млрд. теңгеге дейін 2 есеге артуы.

2010 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының іске қосылуы ЕДБ кредит беруі үшін өңдеуші секторды тартымдырақ етті. Өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудың көрсетілген бағдарламада көзделген сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру сияқты шаралары жыл сайын берілетін қаржы көлемін 383 млрд. теңгеден 938 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл шаралар ЕДБ-дағы өтімділікті экономиканың басым секторларына кредит беруге тартуға бағытталған болатын. ЕДБ-ны мемлекет тарапынан қорландыру жүзеге асырылған жоқ.

Дегенмен, қазіргі уақытта өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бәсеңдеген кезде экономиканың осы секторының кәсіпорындары үшін, әсіресе, орта кәсіпкерлік үшін қаржы қаражатына деген тапшылықтың қалыптасқаны айқындала түсті. Егер өңдеу өнеркәсібі өнімінің жалпы көлеміндегі орта кәсіпкерлік өнімінің үлесін қарастырар болсақ, 2010 – 2013 жылдары ол 22,8 %-дан 15,4 %-ға дейін төмендеген. Мұндай төмендеу ЕДБ кредиттерінің жалпы көлемінде өнеркәсіптегі орта кәсіпкерлікке берілетін кредиттер үлесінің азаюы аясында орын алғанының маңызы аз емес: 2010 жылғы 19,4 %-дан 2013 жылы 12,3 %-ға дейін азайды, ал 2013 жылы жедел деректер бойынша кредиттің абсолютті мәнде 20 млрд. теңгеге азаюымен бірге, өңдеу өнеркәсібіндегі орта кәсіпкерлік өнімін шығару 85 млрд. теңгеге төмендеді. Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының кредитке деген сұранысы жалпы экономикаға қарағанда жоғары.

ЕДБ ұсынатын сыйақы мөлшерлемелері экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар межелегеннен едәуір жоғары. Өңдеу өнеркәсібіндегі ұзақ мерзімді кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі орта есеппен 11,4 % деңгейінде болса, экономиканың нақты секторындағы (оның ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі) кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлеме теңгемен 8,7 % және шетел валютасында 6,9 % деңгейінде.

Соңғы бірнеше жылдар бойы межелі (қолайлы) пайыздық мөлшерлеме деңгейін экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың азайту үрдісі байқалып келеді, яғни экономиканың басым секторларындағы кәсіпорындар бүгінде неғұрлым төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша қарыз капиталын қажет етеді.

Орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несие беру шарттары мен рәсімдерін белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-несиелік қамтамасыз етудің әр түрлі деңгейлі үлгісі жасалынды. Қазақстанда өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ат салысатын негізгі мынадай қаржылық институттар қызмет етеді: «Қазақстанның даму банкі» АҚ, "Байтерек девелопмент" АҚ, «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту

қоры» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы АҚ және тағы басқалары.

Бұл ретте, өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарына кредит беруге деген ЕДБ қызығушылығы өткен кезеңмен салыстырғанда біршама төмендеп кетті – кредит бөлгісі келетін ЕДБ саны 47 %-дан 35 %-ға дейін азайды.

Кесте 16- Трендтік талдаудың салыстырмалы мағынадағы есептеу алгоритмі (2010-2013 жылдардағы «KazER» ЖШС теңгерімінің активі мысалында), мың теңге

АКТИВТЕР	2010		2011		2012		2013	
	Σ	Базалық жылман салыстырғанда,	Σ	ауытқуы 2010 ж салыстырғанда	Σ	ауытқуы 2011 ж салыстырғанда	Σ	ауытқуы 2012 ж салыстырғанда,
Негізгі қаражаттар	322 439	100%	247 050	76,62%	325 522	100,96%	330 514	102,50%
Материалдық емесс активтер	3 555	100%	9 805	275,80%	7 189	202,22%	6 229	175,20%
Жеткізушілерге негізгі қаражаттар бойынша берілген аванстар	1 529	100%	1 886	123,38%	417	27,30%	638	41,78%
Банктік салымдар	5621	100%		0,00%		0,00%	6 000	1067,52%
Өзге ұзақ мерзімді активтер	1 079	100%	194	18,06%	170	15,79%	351	32,52%
Ұзақ мерзімді активтердің барлығы	329 265		264 200	80,24%	342 418	103,99%	376 152	114,24%
Тауар-материалдық қорлар	3 210	100%	3 192	99,45%	3 191	99,40%	2 784	86,74%
Сауда-саттық және өзге дебиторлық берешек	6 209	100%	7 035	113,30%	6 552	105,53%	7 689	123,84%
Жеткізушілерге берілген аванстар	288	100%	685	237,29%	742	256,79%	744	257,79%
Корпоративтік табыс салығына алдын ала төлем	1 270	100%	1 946	153,21%	1 337	105,23%	1 756	138,20%
Қосымша құн салығын өтеу және басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	10 643	100%	5 530	51,97%	6 471	60,81%	3 633	34,14%
Басқа ағымдағы активтер	940	100%	670	71,23%	1546	16,42%	262	27,88%
Банктік салымдар	20	100%	25	122,03%	40	197,51%	35	169,48%
Ақша қаражаттар және оның баламалары	29 941	100%	16 401	54,78%	16 914	56,49%	21 852	72,98%
Сату үшін арналған активтер	26	100%	378	1411,96 %	0	0,00%	29	110,09%

Ағымдағы активтердің барлығы	76 947	61 132	79,45%	76 296	99,15%	73 876	96,01%
Активтердің барлығы	406 213	325 333	80,09%	418 714	103,08%	450 028	110,79%
Ескертпе- кәсіпорын мәліметтері негізінде дайындалған [37].							

Сондай-ақ, теңгенің құнсыздануы да өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қаржыландыруға келеңсіз әсерін тигізді. Банктік емес заңды тұлғалар кредиттерінің 37 %-ға жуығын шетел валютасындағы кредиттер құрайды. Бағамдық айырма нәтижесінде кредиттерге қызмет көрсету бойынша өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына түсетін жүктеме 570 млрд. теңгеге немесе жиынтық несие берешегінің 7 %-ына өсті.

Осылайша, өңдеу өнеркәсібінің жобалары үшін кредит қаражатының қолжетімділігін арттыру қажеттігі өңдеу өнеркәсібіндегі орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды талап етеді [38].

Басқару қызметтері мен құрылымы экономикалық басқару жүйесін ұйымдастырудың екі жағы болып табылады және басқару үрдісінің мазмұны мен нысанын анықтайды. Кәсіпорынның қаржы-ақша ағымдарын басқару жалпы басқару жүйесінің құрамды бөлігі болғандықтан, ол да жалпы ұстанымдарға негізделеді.

«KazER» ЖШС өңдеуші кәсіпорын болып табылады. Бұл кәсіпорын орта бизнес субъектісі болып табылады.

Дегенмен, іс жүзінде бұл жоғарылатушы коэффициенттер нақты инфляция деңгейлерін ескере алмайды.

Кесте 17 – Өңдеуші салада жұмыс істейтін кәсіпорынның қаржы-ақша ағымдарын басқару мақсаттарын жіктеу

Жіктеу белгілері	Мақсаты
Басымды мәні бойынша	-қаржы ресурстарын қалыптастыру; -ақша қаражаттарын бөліп тарату; -ақша қаражаттарының қалдығын тиімді реттеу
Басқару объектілері бойынша	-мақта өңдеу кәсіпорындарындағы қаржы- ақша ағымдарын ұйымдастыру; -қызмет сегменттері бойынша қаржы-ақша ағымдарын қалыптастыру; -құрылымдық бөлімшелері бойынша қаржы- ақша ағымдарын қалыптастыру
Маңыздылығы бойынша	-негізгі мақсаттар; -қосалқы мақсаттар.
Басқару деңгейлері бойынша	-қаржы-ақша ағымдарын стратегиялық басқару; -қаржы-ақша ағымдарын ағымдық басқару; -қаржы-ақша ағымдарын шұғыл басқару.
Ескерту – Әдебиет көздерін жинақтау нәтижесінде авторман жасалған [37].	

Кәсіпорынның жиынтық активтерінде ұзақ мерзімдік және ағымдық активтердің үлесі бұл кәсіпорынның несиелер ресурстарын тиімді пайдаланғанын көрсетіп отыр.


Орта бизнес субъектісінің қаржылық жағдайын талдау және екінші банктерден алған несиенің пайдалану тиімділігін бағалау өз кезегінде орта бизнес субъектілерінің өз қаржы ресурстарын тиімді пайдалана алмайтындығын, бұл өз кезегінде кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды орта бизнеске тартуға және мамандарды дайындауға арналған шығындарды корпоративтік салықты есептегенде шегерімге жатқызу қажеттігін тудырады.

Кесте 18- 2011-2013 жылдардағы салыстырмалы мағынадағы ЖШС «KazER» жиынтық активтерінде ұзақ мерзімдік және ағымдық активтердің үлесі, мың теңге

Актив	2011		2012		2013	
	сомасы	%	сомасы	%	сомасы	%
Ұзақ мерзімді активтердің барлығы	264 200	81,21%	342 595	81,78%	376 152	83,58%
Ағымдағы активтердің барлығы	61 132	18,79%	76 296	18,22%	73 876	16,42%
Активтердің барлығы	325 333	100,00%	418 714	100,00%	450 028	100,00%

Ескертпе- кәсіпорын мәліметтері негізінде дайындалған [37].

11-сурет құрылымынан көріп отырғанымыздай, жалпы берілген несиелер көлемі көбейгенмен, жыл сайын ұлттық және шетел валюталарында ұзақ мерзімді несиелердің көлемі ұлғайды. Демек, орта бизнесті несиелеу мерзімінің ұзару тенденциясы байқалады. Ол көбіне банктердің «ұзын» ақшалардың көбеюімен, яғни жоғарыда аталған шетелдік несиелер желілерін және халықаралық қаржы институттарының инвестицияларын тартумен түсіндіріледі.



Сурет 11- 2009-2012 жылы орта бизнес субъектілерін берілген несиелер көлемі

Ескертпе- автормен жасалған [33].

Кәсіпорындағы қаржы-ақша ағымдарын басқару маңызы мен қажеттілігін қайта бағалау өте қиын, себебі оның сапасы мен тиімділігіне кәсіпорынның тек тұрақтылығы ғана емес, сонымен қатар, ары қарай дамуы, ұзақ мерзімге қаржылық жетістікке жетуі әсер етеді.

Мемлекет тарапынан өңдеуші саладағы кәсіпорындарға банктердің кредиттері бойынша кепілдіктер жаңа жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған іске асырылатын жобалар бойынша ғана кепілдік беріледі. Кепілдік беру жүзеге асырылатын кредиттер сомасы бір қарыз алушы үшін 3 млрд. теңгеден аспайды. Кепілдік мөлшері кредит сомасының 50 %-дан жоғары болмауы тиіс. Кепілдік берілетін кредиттің ең жоғары мерзімі 10 жылдан аспауы тиіс. Айналым қаражатын қаржыландыру негізгі құралдарды сатып алуға немесе жаңғыртуға арналған кредит шеңберінде жүзеге асырылады, бірақ кредит сомасының 20 %-нан аспайтын жағдайларды қоспағанда, айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер бойынша кепілдік беру жүзеге асырылмайды[39].

ҚР салықтық заңнамасында шағын кәсіпорындар үшін оңайлатылған декларация режимі, ал жеке кәсіпкерлер үшін патент және оңайлатылған декларация қарастырылған. Бұл шағын кәсіпорындар санының өсу қарқынының және оның негізгі көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеліп соқты. Сондықтан, орта кәсіпорындардың табысын заңдастыратын, салықтық ауыртпалықты азайтатын, есеп пен есептілік жүйесін оңайлатып, салық салу базасының кеңеюі есебінен салықтар түсімі артатын салық салудың оңайлатылған режим түрін енгізу керек. Көрсетілген оңайлатылған жүйе бірінші кезекте азық-түлік тауарларын, халықтың тұтыну тауарларын өндіру, тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысына берілу қажет. Өйткені қазіргі таңда осы салалар қолдауды қажет етіп отыр.

Қарапайым әдісін қарастырайық: мұнда салық сомасы ставканы, базалық табыстылық мәнін, кәсіпкерлік қызметке әсер ететін физикалық көрсеткіштердің санын ескере отырып есептеледі. Сонымен қатар, келесі формула бойынша базалық табыстылықтың жоғарылау (төмендеу) коэффициенттері ескеріледі:

$$T=(D \times N \times G \times K): 100 \quad (3.1)$$

мұндағы: T- табысқа салық, D- базалық табыстылық, N- физикалық көрсеткіштер саны, G- салық ставкасы, K- базалық табыстылық коэффициенті.

Базалық табыстылық- бұл құндық нысанындағы бірлік физикалық көрсеткіштің (аудан бірлігі, қызметкерлер саны) шартты табыстылығы. Базалық табыстылықтың коэффициенті кәсіпкерлік қызметтің нәтижесіне әртүрлі факторлардың (қызметтің түрі немесе орны, аймақ, өндірілетін тауардың түрі немесе сапасы және т.б.) әсер ету деңгейін көрсетеді.

Сонымен, орта кәсіпкерлікті дамытуда мемлекет тарапынан қаржылық қолдау жүргізу қажет. Даму институттарының орта бизнесті қаржылық қолдауда пайдаланатын тетіктерінің тиімділігін анықтау ең негізгі мәселе болып табылады[40].

Кәсіпорынның қаржылық қызметін ұйымдастырудың табыс әкелетін қызмет түрлері секілді басымдылығы болуы тиіс. Өнеркәсіптік кәсіпорында қаржы ресурстарын қалыптастыру механизмі өндірістік, ұйымдастырушылық, басқарушылық шешімдердің өзара әрекет етуі кезіндегі көптеген факторларға және әрбір кәсіпорынның қаржылық саясатына тәуелді болып келеді. Экономистердің тұжырымдауынша, кәсіпорынның ресурстарды сатып алуға бағытталған ақша қаражаттары оның өндірістік шығындарына кіреді, сондықтан да кәсіпорын ресурстарды барынша көп табыс алуға мүмкіндік беретіндей мөлшерде және үйлесімділікте пайдалануға ұмтылады. Кейін келе олардың тиімділігі жағынан бағаланатын қаржылық ресурстарды қалыптастырудың нақты көздерін таңдау мен белгілеу тұрақты қалыптасқан мәселе болып отыр.

Қандай ресурстарды қалыптастыру керектігіне қарай қаржыландыру көздеріне беталыс әдісін таңдаумен байланысты болып келеді, мысалы, ақша қаражаттары – банктердің несиелері; ақша эквиваленттері – бағалы қағаздар; негізгі құралдар – лизинг және т.б.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда қаржыландыру көздерін қалыптастырудың дәстүрлі түрлерін ғана емес, сонымен бірге өндіріс көлемін арттыру және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, сондай-ақ өзінің экспорттық мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен кеңейту мақсатында үлкен көлемде қазіргі заманғы және альтернативті әдістерді пайдаланған жөн[41].

Экономика дамуының осы кезеңінде көптеген кәсіпорындар өздерін қаржыландыру үшін қаржы ресурстарынан тапшылық көреді. Қазақстандағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігінің негізгі өндірістік қорлары да толық табиғи тозу сатысында тұр, моральдік жағынан ескірген. Осыған байланысты өндірістік әлеуетті жаңарту, жаңғырту, қайта жарактау мен қайта құру көккейкесті мәселе болып отыр. Бүгінгі таңда кәсіпорындарға қаржы ресурстарын қалыптастырудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалану керек. Лизинг, бағалы қағаздарды шығару, факторинг, форфрейтинг және инвестициялар секілді олардың кейбіреулеріне тоқталып өтейік.

Лизинг кәсіпорынның ресурстық әлеуетін қаржыландырудың жаңа, дәстүрлі емес, қосымша жүйесі болып табылады және онда жалға беру қатынастары, кепілмен несиелік қаржыландыру элементтері, борыштық міндеттемелер бойынша есеп айырысу және басқа да қаржылық механизмдер қамтылған. Лизинг шаруашылық қызметті қаржыландырудың бір түрі және негізінен кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерді жаңарту мен толықтыруға ақша қаражаттары жетіспеген жағдайда қолданылады. Ол кәсіпорындарға бір жолғы шығындарсыз едәуір қажетті өндіріс құралдарын алуға, сондай-ақ негізгі қорлардың тозуымен байланысты болатын зиянды болдырмауға мүмкіндік береді[42].

Қазіргі уақытта Қазақстанның көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарының негізгі өндірістік қорлары қаржы ресурстарын толықтырудың едәуір ашық, тиімді жолдарын іздестіре отырып, нақты жаңартуды талап етеді. Қаржыландырудың осындай көздерінің бірі лизинг болып табылады.

Лизингтің әр алуан түрлері бар: жедел, қаржылық, қайтарымды, компенсациялық, жаңартылатын лизинг, жылжымайтын мүлік лизингі, «стандарт» лизингі, «жеткізушіге берілетін» лизинг және ақша қаражаттарын тарта отырып, берілетін лизинг, т.б.

Қазіргі заман жағдайларында факторингтік операциялар саласы компания-клиенттің бухгалтерлік шоттарын жүргізу, өнімді тасымалдау және оны өткізу, сақтандыру және т.б. қамти отырып, біршама кеңеюде. Факторингтік қызметтерді көрсететін қаржы институттары клиенттерді есеп айырысудың едәуір тиімді түрлеріне өту мүмкіндіктері туралы хабарлап, клиенттерге өздерінің декларацияларын толтырған кезде қолданыстағы салық жеңілдіктерін барынша толық пайдалануға көмектеседі, сенім білдірілген қызметтерді көрсетеді және т.б. Олар сондай-ақ ірі трансұлттық корпорацияларға халықаралық операциялар бойынша ағымдағы есеп айырысуларға кешенді түрде қызмет көрсетеді: төлемдерді жинау, талаптарды жабу, жалақы төлеу және т.б.

Осы операциялар бойынша ақша түсімдері мен шығындар бірыңғай баланста берілуі мүмкін (клиент таңдаған валютаға қайта есептеу).

Кәсіпорынның дебиторлық қарыздарын барынша жылдам жабу және оны едәуір таратылымды активке айналдыруда факторингтің маңызы ерекше[43].

Факторинг мәміленің барлық қатысушыларына экономикалық жағынан тиімді. Кәсіпорын үшін (клиент-жеткізуші) – бұл тауарлардың ақысын уақытында төлеуге деген сенімділігін, несие тәуекелделігін сақтандыру. Факторингтік компания немесе банк үшін - комиссиялық сыйақыларды алу болып табылады.

Сөйтіп, өндіріс саласындағы орта бизнес субъектілерін қаржылық қолдаудың әртүрлі тетіктерін пайдалану қажет.

2.3 Өнеркәсіпті өңдеу саласындағы орта бизнес компанияларын дамытуда пайдаланылатын қаржылық құралдардың тиімділігін экономикалық-математикалық әдістер арқылы бағалау

Орта бизнес заңды тұлғаларының өндірістік кәсіпорындардағы қаржы қорлары мына көздер есебінен құрылады: меншікті көздер (амортизациялық аударымдар, табыс (пайда), басқалары); банк кредиттері; бағалы қағаздар шығарудан түсетін қаражаттар; мемлекеттік кәсіпорындарда қаражаттардың бұл көздері қажет жағдайларда бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан қаржы бөлумен толықтырылады; кооперативтерде - кооператив мүшелерінің үлестік жарналарының қаражаттары.

2014 жылғы мәліметтерге сүйенсек, 5128 орта бизнес субъектілерінің ішінде 3165 орта кәсіпорын пайда тапқан және пайда көлемі 708670 млн тенге болған. Ал, залал шеккен кәсіпорындардың саны 1963 және залал көлемі 335789 млн тенге болып отыр. Өңдеу кәсіпорнын алсақ, 799 кәсіпорын тіркелген және олардың орта бизнес субъектілеріндегі үлесі 16 пайыз болып отыр. Сол өңдеу өнеркәсібі орта бизнес субъектілерінің ішінде 566 кәсіпорын 70187 млн теңгеге пайда тапты және олардың үлес салмағы 63 пайыз болып отыр. Өңдеу өнеркәсібі орта бизнес субъектілерінің 293 залал шекті және зала сомасы 36321 млн теңге болып отыр. Бұл кәсіпорындардың үлесі 15 пайыз болып отыр.

Кәсіпорын қаржысы барлық қаржы жүйесінің бастапқы негізі болып табылады және жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты, ұлттық байлықты өндіру, бөлу және пайдалану бойынша, табыстарды, ақша жинақтарын және қаржы ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану бойынша экономикалық қатынастардың жиынтығын білдіреді[44].

Кәсіпорын қаржысын дұрыс ұйымдастыру - еңбек, материалдық және ақшалай ресурстардың ең аз шығындарында шаруашылық қызметтің ең жақсы нәтижелеріне қол жеткізудің маңызды жағдайларының бірі.

Кесте 19 – Орта кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-ақша ағындарын басқару ұстанымдары

	Ұстанымдар	Мазмұны
1	шаруашылық еркіндігі	Қолданыстағы заңнамалар негізінде ішкі қаржы-ақша ағымдарын реттеу мен сыртқы қаржы –ақша ағымдарын ұйымдастыруда еркін түрде шешімдер қабылдау
2	өз-өзін қаржыландыру	Тиімді ақша қаражаттарын салу барысында меншікті ақша қаражаттарына басымдық жасау
3	шаруашылық қызметтің нәтижесіне жауапкершілік	әрбір құрылым, жауапкершілік орталығы,тауарлы өнім түрі және оның қабілетінің үлесін бағалауға мүмкіндік бере алатын трансферттік баға жүйесін құру және пайдалану
4	қызығушылық	Келесі өндіріс циклін қамтамасыздандыруға жеткілікті қаржы–ақша ағымын қалыптастыра алу мүмкіндігінен тұрады
5	экономикалық	Қаржы-ақша ағымдарының кірісінің шығысымен

	тиімділік	салыстырғандағы тұрақты және өспелі түрде артуына қол жеткізу
6	қаржы–ақша ағымдарының тәуекелділігі әсерін бағалау	Нарықтық экономика жағдайында туындайтын қаржы-ақша ағымдарының тәуекелділігін басқару саясатын құру және оның ықпал етуін бағалау
7	Қаржы–ақша ағымдарын бақылау	Кәсіпорынның қаржы-ақша ағымдарының нәтижелілігін, мақсаттылығын және заңдылығын тексеру
Ескерту – Әдебиет көздерін жинақтау нәтижесінде автормен жасалған [37].		

Кәсіпорындағы қаржы-ақша ағымдарын басқару маңызы мен қажеттілігін қайта бағалау өте қиын, себебі оның сапасы мен тиімділігіне кәсіпорынның тек тұрақтылығы ғана емес, сонымен қатар, ары қарай дамуы, ұзақ мерзімге қаржылық жетістікке жетуі тәуелді.

Мұндай түрдегі ақпаратты, ғылыми негізделген қағидалар мен тәсілдерден құрылған, ақша ағымдарын басқарудың талдамалық қамсыздандыру жүйесі ғана ұсына алады[45].

Кесте 20-Орта бизнестің дамуына әсер ететін факторлар

Сыртқы факторлар		Ішкі факторлар	
Жалпы экономикалық	Экономикалық дамудың циклдылығы Транснационалды банктердің қаржылық саясаты Шетелдік әріптестердің қаржылық жағдайы Бірлескен кәсіпорындардың құрылуы Еркін экономикалық аймақтардың құрылуы Тарифтік келісімдер мен квоталар	Ұйымдастырушылық	Меншіктің ұйымдастырушылық құқықтық нысаны Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы Өндіріс құрылымы және мамандану нысаны Өндірістің әртараптануы Кәсіпорынның өмір сүру сатылары Өндірістің шоғырлануы Мамандану және бірігу
Саяси	Заңдылық нормалар Экономиканы реттеу ұстанымдары Монополияны шектеу	Өндірістік технологиялық	Өндірістік циклдың ұзақтығы Өндірістік қорлардың деңгейі Қаражаттар айналымы Өндірістің өсу қарқыны Өндіріс потенциалы Өнім сапасы және оны қамтамасыз ету шығындары Операциялық леверидж

Экономикалық	Экономикалық дамудың циклдылығы Сатып алу қабілеті Төлемқабілеттілік сұраныс Кәсіпкерлік белсенділік Инфляция деңгейі Тауарлы нарықтың конъюктуралық жағдайы Құнды қағаздар нарығының конъюктуралық жағдайы	Маркетингтік	Стратегиялық мақсаттар Нарық сегментациясы Баға саясаты Өткізу саясаты Бәсекелестікті бағалау Жеткізушілердің қаржылық жағдайының салыстырмалы тұрақтылығы
Қаржылық	Қаржылық саясат Қаржылық жүйенің жағдайы Салықтық саясат Несие саясаты Мақсатты қаржыландыру мен ұзақ мерзімді пайызсыз қарыз алу мүмкіндігі	Қаржылық	Қабылданған қаржылық стратегия Инвестициялау мүмкіндігі мен қажеттілігі Инвестиция тарту мүмкіндігі мен қажеттілігі Амортизациялық саясат Қаржыландыру циклының ұзақтығы Контрагенттермен есеп айырысу жүйесі Кәсіпорынның есеп төлем балансындағы ақшалай емес есеп айырысудың шамасы Қаржылық леверидж Қаржы-ақша ағымдарының тәуекелі Төлем қабілеттілік Капитал құны
Салалық	Өмір сүру циклының сатылары Өндірістің кезеңділігі Бәсекелестік Өндіріс шығындарының деңгейі Өнім сапасы Нарық үлесі Саланың даму деңгейі және оның пайда табу тенденциясының өзгеруі		
Ескертпе-Автормен жасалған [46].			

- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін арттыру мен қалыпты жұмысын қолдау үшін қажетті көлемдегі қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету, сонымен қатар инвестициялық қызметті қаржыландыру;

- барлық ағымдық қаржылық міндеттемелердің орындалуы мен есеп айырысуын ұйымдастыру;

- қаржылық ағын шығындарды толтыруда, қаржыландыру көзінен қаражатты алу, толтыруда (ақша эквивалентінде) сатылған өнім мен өндірістік тізбектегі көрсетілген қызметті төлегенде пайда болады.

- ішкі қаржылық бақылау мен қаржылық ресурстардың құрылуы мен пайдалануын талдау;

- кәсіпорынның активтерін пайдалану рентабельділігі тиімділігін арттыру, айналым құралдарының сақталуын қамтамасыз ету[46].

Мақта өңдеу кәсіпорыны үшін ақша қаражаттарының шығуын құрайтын маңызды құраушылардың бірі, жоспарлауда өзіндік бюджет деп бөлініп қарастырылатын, коммерциялық және басқару шығындары болып табылады. Кәсіпорынның ақша ағымдарын талдауда өткен кезеңдермен салыстырғандағы есепті кезеңдегі ақша ағымдарына сипаттама беретін бірқатар көрсеткіштер анықталады және жоспарлауда ескерілетін көрсеткіштер ара қатынасы тағайындалады.

Қазіргі таңда өңдеу саласындағы жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың қызметінің дамуын болжау жүйесін құру аса маңызды болып отыр. Аймақтық жоспарлар, болжамдар, бағдарламалар және келешектегі зеттеулер орта кәсіпкерліктің саясатын анықтауда маңызды рөл атқарады. Ол, өз кезегінде, аймақтардың әлеуметтік- экономикалық дамуындағы мәселелерді шешуде, орта кәсіпкерліктің рөлі мен орнын анықтауда және кәсіпкерлік қызметті дамытудың басым бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік – экономикалық дамудың мақсатын өзара салыстыру келешек мерзімде жүзеге асыру керек өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді. Индустриалды дамыған елдердің тәжірибесі экономикалық болжау арқылы жасалған әлеуметтік және экономикалық дамудың ұзақ мерзімді бағдарламалары экономиканы реттеудегі өміршеңдігін көрсете білді. Өзінің даму траекториясында толық экономикалық еркіндікке ие болатын жеке секторлы шаруашылықтың нарықтық үлгісі жағдайында кәсіпкерлік қызметті болжаудың маңыздылығы артып отыр[47]..

Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік қызметті болжау нысандары ретінде кәсіпкерлік іс-әрекеттер, үрдістер, құбылыстар, оқиғалар қарастырылуы мүмкін. Оларға өндірілген өнім көлемі, бюджет төлемдері, бөлінген несиелер, жұмыс істейтіндердің саны және т.б. жатады.

Болжау өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік қызметті басқарудың, қоғамдық өрлеу көзқарасы жағынан ең маңызды мәселелерін шешудің маңызды құралы болғандықтан қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Алдын ала көру, нәтижелерді бағалау адамзаттың басқарушылық іс-әрекетіне әрқашан тән болатын. Кез келген шешім қандай да бір мөлшерде болсын болжамды да енгізеді [48] .

Болжамдау өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік қызметтің жақсаруын жоспарлаудың ғылыми негізі болып табылады. Сонымен қатар, болжамдаудың шынайылығы мен жоспардың нақтылығы арасында тікелей байланыс бар: болжам дәлірек болған сайын, жоспарды үйлесімдіруге мүмкіндік мол болады. Болжамдау жоспарды құрғанда ғана емес, сонымен қатар жоспардың орындалуында да, реттеуде де және қадағалауда да қажет.

Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік қызметтің даму болашағын терең бағалау кез келген динамикалық үрдісте бар белгісіздіктердің өсуінің арқасында күрделі мәселеге айналып, болжаудың нақты әдістерін таңдауға итермелейді.

Барлық көрсеткіштер үшін ең ұтымды түзу келесі түрде болатынын көрсетуге болады:

$$Y_t = a + bt \quad (2.1)$$

Мұндағы, Y – t уақыт кезеңіндегі сәйкес y_t түзетілген мәні; y_t нақты мәнінен ауытқыған; $y_t - Y_t$ минимумға түзетілген дәрежелер сомасына айналдыратын a және b – тұрақтылар болып табылады. $\sum (y_t - Y_t)$ дәрежелер қосындысын минимумға айналдыратын A және B параметрлері келесі формуламен есептеледі:

$$b = \frac{n \sum ty_i - \sum t \sum y_i}{n \sum t^2 - (\sum t)^2} \quad (2.2)$$

мұнда b регрессия коэффициенті деп атаймыз;

$$a = \frac{\sum y_i}{n} - \frac{b \sum t}{n} \quad (2.3)$$

Ол регрессия сызығының ордината осімен қиылысу дәрежесін сипаттап, $t=0$ болғанда Y_t тең болады [49].

Болжам жасауға кіріспес бұрын ең алдымен айнымалылар арасындағы өзара байланысты корреляция r және детерминация r^2 коэффициенттерін қарастырайық.

Корреляция коэффициенті -1 ден $+1$ ауытқып, екі айнымалы арасында тығыз тәуекелділіктің өлшемі қызметін атқарады, атап айтатын болсақ (y) тәуелді айнымалы мен «уақыт» (t) тәуелсіз айнымалы арасындағы айнымалы қатарлар үшін $r=0$ болған жағдай көрсетілген; y пен t арасында корреляция жоқ;


$r \longrightarrow +1$; y пен t арасында күшті оң корреляция бар; көп жағдайда t мәнінің жоғарлауы y мәнінің жоғарлауына алып келеді.

$r \longrightarrow -1$; y пен t арасында күшті кері байланыс бар; t мәнінің жоғарлауы y мәнінің төмендеуіне алып келеді.

Детерминация r^2 коэффициенті (яғни, корреляция коэффициентінің дәрежесі) регрессия арқылы түсіндірілетін жалпы дисперсияның үлесі ретінде анықталады.

$$r^2 = \frac{b^2 [\sum t^2 - (\sum t)^2 / n]}{\sum y_i^2 - (\sum y_i)^2 / n} \quad (2.4)$$

Детерминация r^2 коэффициенті әр уақытта оң, ал корреляция коэффициенті r әр түрлі белгілерді иеленеді. Оның белгісі ретінде регрессия b коэффициентінің белгісімен сәйкес келеді. Мысалы, $r=-86$ және $r=68$ жағдайына қарағанда күшті корреляцияны көрсетіп (кері) отыр. r мен r^2 мәні n – бақылау санына тәуелді. Кіші n мәніне y пен t үлкен корреляциялық уақыттық қатар да сәйкес келуі қажет (9 сурет).



Сурет 12 - Екі айнымалы арасында тәуелділік

Регрессиялық қатар арқылы болжамдау келесі түрде жасалынады: t теңдеуінің орнына қажетті мәнді тауып, болжамды табу қажет: $y = a + bt$.

Орта бизнестің қаржылық көрсеткіштерін 2013 жыл кезеңінде сызықтық теңдеу көмегімен болжамдау келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 21 - ҚР өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес нысандарының сызықтық теңдеуі

№	Көрсеткіштер	Сызықтық теңдеу	R^2
1	Орта кәсіпкерлік нысандардың саны	$y = 11463t - 1806,8$	0,9819
2	Орта кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	$y = 27,179t + 91,833$	0,756
3	Орта кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі	$y = 13,418t - 31,383$	0,9386
4	Орта кәсіпкерлік нысандардан бюджетке түсетін түсім, млн.тг	$y = 798,55t - 470,74$	0,8967

Е с к е р т п е – [50] көз негізінде автормен құрастырылған

Біз сызықтық теңдеуді қарастырдық. Енді осы жағдайды бірақ сызықтық емес теңдеулер үшін қарастырамыз (22 кесте).

Кесте 22- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерінің даму көрсеткіштерін сызықтық теңдеу көмегімен болжамдау

№	Көрсеткіштер	Болжам		
		2014 ж	2015 ж	2016 ж
1	Өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлік нысандардың саны	1415	1627	1952
2	Өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	124	148	177
3	Өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлік	1018	1221	1465

	нысандардың шығарған өнім көлемі, млн. тг			
Е с к е р т п е – [51] көз негізінде автормен құрастырылған				

Жоғарыда сипатталған кіші дәрежелер әдісі мен түзу регрессияны таңдау тәртібі қисық теңдеуі бірнеше рет түрленіп $y_t = a + bt$, сызықтық қатарына келтірілген жағдайда да толығымен ауыстырылады.

Тұрақты экспоненциалды қисық $y_t = ae^{bt}$ теңдеуімен анықталады. Бұл теңдеуді басқаша түрде де жазуға болады:

$$y = e^{\ln a} \times e^{bt} = e^{\ln a + bt} = e^{\ln a + bt \ln e} = e^{\ln(a \times e^{bt})} = a \times e^{bt} \quad (2.5)$$

Теңдеудің екі бөлігінен де натуралдық логорифмді алайық. $\ln y_t = \ln a + bt \ln e$ теңдеуін алып, $\ln e = 1$ тең екенін байқаймыз. Одан соң $Y = \ln y_t$, $a' = \ln a$, айнымалыларын ауыстырамыз. Бірқатар түрлендіруден кейін және айнымалыларды ауыстырғаннан кейін $Y_t = a' + bt$ түріндегі сызықтық теңдеуді аламыз. Сәйкесінше a' және b мәндерін МКН көмегімен табамыз.

$$b = \frac{n \sum t Y_t - \sum t \sum Y_t}{n \sum t^2 - (\sum t)^2} \quad a' = \frac{\sum Y_t - b \sum t}{n} \quad (2.6)$$

Кесте 23- ҚР өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнестің көрсеткіштерін экспоненциалды әдіс арқылы болжау

	Көрсеткіштер	Экспоненциалды теңдеу	R^2
	Кәсіпкерлік нысандардың саны	$y = 13474 e^{0,2288t}$	0,8847
	Кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	$y = 85,357 e^{0,149t}$	0,6319
	Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі	$y = 1,0112 e^{0,5058t}$	0,8938
	Кәсіпкерлік нысандардан бюджетке түсетін түсім, млн.тг	$y = 785,81 e^{0,2556t}$	0,8933
Е с к е р т п е – [52] көз негізінде автормен құрастырылған			

Елімізде орта кәсіпкерліктің шешуі тиіс алғашқы тапсырма бұл халықты жұмыспен қамту, отандық өндіріс дамуын ұйымдастыру және нарықты ішкі өндірушілердің тауарларымен толықтыру болып табылады. Экономикалық өсуде ең бастысы ұлттық және халықаралық тауар өндірушілерге өндірісті инвестициялау үшін түрлі жағдайлар жасау, халықаралық экономикалық тенденцияларды тиімді пайдалана білу екенін халықаралық тәжірибе растайды. Бұл бәрінен бұрын орта кәсіпкерлікті несиелеу заңдылықтарында толық есепті экономикалық үрдістердің интернационализациялануына қатысты болып табылады.

Дамыған елдердің тәжірибесі дәлелдегендей орта кәсіпкерлік ахуалға шапшаң бейімделеді. Олардың экономиканы қайта құру қарқынын жедел тездетіп, шығынның тез өтелуін қамтамасыз етуге, тұтынушы сұранымының өзгеруін жедел байқап, бәсекелестіктің өрісін кеңейте түсуге, салалық және аумақтық монополизмге төтеп беруге көмектеседі.

Сондықтан, Қазақстанда орта кәсіпкерлік жүйесін қалыптастыру үшін қажетті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Нәтижеде орта кәсіпкерлік бастан кешіріп отырған қиыншылықтарға қарамастан, экономиканың серпінді дамып келе жатқан бөлігі болып отыр. Ең бастысы орта кәсіпкерлік саны өсіп, онда жұмыс істейтіндер саны көбеюде[53].

Елімізде орта кәсіпкерлікті дамыту жолындағы көптеген кедергілер бүгінгі күні жойылып жатыр. Дегенмен, орта кәсіпкерліктің дамуына күрделі проблемалар баршылық. Соның бірі орта кәсіпкерлікте қаржылық-несиелік проблемалар. Осы проблемаларды жою мақсатында төмендегілерді ұсынуға болады:

- несие алуда кедергілерді жою;
- орта кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымын күшейту;
- несие мерзімін ұзарту және өтеу пайыздарын төмендету;
- несие алуда құжаттар санын азайту;
- орта кәсіпкерліктің бухгалтерлік бөлімдеріне білікті кадрларды тарту.

Әрине, мұндай шараларды елдегі банктер іске асырады. Орта кәсіпкерлікті несиелеуде екінші деңгейлі банктердің рөлін арттыру мақсатында келесідей жолдарды ұсынға болады:

- екінші деңгейлі банктер орта кәсіпкерлікті несиелеуді жетілдіру үшін мемлекеттік қолдау қажет;
- мемлекет екінші деңгейлі банктердің орта кәсіпкерлікті несиелеуден мүдделі, сондықтан несиелеуде пайыздық төлемдердің бір бөлігін өз мойнына алуы тиіс. Сонда банк тәуекелділіктері де азаяды және несиелеу көлемі кеңейеді;
- мемлекет банк несиелеріне кепілдік беру мен сақтандыруды қолға алуы тиіс[54].

Еліміздің әрбір азаматы осы құқықтық нормативтерге сүйеніп іс жүргізсе және өз міндеттерімен құқықтыран толық орындап, мемлекеттік бюджетке салықтарды өз уақытында төлеп жүрсе, біздің елімізде де қысқа мерзім ішінде орта кәсіпкерлік дамып, Қазақстан экономикасының дамуына өз септігін тигізеді.

Кесте 24- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес нысандарын экспоненциалды теңдеуінің көмегімен болжамдау

№	Көрсеткіштер	Болжам		
		2014 ж	2015 ж	2016 ж
1	Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы	1608	1929	2314

	орта бизнес кәсіпкерлік нысандардың саны			
2	Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	129	154	184
3	өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі, млн. тг	1110	1332	1598
Е с к е р т п е – [55] көз негізінде автормен құрастырылған				

Бағдарламада орта кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарының санын арттыру, айқын бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа табы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген.

Кесте 25- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес нысандарының дәрежелік теңдеуі

№	Көрсеткіштер	Дәрежелік қисық	R^2
1	Кәсіпкерлік нысандардың саны	$y = 9688,6t^{1,07}$	0,9767
2	Кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	$y = 59,834t^{0,7852}$	0,8975 0,756
3	Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі	$y = 0,5102t^{2,3372}$	0,9632
4	Кәсіпкерлік нысандардан бюджетке түсетін түсім, млн.тг	$y = 731,66t^{0,9487}$	0,8488
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде автормен құрастырылған			

Тауар ағынының қаржылық қызмет көрсетуінің негізгі мақсаты олардың қажетті көлемде, мерзімде қаржылық қормен қозғалысы. Ең қарапайым жағдайда әр тауар ағынына өзіне сәйкес қаржылық ағын сәйкес келеді.

Қаржылық ағын параметрлері кәсіпорынның сәттілік және тұрақтылығы ретінде қызмет етеді, басқарушылық қызметтің нәтижелігін дәлелдейді, ол контрагенттермен өзара қарым-қатынасты жоспарлау және ұйымдастыруда қажет. Мысалы, келесі жылға бюджетті құрастырғанда, болашақтағы түсімдер мен қажетті салымдарды болжамдайды, табыс пен тиімділік көрсеткіштерін, инвестициялар мен кредиттер негіздемесін, келісім шарттарды жасауды қарастырады.

Кесте 26- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес нысандарын дәрежелік теңдеуінің көмегімен болжамдау

Көрсеткіштер	Болжам		
	2014 ж	2015 ж	2016 ж
Кәсіпкерлік нысандардың саны	1608	2010	2541
Кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	130	161	201

Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі, млн. тг,	1156	1329	1581
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде автормен құрастырылған			

Дәрежелі қисық теңдеуі келесі түрде болады:

$$y = at^b \quad (2.7)$$

Теңдеудің екі бөлігін де натуралды логарифмге аламыз. $\ln y_t = \ln a + b \ln t$

$Y_t = \ln y_t$, $\ln a = a'$ және $T = \ln t$, деп белгілеп $Y_t = a' + bT$

теңдеуін алып, a' пен b коэффициентін МНК көмегімен табамыз.

$$b = \frac{n \sum T Y_t - \sum T \sum Y_t}{n \sum T^2 - (\sum T)^2}; \quad a' = \frac{\sum Y_t - b \sum T}{n} \quad (2.8)$$

Логарифмдік қисық келесі теңдеумен беріледі: $y = a + b \ln t$

кайта түрлендіреміз $T = \ln t$ $y = a + bT$

$$b = \frac{n \sum T y_t - \sum T \sum y_t}{n \sum T^2 - (\sum T)^2}; \quad a = \frac{\sum y_t - b \sum T}{n} \quad (2.9)$$

Нарықтық экономика жағдайында өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін орта бизнес кәсіпорындарының қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өзгеруін және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның, ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорын табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;

Кесте 27- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес нысандарының логарифмдік қисығы

Көрсеткіштер	Логарифмдік қисық	R^2
өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік нысандардың саны	$y = 48829Ln(t) - 10721$	0,8992
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	$y = 119,14Ln(t) - 34,548$	0,9264
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі	$y = 52,589Ln(t) - 34,548$	0,7276
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы кәсіпкерлік нысандардан бюджетке түсетін түсім, млн.тг	$y = 2724,2Ln(t) - 352,97$	0,7199
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде автормен құрастырылған		

2014-2016 жылдар аралығындағы орта бизнестің экономикалық көрсеткіштерінің болжамын дайындауға болады.

Кесте 28- ҚР өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес нысандарын логарифмді қисығының көмегімен болжамдау

Көрсеткіштер	Болжам		
	2014 ж	2015 ж	2016 ж
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлік нысандардың саны	1531	1821	2166
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта Кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	130	161	199
Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі, млн. тг	1147	1479	1848
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде автормен құрастырылған			

2014-2016 жылдар аралығындағы орта бизнестің экономикалық көрсеткіштерінің болжамы келесі түрде болады: шаруашылық нысандарының саны үшін сызықтық болжам, жұмыс істейтін тұрғындардың санын болжамдау үшін логарифмдік теңдеу, өндіріс көлемі үшін дәрежелі теңдеу, бюджет түсімін анықтауды экспоненциалды теңдеу ең тиімді болып келеді[57].

Жоғарыда айтылғандардың барлығы келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: экстраполяциялық тенденция жақсы зерттелген салалар үшін салыстырмалы түрде қысқа уақыт аралығына нақты нәтиже бере алады.

Кесте 29- ҚР орта бизнес нысандарына жасалған болжам әдістерінің талдамасы

Көрсеткіштер	R^2			
	Сызық-Тық	Экспоненциалды	Дәрежелі	Логарифмдік

Кәсіпкерлік нысандардың саны	0,9819	0,8847	0,9767	0,8992
Кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтіндер саны, мың адам	0,756	0,6319	0,8975	0,9264
Кәсіпкерлік нысандардың шығарған өнім көлемі	0,9386	0,8938	0,9632	0,7276
Кәсіпкерлік нысандардан бюджетке түсетін түсім, млн.тг	0,8967	0,8933	0,8488	0,7199
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде автормен құрастырылған				

Кәсіпкерлік қызметтің даму тенденциясын болжау елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін объективті және субъективті факторларды білу және алдын ала болжаудың негізгі құралы ретінде пайдаланылады.

Кесте 30 - 2010-2013 жж. салыстырмалы көрсеткіштердегі «ЖШС экономикалық өсу тұрақтылық коэффициентінің серпіні, мың теңге

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013
Есепті мерзімдегі пайда	20 058 062	15 538 432	19 618 301	25 945 397
Төленген үлес пайда	3 268 788	6 023 638	7 340 280	19 330 798
Капиталдың барлығы	220 514 198	242 802 745	338 314 798	371 498 086
Экономикалық өсудің тұрақтылық коэффициенті	7,61%	3,92%	3,63%	1,78%

Орта кәсіпкерлік қызметтің даму стратегиясының мақсаттары және мәселелері бізге жеке, кешенді болжамдардың өзара бағыныштылығы мен байланыстылық сызбасын ұсынуды қажет етіп отыр. Оның негізінде мемлекеттің экономикалық дамуының басты факторы болып табылатын кәсіпкерлік нысандар кешенін болжауды жатқызуға болады. Оған ірі экономикалық аудандардың, облыстардың, қалалардың және аймақтық өндірістік кешендердің кәсіпкерлік іс-әрекетінің болжамдары кіреді[58].

Кәсіпкерлік қызметті болжаудың мақсаты болып ұдайы өндірістік үрдістің дамуының объективті тенденцияларын анықтау, сондай-ақ даму тенденцияларына сәйкес мөлшерлі баламалардағы өндіріс үрдістерінің өзара байланысы, ғылыми-техникалық прогресстің ескерілуімен ресурстық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық т.б. да шектеулердің көлемін анықтау болып табылады.

Кесте 31 - 2011-2013 жж. салыстырмалы көрсеткіштердегі ЖШС айналымның ұзақтығы мен айналымдылық коэффициенттерінің серпіні, мың теңге

Көрсеткіштер	2011	2012	2013
Актив айналымдылық коэффициенті	0,34	0,37	0,32
Капитал айналымдылық коэффициенті	0,54	0,48	0,40
Ағымдағы активтердің айналымдылық	1,83	2,01	1,87

коэффициенті			
Тауар-материалдық қорлардың айналымдылық коэффициенті	22,38	25,82	34,58
Тауар-материалдық қорлардың айналым ұзақтығы, күндер саны	16	14	10
Сауда-саттық және өзге дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті	17,94	21,10	18,27
Сауда-саттық және өзге дебиторлық берешектің айналым ұзақтығы, күндер саны	20	17	20
Сауда-саттық және өзге кредиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті	5,54	5,84	6,36
Сауда-саттық және өзге кредиторлық берешектің айналым ұзақтығы, күндер саны	81	59	55
Негізгі қаражаттардың қор қайтарымы	0,51	0,42	0,43
Е с к е р т п е – [37] көз негізінде автормен құрастырылған			

Осы анықталған коэффициенттердің кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтауда маңызы зор. Егер даму институттары орта бизнес субъектілерін нақты қолдаса, Қазақстанда олардың үлесі жалпы бизнес субъектілерінде басым болар еді [59].

Қазіргі таңда орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген.

2 Бөлім бойынша қорытынды

1. Орта бизнес заңды тұлғаларының өндірістік кәсіпорындардағы қаржы қорлары мына көздер есебінен құрылады: меншікті көздер (амортизациялық аударымдар, табыс (пайда), басқалары); банк кредиттері; бағалы қағаздар шығарудан түсетін қаражаттар; мемлекеттік кәсіпорындарда қаражаттардың бұл көздері қажет жағдайларда бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан қаржы бөлумен толықтырылады; кооперативтерде - кооператив мүшелерінің үлестік жарналарының қаражаттары кіріктіріледі.

2014 жылғы мәліметтерге сүйенсек, 5128 орта бизнес субъектілерінің ішінде 3165 орта кәсіпорын пайда тапқан және пайда көлемі 708670 млн тенге болған. Ал, залал шеккен кәсіпорындардың саны 1963 және залал көлемі 335789 млн тенге болып отыр. Өңдеу кәсіпорнын алсақ, 799 кәсіпорын тіркелген және олардың орта бизнес субъектілеріндегі үлесі 16 пайыз болып отыр. Сол өңдеу өнеркәсібі орта бизнес субъектілерінің ішінде 566 кәсіпорын 70187 млн теңгеге пайда тапты және олардың үлес салмағы 63 пайыз болып отыр. Өңдеу өнеркәсібі орта бизнес субъектілерінің ішінде 293 заңды тұлға залал шекті және залал сомасы 36321 млн тенге болып отыр. Бұл кәсіпорындардың үлесі 15 пайыз.

2. Шағын орта кәсіпкерліктің ішінде орта бизнес заңды тұлғаларының үлес салмағы 1 қаңтар 2014 жылы 0,5 пайыздан аспай отыр. Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін

талдай келе, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесі 12,8 пайызды құрап отырғанын атап өту керек. Бұл өз кезегінде өңдеу өндірісіндегі кәсіпорындардың жоғары деңгейде жұмыс істемей отырғанын көрсетеді. Қазақстанның өңдеуші саласында жұмыс істейтін орта бизнес субъектілерін дамытуда пайдаланылған қаржылық тұтқалар талданды. Солардың ішінде қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру, негізгі борышты өтеуге берілетін жеңілдік, өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру, инвестициялық мақсатта айналым қаражатын толықтыру сияқты қаржылық тетіктерге талдау жасалынды, оларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылды[60].

3. Орта кәсіпкерліктің даму болжамы жасалынып, экспоненциалды, сызықтық теңдеу және дәрежелі әдістер арқылы мемлекет тарапынан, бизнес субъектілері тарапынан қаржылық қолдаудың тиімділігі анықталып, 2016 жылғы орта бизнес субъектілерінің Қазақстан экономикасындағы орны айқындалды.

4. Орта кәсіпкерліктегі өңдеуші кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жаңа қаржылық тетіктерді пайдалану қажеттілігі дәлелденді. Біріншіден, вексельдік қаржыландыру, факторинг, жобалық қаржыландыру өңдеуші кәсіпорындардың дамуына ықпал жасайтындығы атап көрсетілді.

5. Қаржылық институттардың орта бизнеске қаржы бөлу әдістемесі талданып, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына ұсыныстар жасалды. Даму «Өндіріс» бағдарламасының тиімділігі есептелінді.

3 ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Қазақстандағы орта бизнесті қаржылық реттеудің негізгі бағыттары

Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілгендей орта бизнеске қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары мен кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиелен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бүгінгі күні отандық банктер капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Әрине, қазіргі уақытта қатаң нарықтық экономика аясында өзін-өзі сақтандыру, өзін-өзі көрсете білу, бәсекелестікке төтеп беру үшін банктер тарапынан біраз жұмыстар жасалуы қажет. Ал, коммерциялық банктердің орта бизнесті несиелеу механизмі мәселелеріне әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларды ендіру керек. Ал коммерциялық банктердің экономиканың нақты секторын несиелеуі ұлттық экономиканың өсуіне қосқан үлесі болмақ. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттіктерінің шаруашылық өмірі үшін әрі тиімді де пайдалы[61].

Осылайша, мемлекет бүгінгі күні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарық экономикасының толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асыруларына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Орта кәсіпорындармен жұмыс істетуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылуда. Шағын және орта бизнеске атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылып, табысты жұмыс жүргізуде. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бес мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған “Жеке кәсіпкерлік туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Мәселен, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті жеделдете дамыту шаралары жөнінде бағдарламалар әзірленіп, салық заңына түзетулер енгізілуде.

2014 жылғы 1 маусым мәліметтері бойынша екінші деңгейдегі банктер шағын және орта бизнес субъектілеріне 92,8 млрд. теңге несие берілді. 3113 жұмыс орны құрылды.

Кесте 32 - 2014 жылғы 1 қазанда транштың жүзеге асырылуы бойынша нәтижелері , млн. тенге

Банк	сомасы	үлесі	Несие алушылар саны	Займдар саны	Несие орташа көлемі, млн. тенге	Несенің орташа мерзімі	Орташа ставка	Жаңа жұмыс орындары
АО БТА Банк	38 494	41.5%	1 178	5 358	32.7	15.1	14.2%	722
АҚ Банк ЦентрКредит	16 578	17.8%	238	1 838	69.6	24.7	17.8%	570
АҚ Казкоммерцбанк	12 058	13.0%	344	1 648	35.0	19.8	16.3%	746
АҚ Цесна-Банк	8 689	9.4%	395	724	22.0	37.0	15.9%	350
АҚ Банк Каспийский	8 340	9.0%	429	697	19.4	45.3	18.5%	403
АҚ Евразийский Банк	5 667	6.1%	145	224	39.0	65.6	17.2%	306
АҚ Альянс Банк	3 021	3.3%	117	239	25.8	37.5	18.2%	16
Барлығы:	92 848	100%	2 846	10 728	32.0	26.0	16.0%	3 113

Е с к е р т п е – [37] көз негізінде автормен құрастырылған

Салалар бойынша сауда мекемелеріне несие берілді, ол несиелердің үлесі жалпы берілген несиелердің 41,7% құрады.

Бірақ бұл бағдарламаның тиімділігі өте төмен болды, өйткені,

1) салалар бойынша неселендірудің құрылымы өзгермеді, берілген несиелердің басым бөлігі сауда саласындағы мекемелерге берілді;

2) екінші деңгейлі банктердің берген несие көлемі ұлғаймай отыр.

Бағдарлама тиімділігі өте төмен, өйткені:

1) тек қана сауда ұйымдарына банктер несие береді;

2) орта кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі қорларын жаңғыртуға қаражат аз бөлінеді, тек қана айналым қорларын толтыруға қаражат бөлінеді;

3) облыстар бойынша берілген қаржылар біркелкі емес;

4) несиелеудің пайыздық ставкалары өте жоғары.

Негізгі мәселе кәсіпкерлік қызметтің экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы нормативті берілген мақсаттарға жетудің жолдарын табу және айқындау болып келеді.

Отандық бизнестің тұрақты даму траекториясын қамтамасыз ету үшін мынандай жұмыстар жүргізу қажет:

- отандық кәсіпкерлікті заңнамалық және құқықтық қамтамасыз ету жұмыстары жүргізу;

- тік және көлденең интеграцияға негізделген басқару нысандарының қалыптасуы мен дамуы, өндірістік-коммерциялық қызметті әртараптандыру;

- бизнестің дамуын ынталандыру деңгейінде макроэкономикалық параметрлерді қолдау;

- рыноктың қажеттілігі мен тапсырыстарына негізделген отандық бизнес дамуының қысқа және ұзақ мерзімді индикативті жоспарларын әзірлеу;
- бәсекелестік ортаны қалыптастыру және ұлттық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- инновациялық деңгейдің өсуі, шаруашылық субъектілерінің тұрақтылығы мен икемділігі, олардың өзгеріп отырған ішкі және әлемдегі жағдайға бейімделу [62, 103-б].

Орта бизнесті дамытудың қазіргі жағдайына әсер ететін факторларға мыналар жатады.



Сурет 13 - Қазақстандағы орта бизнестің дамуына әсер ететін факторлар
Ескертпе- Автормен дайындалған [63]

Қазақстандағы орта бизнестің дамуына айтарлықтай әсер ететін факторларға экономиканың қалыптасқан аумақтық-салалық құрылымы және орта бизнес қызметінің институционалды-құқықтық негізі жатады.

Бірінші фактор отандық экономиканың шикізатқа бағытталғандығымен байланысты болып отыр. Бұндай жағдайда орта бизнес тек сауда мен қызмет көрсету саласында дамиды. Қалыптасқан жағдайдан шығу үшін экономиканың салалық басымдықтарының шикізат өндірушіден қайта өңдеу өндірісіне, тамақ өнеркәсібіне, көшу қажет.

Екінші фактор - институционалды-құқықтық негіздің жетілмегендігі - салық салу, кредиттеу, кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен өзара іс әрекетті жандандыру қажет[63].

Рыноктық экономиканың жағдайында салықтық саясат шаруашылық жүргізудің тиімді нысандарын дамытуға жағдай жасауы қажет, инвестиция ағыны мен кредиттік ресурстарды кемелдендіру керек.

Салық салу проблемалары әртүрлі нысанда көрінеді. Мынандай мәселелерді бөліп көрсетуге болады

- салық және бюджетке міндетті төленетін төлемдердің жоғары ставкасы;

- құқықтық- заңнамалық базаның жетілмегендігі.

Салықтардың көптігі мен салықтық ставкалардың жоғарылауы, қос бухгалтерияны жүргізудің негізгі себебі болып отыр.

Аймақтарды шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау және дамытудың негізі «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру қажет. Берілген Заңның талаптарына сәйкес кәсіпкерлікті қолдау және дамыту еліміздің маңызды міндеті болып отыр. Шағын және орта бизнесті аймақтық қолдауды жүзеге асыру механизмі бағдарламаға кіріктірілген. Ол көзделген іс-шаралардың кезеңмен орындалуын, сонымен қатар «Қазақстан -2050» даму стратегиясымен, Қазақстан Республикасының Үкіметінің мемлекеттік өнеркәсіп пен аймақтық деңгейдегі аграрлық саясаттың бағдарламаларымен бірге жүзеге асыру көзделген[64].

Бағдарлама мемлекеттік аймақтық деңгейде қазірде бар құқық базасы, қаржы-кредиттік механизм, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қолдану арқылы шағын және орта бизнесті қолдау мен қорғауға бағытталған. Мемлекет кәсіпкерлік қызметтің құқықтық аспектілерін анықтайды, бизнес субъектілеріне бақылау нысандарын бекітеді. Мемлекеттік бақылау мен реттеу біртұтас саясаттың тиімді элементтері болуы керек. Алайда, іс-жүзінде мемлекеттік, соның ішінде салықтық реттеу және бақылау құрылымдарының тиімсіз жұмыстары нәтижесінде бизнесті дамытуға ерекше кедергілер тудырады.

Әрбір мемлекет ұлттық экономиканың дамуын ынталандыратын экономикалық жағдайлардың құрылуына аса зор көңіл бөледі. Қазіргі кезде бұл міндет салықтық және кедендік кодекстерін жетілдіру, «Инвестиция туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Республиканың индустриалды-инновациялық даму стратегиясы арқылы жүзеге асырады.

Тиімді және бәсекеге қабілетті өндірістік өнеркәсіптің құрылуы үшін кәсіпорындар ескірген құралдарды салықтық шегерімдер есебінен қалпына келтіруі керек, тиімді салықтық салық саясаты шеңберінде инновацияны, алдыңғы қатарлы техника мен технологияны тез ендіру керек.

Дамыған елдерде амортизацияға өзге көзқарас орын алған: инвестициялар корпоративтік салықпен салынуға дейін шығындар қатарына қосылады. Осылайша, ел экономикасының дамуын ынталандырады және жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етеді.

Мысалға, еуропалық елдердің көпшілігінде салық төлеушілер амортизацияны түзу сызықты бірқалыпты есептен шығару немесе азайтылатын қалдық әдістері арқылы есептей алады. Әртүрлі елдерде жеделдетілген амортизацияны қолдануда өзіндік ерекшеліктері бар. Италияда жеделдетіп есептен шығару нормалары қалыпты коэффициенттен алынған уақыттан бастап үш жыл ішінде 1,5 есе артық болады. Егер құралдың есептен шығару коэффициенті 10% болса, жеделдетілген амортизация ережесі бойынша

аударымдар мөлшері бірінші жылы $10\% \cdot 2 + 15\% = 12,5\%$, ал келесі екі жылда 25% ($10\% + 15\%$) болады.

Жеделдетілген амортизацияны қолдану орта бизнеске инвестицияны тарту проблемасын толықтай шешпейді. Сондықтан, көптеген елдер салықтық жеңілдіктерден басқа, жеке бизнеске әртүлі инвестициялық қорлар мен резервтерге қаржы аудару арқылы немесе пайдаға салынатын салықтан босату арқылы әртүрлі қаржылық қолдау көрсетеді[65].

Көптеген елдерде лизинг (машина мен құрал-жабдықтарды жалға беру) кең өріс алған. Лизинг арқылы компаниялар қажет техниканы жалға алу арқылы салық салуға алынатын пайданы азайтуға мүмкіндік алды. Шегерімдерден (deductions) басқа, салықтық жеңілдіктер кредиттерді (credits), мерзімін ұзарту (deferrals) және салықтан толықтай босатылу (exemptions) кіріктіреді. Кредиттер де өзінің мазмұны бойынша шегерімдер болып табылады, тек салық салынатын табыстан емес, есептелген салық сомасынан шегеріледі. Кредиттердің келесідей түрлері кең тараған: шетелде төленген салық үшін кредиттер (foreign tax credit)- осы жеңілдікке сәйкес салық төлеуші өзінің салық сомасын шетелде төлеген салық сомасына шегеруге мүмкіндігі болады, инвестициялық кредит (investment credit)- салық сомасын төмендету есебінен белгілі бір жаңа инвестиция көлемін компанияға инвестициялауға мүмкіндік алады, жұмыспен қамтылуды ынталандыру кредиті (employment credit) және т.б. Жалпы АҚШ-та осындай кредиттердің 20 дан астам түрі, ал Франция мен Германияда 10-15 тен астам түрі пайдаланылады. Өкінішке орай, біздің елімізде салықтық кредиттерді қолдану енгізілмеген, тек инвестициялық преференциялар ғана пайдаланылады.

Қазіргі жағдайда мемлекет алдында шешілмеген мәселе тұр, соның біріншісіне орта бизнес субъектілерінің негізгі капиталына инвестицияны тарту, осы мақсатта бюджеттен ақша бөлу немесе осы мақсаттарға қажет қаражаттарды салық салудан босату арқылы кәсіпорынды қаржылық қолдау қажет[66].

Дүниежүзілік практикада көптеген дамыған елдерде, мысалы АҚШ пен Германияда демеушілік шығындарға рұқсат етілген шегерімдер 5%, Люксембургте, Испанияда -10%, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде 10% және одан астам болып отыр.

Экономиканың шикізат емес саласында инвестициялық климаттың тартымдылығын ұлғайту үшін жаңа құрылған кәсіпорындарды корпоративтік табыс салығынан босату ұсынылады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер және салықтық заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар орта бизнесті дамытуға жағдай жасайды. Орта кәсіпкерлікті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып

табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Мемлекетке елдегі орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін алда бірқатар міндеттерді шешуге тура келеді. Жоспарлы түрде, заң жүзіндегі бастамалар арқылы және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажет. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы жолдауында кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау үшін келесідей алғы шарттарын айқындап берді. Орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс. Біріншіден, біз адамға ол үшін мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуымыз керек. Іскерлік мәдениетінің деңгейін көтеру мен кәсіпкерлік бастаманы ынталандырудың маңызы үлкен. Ол үшін төмендегідей шаралар қажет:

Орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасау[67].

Жергілікті бизнес-бастамаларды көтермелеу және мейлінше аз, бірақ қатаң реттеу есебінен ішкі нарықты дамыту.

Бизнеске жасанды бөгеттер тудыратын мемлекеттік шенеуніктер үшін жаңа, әлдеқайда қатаң жауапкершілік жүйесін енгізуді қарастыру.

Жаңа жағдайларды, соның ішінде біздің Еуразиялық экономикалық Одаққа қатысуымызды, алда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіретінімізді ескере отырып, отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру және олардың мүдделерін қорғау мен ілгерілету үшін қажетті барлық шараны қабылдау. Мемлекеттік саясат орта бизнесті қаржылық қолдауда әкімшілік және нормативтік алғышарттар туғызуды көздеуі тиіс. Қоғамдық мүдделер мен пайда табатын қызметті үйлестіретін бірнеше ірі өңірлік холдингтер құруға болады.

Орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – мемлекеттің қаржы-несиелік және инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру басты мәселелер болып саналады. Орта кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан қолдау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

Екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерліктің өндірістік секторына жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен, заңдарда белгіленген тәртіппен несие беруі;

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған кәсіпкерлердің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу;

Тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте аталған мақсатқа қаражат көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен қоса, бюджеттен қаржыландыру;

Қоғамдардың өзара несиелік беру және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру тетіктерін әзірлеу.

Қазіргі кезде Республикада жаңа ашылған кәсіпорындарды несиелеудің құралдары мен объектілері әлі де дамымай келеді. Атап айтқанда, лизинг, кейстық несиелік, франчайзинг, факторинг және басқа қаржылық тетіктер жатады.

Орта бизнес әлі күнге шейін банктердің қызығушылық сферасынан тыс қалуда. Осыған байланысты оларды лизингтік несиелер, сақтандыру, франчайзинг пен факторингті дамыту және қолдаудың басқа дәстүрлі түрлерінің маңызы зор[68].

Орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несиелік беру шарттары мен рәсімдерін бекіту қажет.

Айналым қаражаты мен өтімді кепілдің жетіспеушілігімен ұштасқан бизнестің неғұрлым күрделі және жауапты кезеңінде тұрған кәсіпкерлерді қолдау мақсатында орта кәсіпкерлік несиелік берудің кепілді жүйесін жасау үшін жағдай жасалады. Осы жүйе несиелік өтеу қабілетсіздігі жағдайында шығындардың орнын толтыру жолымен несиелік мекемелермен тәуекелдерді бөлісуге және өміршең жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірген, бірақ жеткілікті қамтамасыз етілмеген немесе несиелік беруші банктің талаптарын қанағаттандыра алатын несиелік тарихы жоқ кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Бұл мәселе орта кәсіпкерлерліктің салалық құрылымын жетілдіру, бастапқы капиталды қаржыландыру арқылы перспективалы қайта өңдеуші өндірістерді дамыту қажеттігіне байланысты ерекше маңызды.

Белгілі бір тәжірибесі бар және қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша капиталға мұқтаж кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдаудың жаңа құралдары (лизинг, венчурлық қаржыландыру және басқалары) іске қосылады. Лизингтік құрылымдарды дамыту мен венчурлық құрылымдарды құру жаңа өндірістердің пайда болуына және дәстүрлі қаржыландыру көздерін тарта алатын кезеңге дейін өндірістерді дамытуда басты орын алады.

«2020 жылға дейінгі бизнестің жол картасы» Бағдарламасы аясында орта бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдаудың келесі түрлерін енгізу жоспарланған:

- несиелер бойынша пайыздарды төлеуге кететін шығындарды субсидиялау;
- несиелерге кепілдік беру;
- өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау;
- бизнес жүргізуді сервистік қолдау (консалтингтік қызметтер, заңгерлік және бухгалтерлік қызмет көрсету және тағы басқалары);
- кадрларды даярлау.

Орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету негізгі 5 түрден тұрады:

1. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерліктерді қолдау (старт-ап жобалары);
2. Жұмыс істейтін бизнесті сервистік қолдау;
3. Шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту;
4. Шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнату жолымен

өндірістерді жаңғырту және кеңейту;

Еңбек нарығы талап ететін мамандықтар бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау[69].

Өңдеуші саладағы орта бизнес кәсіпорынның қаржылық қызметі - бұл оның осы, қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы арақатынастың үйлесімділігіне, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметтің жетістігі, көбінесе оның өндірістік-сату көрсеткіштерімен анықталады. Кәсіпорынның өзі алатын төлемдерді және ақша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады[70].

Сөйтіп, орта бизнесті қаржылық реттеудің негізгі бағыттарын атап өткен жөн. Оларға мемлекеттік қаржыландыру, өзара қаржыландыру және банктік несиелеу жатады.

3.2 Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес субъектілерін дамытудағы қаржылық құралдардың тиімділігін жетілдіру мәселелері

Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес субъектілерін дамытудағы қаржылық құралдардың тиімділігін анықтау аса маңызды мәселе болып табылады.

Ең негізгі орта бизнес субъектілерін қаржылық қолдауда банк несиелері аса маңызды рөл атқарады.

Бұдан басқа, екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерлік субъектілеріне:

- несиелер беру рәсімдерін және онымен байланысты шығыстарды;
- орта бизнес субъектілері үшін несиелерге қызметтер көрсету төлемдерін азайту жөніндегі тетіктерді әзірлеу және енгізу;
- орта бизнес кәсіпорындарын оларды жеңілдетілген нысан бойынша жобаның техника-экономикалық негіздемесімен ауыстыра отырып, несие берілетін іс-шара бойынша бизнес жоспарларды міндетті түрде ұсынудан босату;
- қарыз алушы – орта бизнес кәсіпорындарының қаржы жағдайын бағалау өлшемдерін, сондай-ақ несиелерді қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптарды жеңілдету жолымен оңтайландыру қажет болады.

Орта кәсіпкерлік субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімділігін кеңейтуге байланысты мәселелердің шешілуі, қарыз алушылардың тізілімдерін жасау мен жүргізу оларға несие тарихын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл орта кәсіпорындар саны мен өнімділігінің тұрақты өсуіне ықпал ететін болады [71].

Осылардан көріп отырғанымыздай, орта бизнестің тиімді әрі ырғақты дамуы үшін мемлекет тұрғысынан қаржы-несиелік және инвестициялық қолдаудың қолайлы саясаты алдыңғы орынға шығады. Орта бизнестің гүлденуіне еліміздегі инвестициялық климаттың жағдайы тікелей әсер етеді. Соңғы кезде тәжірибеге енгізілген тура инвестициялар тартудың рөлі зор. Мәселен, Астана, Алматы, Шымкент, қалаларында жүзеге асырылған тура инвестициялар тартудың тәжірибесі – бұл әдістің өміршеңдігін көрсетті. Кәсіпкерлердің қаржы-несие ресурстарына қол жеткізуіндегі шектеушілік проблемасы біз қажет еткендей қарқынмен шешіліп отырған жоқ. Несие алуға негізгі кедергілер жоғары қарыз пайызы және несиені қайтарудың қысқа мерзімі болып отыр. Бүгінгі күні коммерциялық банктердің орта бизнеске берілетін несиелер бойынша пайыздық ставкалар мөлшері шетел валютасында 16-18% және теңгеде 20-24%–ға дейінді құрайды. Алынған несие ресурстарын игерудің орташа мерзімі шамамен 11-12 ай. Орта бизнес секторын дамытудың арзан халықаралық бағдарламалық заемдарына қызмет көрсету кезінде банк маржасының төмен ставкаларын белгілейтін шараларды, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерді басқа көздерден несиелеу ставкаларын төмендетуге ынталандыру жөніндегі шараларды талдап жасауды

тапсырды.«Даму» бағдарламалары бойынша ШОБ субъектілеріне берілген қаржының былай бөлінгенін байқауға болады: сауда саласына – 45,7%; қызмет көрсету саласына – 24,2%; өнеркәсіпке –17,2%; құрылысқа – 5,2%; ауыл шаруашылығына – 5,1%; көлік пен байланысқа – 2,7%.

«БТА Банк» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры және Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі Стресті активтер қоры бизнесті дамытуға несиелер ұсынады. «ДАМУ» қоры аймақтарда басымдыққа ие салалардағы шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған мақсатты қаржыландырудың ондаған бағдарламасын іске асыруда.

Атап айтқанда, «Аймақтық қаржыландыру бағдарламасы», «ДАМУ өндіріс», «Бизнестің жол картасы – 2020», Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасы жатады.

Аймақтық қаржыландыру бағдарламасы- ауыл шаруашылығы өнімдерін, мал шаруашылығы, аралас ауыл шаруашылығы, балық аулау, акваөнімдер, азық-түлік өндірісі, мақта-мата бұйымдары, киім, мектепке дейінгі білім саласымен айналысатын кәсіпкерлерге көрсетілетін көмек. Бизнесті қолдауды тағы бір бағдарламасы –«ДАМУ аймақтары II». Бағдарламаның басым салалары тізбесінде: агроөнеркәсіп кешені, тау-кен саласы, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз өндірісі, туризм, ақпарат және байланыс, білім саласы қызметі, денсаулық сақтау, мәдениет, мәдени қызмет көрсету, спорт және т.б. бар.«ДАМУ өндіріс» қаржылық бағдарламасы дағдарыс жағдайынан шығуға арналған несие ресурстары тапшылығын тартып отырған кен байыту өндірістеріне көмек көрсету мақсатында жұмыс істейді. Осы бағдарлама пайыздық мөлшерлемені қайта қарап, 8% -ға төмендету жағына өзгертуге мүмкіндік береді. «ДАМУ» қоры сыйақы мөлшері төмен – 8%-дық талаптары өте жақсы лизингтік бағдарлама әзірледі және әрекетке енгізді. Кәсіпкер жаңа құралдар алады және несие алушының қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда қосымша кепілдеме ұсыну қажеттілігі жойылады[72].

Сонымен қатар, әйелдер кәсіпкерлігін микронесиелендіру бағдарламасы жұмыс істейді. Онда қаржыландыру саласына шектеу қойылмай, жылына 14%-дан аспайтын несие беріледі. Оны төрт банк жүзеге асырады, олар: «ЦентрКредит» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Дельта банк» және «Евразиялық банк». Банкке және үйлестіру кеңесіне өз жобасының өміршеңдігін дәлелдей алған кәсіпкерлер жылдығы 14% аспайтын несие алуға мүмкіндік алады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ағымдағы жылғы 13 шілдедегі қаулысымен Бағдарламаның бірінші және үшінші бағытына қатысты өзгерістер енгізілді. Осылайша, бірінші бағытында – 12 пайыздық мөлшерлеме сыйақысы кезінде 5% орнына, мемлекет 14% кезінде 7% жабады, ал кәсіпкер бағдарламаның 7%-ынан астамын ғана жабады. Үшінші бағытында экспортқа бағытталған өндірістерге қолдау көрсету бойынша субсидиялау тағы да 14% аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады, олардың 6% экспортер төлейді де, қалған 8% мемлекет өз есебінен жабады. [73].

Осының өзі кәсіпкерлік секторды дамытуға оң әсерін тигізеді.

Кәсіпкерлік секторды қаржылық қолдау үшін мыналар қажет:

- аймақаралық банктер (оның ішінде шағын бизнесті қолдау бойынша мамандандырылған) желілерін одан ары дамыту;
- өндірісті қолдауға қарыздары бойынша коммерциялық банктермен кепілді қамтамасыз ету;
- несиелік ресурстарды бюджеттен тыс жұмылдырудың басқа формаларын қолдану;
- дәстүрлі емес қаржыландыру қызметін дамыту (лизинг, факторинг, венчурлық қаржыландыру, франчайзинг және басқалары);
- орта кәсіпкерлік несие ассоциациясының өзін-өзі басқаруы үшін жағдай жасау.

Осы көрсетілген қажеттіліктерді орындай отырып, шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін несиелеудің жаңа түрлерін қарастыру қажет.

Қорытындылай келгенде мемлекеттің орта бизнесті қаржы - несиелік және инвестициялық қолдау саясаты келесідей негізгі бағыттарда жүзеге асуы керек:

- басым жобаларды конкурстық негізде және жеңіл жағдайда несиелеу;
- екінші деңгейдегі банктердің орта бизнес субъектілеріне ұсынатын несиеге кепілдік беру жүйесін енгізу және дамыту;
- екінші деңгейдегі банктермен біріге отырып, жобаларды ортақ қаржыландыруды жалғастыру;
- венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту;
- орта кәсіпкерлікті қолдау процессіне кезінде сақтандыру компанияларының белсенді қатысуы.

Орта бизнес дүниежүзінің көптеген елдерінде өзінің экономикада алатын рөлі үшін салық салу жүйесінде арнайы жүйе немесе режимдерді қажет ететін ерекше объектілер болып қаралады. Ұлттық экономикада қабылданған салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен ерекшеліктері барлық аталған компоненттерде көрініс таба алады[74].

Кесте 33 – Орта бизнеске қолданылатын салық салу үлгілерінің әртүрлі критерийлерін бағалау

Төмендегілерге әсері	Салықсыз режим	Патент	Табысты ресми мәлімдеу	Оңайлатынған жүйе	Өзгерісті салық	Ставка бойынша жеңілдік	Ставка мен есептілік жиілігі бойынша жеңілдік	Жалпы сұлба
1. Орта бизнес	+++	+++	+	+	0	+	++	-
2. Мемлекеттік бюджет	---	+	+	+	+	+	+	++
3. Жергілікті бюджет	---	+	+	+	++	+	+	++

4. Зейнетақы қоры	---	?	?	0	0	0	0	+
5. Жемқорлықтың азаюы	+++	+++	0	---	---	---	-	---
6. Бюджеттің салық жүйесіне кеткен шығыны	+++	+++	0	0	0	0	+	---
7. Орта бизнес дамуының динамикасы	+++	+++	?	?	-?	-?	+	---
8. Басқа сыртқы әсерлер	--	0	0	+	+	+	+	0
Жалпы жүйенің бағысы	+	+	0	+	0	0	+	--
«+» критерий бойынша жағымды, «-» теріс, «0» елеулі әсердің болмауы, «?» қосымша факторларға байланысты анықталмаған нәтиже береді.								
Е с к е р т п е – [56] көз негізінде құрастырылған								

Кәсіпорынның өндірілетін өнім және өндіріс технологиясымен тығыз байланысқан қаржылық тұрақтылығының маңызды факторларының бірі активтердің тиімді құрамы мен құрылымы, сондай-ақ кәсіпорынның басқару стратегиясын дұрыс таңдап алуы болып табылады. Ағымдағы активтерді басқару өнері - кәсіпорын шотында оның ағымдағы жедел қызметі үшін қажет болатын қаржының ең төменгі сомасын ұстаудан тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі, маңызды факторларының бірі - бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрылымы, оларды басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Кәсіпорынның өз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табысы қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзін жайлы сезіне алады. Осылайша, негізгі критерийлерді бағалау нәтижесінде орта бизнес үшін екі салық жүйесі жағымды болып табылды. Орта бизнесті қаржылық қолдауда ресми салықсыз режим- «салықтық демалыстар» және шағын және орта бизнес субъектілері үшін әкімшілік шығындарды қысқартатын - оңайлатылған жүйе орта бизнестің дамуына мүмкіндік беретіндігін айта кету қажет [75].

Өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының қаржы-ақша ағымдарын кешенді қаржылық талдау кезінде есептелетін және бағаланатын негізгі қаржылық көрсеткіштер келесілер болып табылады:

- өтімділік коэффициенттері (ағымдық өтімділік коэффициенттері, жедел өтімділік коэффициенттері, абсолютті өтімділік коэффициенттері);
- кәсіпорынның қаржылық саясатының көрсеткіштері (ақша ағымдарының жеткіліктілігі коэффициенті, дебиторлық және кредиторлық қарыз айналымдылығы, тауарлы-материалдық запастар айналымдылығы және т.б.);
- рентабельділік коэффициенттері.

Кесте 34 - Өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының қызметінің рентабельділік көрсеткіштері

Ақша қаражаттарының қалдығының рентабельділік коэффициенті	Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі/Ақша қаражаттарының орта қалдығы
Түскен ақша қаражаттарының рентабельділік коэффициенті	Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі/Түскен ақша қаражаттарының соммасы (түсімдер)
Жұмсалған ақша қаражаттарының рентабельділік коэффициенті	Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі/Шыққан ақша қаражаттарының соммасы (төлемдер)
Ескерту: Автормен пайдаланылған әдебиеттер негізінде жасалған [37].	

Кез келген қабылданған басқару шешімдері қаржы-ақша ағындарының жағдайына әсер етеді.

Қаржы нарығының дамуына байланысты қаржы қызметтерінің бұл салаларына тұтынушылар тарапынан сұраныс болатындығына қарамастан, өз кезегінде оларды ұсыну қажеттігі туындайды

Кесте 35 - Қаржы-ақша қаражаттары туралы ақпараттардың сапалық сипаттамасы

Мағынасы	Мазмұны
Маңыздылығы	Ақша ағындарын басқару саласындағы басқару шешімдерін қабылдауға әсер ету мүмкіндігі
Мезгілділігі	Қажеттілік пайда болған уақытта ақпарат дайын, әрі қол жетімді болуы
Салыстырмалығы	Ақша ағындары туралы ақпарат уақыты бойынша, бөлімшелері мен жауапкершілік орталықтары бойынша салыстырмалығы
Сенімділігі	Қателер мен әуестіктен еркін болуы
Айқындылығы	Ақша ағындары туралы ақпараттарды қосымша түзетусіз басқару мақсаттары үшін тікелей пайдалану мүмкіндігі
Тексерілуі	Дәлелдеулердің бар болуы
Болжануы	Шешім қабылдайтын тұлғаларға ақша ағындарының болжамының ықтималдылығын арттыратын ақпараттардың қасиеті
Релеванттілігі	Ақпараттар бағытталған іс-әрекетке пайдалы қатынасы болуы қажет
Кері байланыс	Ақша ағымдары туралы бұрынғы пайымдауларды растау немесе түзету
Қысқалығы	Ақпараттар ешқандай артықтығы жоқ, нақты болуы қажет
Мекен жайлығы	Орындаушыға ақпараттар жеткізілуі қажет
Ескерту: Кесте пайдаланылған әдебиеттер негізінде автормен жасалған [37].	

Біздің ойымызша, тиімді басқару шешімдерін қабылдау және жүзеге асыру бойынша ұсыныстар беру үшін және қаржылық менеджменттің қызметтері мен шарттарын орындау үшін орта бизнес кәсіпорындардың қаржы-ақша ағындарын басқару саласында нақты шешімдер қабылдау қажет [76].

Орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несие беру шарттары мен рәсімдерін

белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-несиелік қамтамасыз етудің әр түрлі деңгейлі үлгісі жасалынды. Қазақстанда өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ат салысатын негізгі мынадай қаржылық институттар қызмет етеді: «Қазақстанның даму банкі» АҚ, "Байтерек девелопмент" АҚ, «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы АҚ және тағы басқалары. Осы қаржылық қолдаудың тиімділігін бағалау әдістемесі берілді.

Модельдеуде қолданылатын кіру ақпараты берілген зерттеу кезеңінде әлі белгісіз модельдеу жүйесінің параметрлерінен тәуелсіз болуын талап етеді


Ақша ағындарын модельдеу ұстанымдарының мазмұны кестеде көрсетілген.

Кесте 36 – Орта бизнес кәсіпорындарының қаржы-ақша ағындарын модельдеу

Ұстанымдар атауы	Мазмұны
Жеткіліктілік ұстанымы	Әрбір жеке модельде дәлдігі талап етілген модельдеу нәтижесінен алынған белгілі ақпараттар ғана қолданылады. Белгілі ақпараттар деп келесілерді атап өтсе болады: нормативтік, анықтамалық, болжамды мәліметтер, стратегиялық есеп мәліметтері.
Ақпараттардың инварианттылық ұстанымы	Модельдеуде қолданылатын кіру ақпараты берілген зерттеу кезеңінде әлі белгісіз модельдеу жүйесінің параметрлерінен тәуелсіз болуын талап етеді. Бұл ақша ағындарын модельдеу кезіндегі тұйық шеңбер құруды болдырмайды, яғни модельдеу нәтижесінде алынған ақпараттар ғана осы модельде қолданылуы мүмкін.
Модельдердің өз қалпын сақтау арқылы берілу ұстанымы	Бұл ұстанымның негізгі мәні кейінгі модельде алдыңғы модельде анықталған объектілердің қасиеті мен өзара байланыстары бұзылмай, сол күйінде берілуі қажет. Бұл ұстаным маңызды, себебі ақша ағындарын модельдеуде тек біреуімен ғана шектелмейді. Ол бір-бірімен байланысқан модельдер жүйесінен құралады. Оның құрамы кәсіпорынның қаржылық стратегиясы мен оперативті жоспарларымен анықталады.
Тиімді жүзеге асыру ұстанымы	Компьютерлендірудің қазіргі жағдайында берілген ұстаным компьютерлік технологияда экономикалық-математикалық модельдер кешенінің тиімділігін қамтамасыз ететін ақша ағындарының моделін жасауды білдіреді
Модельдер жүйесінің ақша ағындарын бағалау мақсаттарына дәлдігі ұстанымы	Ақша ағымдарының жалпы моделі әртүрлі шарттарды шешуге бағытталған және әртүрлі мақсаттарды орындайтын бірқатар модельдерден құралады. Қаржылық есеп беру ақпаратын пайдаланушылар кәсіпорынның ақша ағымдарының моделін өз қызметіне сәйкес пайдаланады. Бұл жағдайда бағалаудың нақты мақсаттары кәсіпорынның құнын бухгалтерлік бағалаудың негізін құрайды.
Қадағалаушы модельдеу	Ақша ағындарын модельдеу үрдісінде пайда болатын қателерді қадағалайтын жүйенің бар болуын білдіреді. Бұл ұстаным әртүрлі

ұстанымы	тәсілдермен қамсыздандырылуы мүмкін.
Пайдаланылатын ақпараттардың дұрыстығы мен сәйкестігі ұстанымы	Бұл ұстаным ақша ағындарын модельдеудің нақты нәтижелерін қамтамасыз етеді. Дұрыс емес және сәйкес келмейтін ақпараттардың бар болуы берілген модельдеу нәтижесінің сапасын төмендетеді
Ескерту: Кесте автормен пайдаланылған әдебиеттер негізінде жасалған [77].	

Әлемдік тәжірибеде есепті қаржы-ақша бірлігі ретінде «тұрақты доллар» немесе белгілі бір уақытқа сатып алу қабілеті «байланған» басқа да ақша бірліктері қолданылады. Егер де тұрақты бағаларды қолданатын болса, онда белгілі бір уақыт аралығындағы құндық көрсеткіштерді өлшеу қамтамасыз етіледі.



Сурет 14-Екінші деңгейдегі банктердің орта бизнеске берген несиелік ресурстары, мың теңге

Ескертпе- автормен дайындалған [45].

Бұл жағдайда барлық бастапқы параметрлер шынайы есептермен беріледі, яғни инфляциялық құраушылардан таза болады. Бұл бастапқы мәліметтердің верификациясын жеңілдетеді, есептік үрдісті қадағалауға мүмкіндік береді және қаржы-ақша ағындарын модельдеу қорытындысы ретінде алынған нәтижелерді дұрыс береді.

Екінші деңгейлі банктердің жүргізіп жатқан несие саясатының арқасында да соңғы жылдары шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелер көлемінің қарқынды өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік туды [77].

Республикада екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелердің жиынтық мөлшері соңғы кездері өсіп отыр. «Даму-Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы енгізілді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, Даму қоры Бағдарламаны іске асыру операторы болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде «Стрессті активтер қоры» АҚ 20 млрд. тенге соманы кейіннен өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін (одан әрі – ЖКС) қаржыландыруға/қайтақаржыландыруға екінші деңгейдегі банктерге депозитке орналастырады. Әріптес банктер қаржыландыруға 70:30 арасалмақта (70 % - «Стрессті активтер қоры» АҚ қаражаты, 30 % - Әріптес банктер қаражаты) өз қаражатымен қатысады.

Бағдарламаға келесі Әріптес банктер қатысады:

1. «БТА Банк» АҚ;
2. «Казкоммерцбанк» АҚ;
3. «Темірбанк» АҚ;
4. «Альянс Банк» АҚ;
5. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ЖКС кредиттеудің негізгі шарттары:

• Өңдеуші өнеркәсіптің мынадай сала тармақтарындағы қызметтерге бағытталған ЖКС жобаларын қаржыландыру:

- Тамақ өнімін өндіру;
- Сусындар өндіру;
- Тоқыма өнімдерін өндіру;
- Киім шығару;
- Тері өндіру және оған қатысты өнімдер шығару;
- Жиһаздан бөлек, ағаш және тоз өнімдерін өндіру; сабаннан жасалған және өруге арналған материалдардан жасалған өнім шығару;
- Қағаз және қағаз өнімдерін шығару;
- Басу және жазылған материал дарды қалпына келтіру;
- Химия өнеркәсібі өнімдерін шығару;
- Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру;
- Резіңке және пластмасс алық бұйымдар өндіру;
- Металл емес өзге минерал ды өнім өндіру;
- машина мен жабдықтардан бөлек, дайын металл өнімдерін өндіру;
- Компьютерлер, электрон дық және опти калық өнімдер шығару;
- Электр жабдықтарын өндіру;
- Өзге категорияға кіргізілмеген машин алар мен жабдықтар өндіру;
- Автокөлік құралдарын, трейлер мен жартылай тіркемелер шығару;
- Өзге көлік құралдарын шығару;
- Жиһаз шығару;
- Өзге дайын бұйымдар өндіру.

Қаражатты мақсатты пайдалану – қолданыстағы к редит терді қайтақаржыландыру, инвестици ялық мақсат, айналым қаражатын толықтыру;

Сыйақының соңғы жылдық мөлшерлемесі – жылдығы 8,0% көп емес;

кредиттеу мерзімі – 84 айға дейін;

қарыз валютасы – теңге;

Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларына қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін және жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша кап-италды сатып алуды қаржылық қолдаудың жаңа құралдары лизинг, инновациялық грант, венчурлық қаржыландыру, жобалық қаржыландыру, кейстық несие, франчайзинг, факторинг сияқты қаржылық тетіктерді пайдалану әдістемесі берілді.

Екінші деңгейдегі банктермен біріге отырып, жобаларды ортақ қаржыландыруды жалғастыру, венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту және орта кәсіпкерлікті қолдау процесі кезінде сақтандыру компанияларының белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиені қамтамасыз ету болып табылса, осы несиеге алтернатива ретінде факторингті қарастыруға болады.

Кесте 37- Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерінің факторингті және банктік неселеуді пайдалануын салыстыру

Ақша қаражаттарын беру шарттары	Факторинг келісім шарты	Несие алу келісім шарты
Ақша қаражаттарын белгілі бір мақсатқа беру	Факторингтік қаржыландыру белгілі бір мақсатқа пайдалануды көздемейді.	Несие ақша қаражаттарын белгілі бір мақсатқа беруді көздейді
Ақша қаражаттарын кім өтейді	Факторингтік қаржыландыру клиенттің дебиторларынан түскен ақша арқылы жүргізіледі	Несие алушы банкке несиені қайтарады
Ақша қаражаттарын кепілдеме арқылы қамтамасыз ету	Факторингтік қаржыландыру жағдайында берілген ақша қайтару шарттарын басқаға беру арқылы қамтамасыз етіледі	Кредит немесе несие тек қана кепілдеме негізінде беріледі, компанияның есеп шоты арқылы жүргізіліп отырылады
Ақша қаражаттарын беру мерзімі	Факторингтік қаржыландыру дебитордың нақты шегерілген мерзімі шеңберінде төленеді	Кредит, несие белгілі бір мерзімге беріледі, 1-3 жыл мерзімге берілуі мүмкін
Ақша қаражаттарын берудегі шектеулер	Нақты қаржыландыру көлемі шектелмейді және оның көлемі сатуға байланысты өсуі мүмкін	Кредит немесе несие белгілі бір көлемде, сомада беріледі
Ақша қаражаттарын қайтару мерзімі	Факторингтік қаржыландыру дебитордың клиентке тауарды өткізген күні ақша қайтарылды деп есептеледі.	Кредит нақты ертеден белгіленген күні қайтарылады
Ақша қаражаттарын беруді рәсімдеу	Факторингтік қаржыландыру автоматты түрде клиент шот-фактура құжаттарын берген сәттен бастап рәсімделеді.	Несие алу үшін өте көп құжат толтыру қажет
Қосымша қызметтер	Факторингтік қаржыландыру мынандай қызметтерді қамтиды: дебиторлық қарыздарды басқару, төлеуді кейінге қалдырған жағдайда пайда болатын тәуекелдерді жабу	Банк қосымша қызмет көрсетпейді.
Ескерпе-автормен дайындалған		

Банктік қарыз шартын немесе кредит желісін ашу туралы келісім жасасқан күннен бастап, 2 ай ішінде игеруді бастауға міндетті[78].

Әріптес банктердің ЖКС негізгі борышты дер кезінде өтеу бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін және ЖКС Бағдарлама аясында қайтақаржыландырылатын қарыздары бойынша сыйақылар үшін айыппұл мен төлемақы өсімдерін есептен шығару мүмкіндіктері қарастырылған.

ЖКС қаржыландыру/қаржыландыру туралы алдын ала шешімді Әріптес банктер өздері қабылдайды, содан кейін олар ЖКС жобалары бойынша ақпаратты ЖКС жобаларын мақұлдау үшін Қор жанынан құрылған Комиссияның қарауына жібереді.

Факторингтің орта бизнес субъектілерін қаржылық қолдауда атқаратын рөлі зор.

Несиеге қарағанда факторингті пайдалану анағұрлым қолайлы.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнес субъектілерін дамытудағы қаржылық құралдардың тиімділігін жетілдіру мәселелері бойынша нақты ұсыныстар жасалынды.

3.3 Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің өңдеу саласында жұмыс істейтін орта бизнес субъектілерінің қаржылық базасын кемелдендіру

Орта бизнес субъектілерінің қаржылық жағдайын талдау барысында қаржылық көрсеткіштерге көңіл болу қажет. Ал өңдеу саласында қызмет ететін заңды тұлғаларға қаржы ресурстарын басқаруда коэффициенттердің дұрыс анықталғанын қадағалау қажет[79].

Базалық табыстылық коэффициентіне әсер ететін факторлар қатарына келесілер жатуы мүмкін:

- кәсіпкерлік қызмет жүргізілетін орын (аймақ);
- елді мекен типі (қала, район, ауыл);
- елді мекен ішіндегі орналасу орны (орталық, шет аймақ және т.б.);
- елді мекен сипаттамасы (автомагистраль типі, елді мекен сырты және т.б.);
- қызмет көрсету орнының қашықтығы (көлік шешімдері, аялдамалар және т.б.);
- өткізілетін тауар (жұмыс, қызмет көрсету);
- өнім ассортименті;
- көрсетілетін қызметтердің сапасы;
- мерзімділігі;
- қолданылатын құрал-жабдықтардың өнімділігі;
- инфляция.

«БТА Банк» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры және Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі Стресті активтер қоры бизнесті дамытуға несиелер ұсынады. «ДАМУ» қоры аймақтарда басымдыққа ие салалардағы орта бизнесті дамытуға бағытталған мақсатты қаржыландырудың ондаған бағдарламасын іске асыруда.

Қазақстанда құрылған кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі сауда саласында қызмет жасайды. Өйткені сауда немесе коммерциялық бизнес басқа бизнес түрлеріне қарағанда жақсы дамыған. Бұнның дәлелі, Қазақстан қалаларындағы әр түрлі дүкендер мен базарлар саны. Ұзақ мерзімде кәсіпорындар тек саудамен ғана емес, экономиканың әр саласында жұмыс істеуі қажет. Сол үшін мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне жан-жақты көмек көрсетуі қажет.

Жалпы кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады. Орта кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 пайызын құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шешімдерді орындауда іркіліс байқалады. Бұл жерде басты себеп – бюрократиялық қысымдар[80]. Осындай және басқа да

себептерге байланысты кәсіпкерлер бөлігі жасырын салаға өтіп жатыр. Осы жағдайда ескеретін жәйт, орта кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау, тексеруші органдардың және рұқсат беруші құжаттардың санын азайту. Орта кәсіпкерлердің жетпіс пайызы оларды қолдайтын аймақтық бағдарлама туралы хабары жоқ. Мұның өзі әкімдер жұмысы формальді сипатта жүретінін көрсетеді. Кәсіпкерліктің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Себебі несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар жоқ. Осы себептен банктерде орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға асықпайды.

Қаржы – эксплуатациялық қажеттіліктің көлеміне әсер ететін факторларды былай топтастыруға болады: технологиялық, экономикалық, қаржылық.

Технологиялық факторға:

- өнім өндіруге арналған әр түрлі технологиялық шарттар;
- өндіріс уақытының әр түрлі ұзақтығы;
- тауарды нарыққа, жүзеге асыру орнына немесе тұтынуға жеткізу қиыншылықтары;
- өнімнің маусымдық түрлері;
- кейбір маусымдық өнімдерге сұраныс.

Экономикалық факторларға:

- нарық түрі және өнімнің онда алатын орны;
- макроэкономикалық ортаның жағдайы және параметрлері (инфляция, бюджет дефициті, жұмыссыздық деңгейі және т.б.);
- жалпы шаруашылық баға циклі;
- мекеменің өмірлік циклі;
- фирма өндіретін тауардың өмірлік циклі;
- фирманың өндіріс көлемі және динамикасы;

Қаржылық факторларға:

- мекеменің қаржылық жағдайы;
- төлем мерзімінің сәйкес келмеуі және ақша қаражаттарының түсімі;
- көлемге қосылған құн қатынасы, фирмаға несие беру және алу;
- тікелей (өндірістік процеске бағытталатын ресурстар);
- қаржылық (қаржылық тетіктерді эмиссиялық және өндірістік бағалы қағаздарды, банктік депозиттерді сатып алуға бағытталған ресурстар.

Интеллектуалды инвестициялар (мамандарды тәжірибелермен алмасу, технологияларды өңдеуге көмектесу курстарына дайындау).

Инвестициялық мүмкіндіктерді бағалау үшін ең басты жиынтық мінездемесі бар және оның инвестициялық потенциалын бағалай алатын несие қабілеттілігін зерттеу қажет.

Орта бизнес заңды тұлғаларының инвестициялық тартымдылығы мен несиеқабілеттілігі қаржылық потенциалдың негізгі құрушылары болып табылады [81].

Орта бизнес заңды тұлғаларының инвестициялық ресурстарының мөлшері шектеулі, ал инвестицияның потенциалды объектілері әр түрлі инвестициялық тартымдылыққа ие, сондықтан қоғамға өз инвестициялық

ресурстарын оңтайлы орналастыруы қажет. Осыған байланысты кәсіпорынның инвестициялық стратегиясын қалыптастыру қажет.

Өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының төлем қабілеттілігін талдау және өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі оның – төлем қабілеттілігі, яғни кәсіпорынның өзінің төлем міндеттемелерін дер кезінде ақша ресурстарымен өтей алу мүмкіндігі өз кезегінде орта бизнес субъектілерінің дамуына жағдай жасайды.

Төлем қабілеттігін анықтау үшін ағымдағы активтердің өтімділігін есептеу қажет. Жалпы өтімділік көрсеткіші активтердің қанша уақыт ішінде ақша құралына айналатындығын анықтап береді және бұл көрсеткіштердің жоғары болғаны тиімді.

Нарық жағдайында қаржы тәжірибесінде «факторинг» деп аталатын қызметтер кешені кеңінен таралған, (сөзбе сөз мағынасында) яғни банктің немесе арнайы факторингтік компанияның клиенттің төлемдік талаптарын сатып алуы. Осылайша, олар делдалдық міндеттерді мойнына алып, белгілі бір комиссиялық ақылар үшін (коммерциялық несиелеумен салыстырғанда) қосымша қызметтерді көрсетеді. Бұл өңдеуші салалардағы орта кәсіпорындарға тартылымы едәуір аз активтерді едәуір таратылымды активтерге ауыстыруға көмектеседі жіне жағдай жасайды[82].

Қазіргі заман жағдайларында факторингтік операциялар саласы компания-клиенттің бухгалтерлік шоттарын жүргізу, өнімді тасымалдау және оны өткізу, сақтандыру және т.б. қамти отырып, біршама кеңеюде. Факторингтік қызметтерді көрсететін қаржы институттары клиенттерді есеп айырысудың едәуір тиімді түрлеріне өту мүмкіндіктері туралы хабарлап, клиенттерге өздерінің декларацияларын толтырған кезде қолданыстағы салық жеңілдіктерін барынша толық пайдалануға көмектеседі, сенім білдірілген қызметтерді көрсетеді және т.б. Олар сондай-ақ ірі трансұлттық корпорацияларға халықаралық операциялар бойынша ағымдағы есеп айырысуларға кешенді түрде қызмет көрсетеді: төлемдерді жинау, талаптарды жабу, жалақы төлеу және т.б. Осы операциялар бойынша ақша түсімдері мен шығындар бірыңғай баланста берілуі мүмкін (клиент таңдаған валютаға қайта есептеу) [83].

Кәсіпорынның дебиторлық қарыздарын барынша жылдам жабу және оны едәуір таратылымды активке айналдыруда факторингтің маңызы ерекше [84].

Факторинг мәміленің барлық қатысушыларына экономикалық жағынан тиімді. Кәсіпорын үшін (клиент-жеткізуші) – бұл тауарлардың ақысын уақытында төлеуге деген сенімділігін, несие тәуекелделігін сақтандыру. Факторингтік компания немесе банк үшін - комиссиялық сыйақыларды алу болып табылады.



Сурет 14 – Өңдеуші саладағы орта бизнес кәсіпорынның қаржы стратегиясы
Ескертпе-автормен дайындалған [84].

Өтімділік коэффициенттері:

$$1. \text{ Абсолютті өтімділік коэффициенті} = \frac{\text{ақша қаражаттары}}{\text{ағымдағы міндеттеме}} \quad (1)$$

$$2. \text{ Ағымдағы өтімділік коэффициенті} = \frac{\text{барлық активтер}}{\text{барлық міндеттеме}} \quad (2)$$

$$\text{➤ Абсолютті өтімділік коэффициенті (2013)} = \frac{90724457}{639567340} = 0,14 \quad (2)$$

- Абсолютті өтімділік коэффициенті (2012) = $\frac{133908943}{2022284085} = 0,06$ (2)
- Абсолютті өтімділік коэффициенті (2011) = $\frac{868000849}{13047459649} = 0,07$ (2)
- Ағымдағы өтімділік коэффициенті (2013) = $\frac{2370410785}{639567340} = 3,71$ (2)
- Ағымдағы өтімділік коэффициенті (2012) = $\frac{4694195765}{2022284085} = 2,32$
- Ағымдағы өтімділік коэффициенті (2011) = $\frac{12235407125}{13047459649} = 0,94$

Абсолютті өтімділік коэффициенті 2013 жылы 2012 жылмен салыстырып карасақ 0,07 - ге өскен, ал 2011 жылмен сәйкесінше 0,08 – ге өскен, яғни жылдан жылға активтер өтімділігі артқанын көрсетеді. Ал ағымдағы өтімділік коэффициенті жылдан жылға артуда, мысалы, 2011 жылы мәні 0,94, 2012 жылы 2,32 және 2011 жылы 3,71 – ге тең. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның алынған міндеттемелерді дер кезінде өтей алатындығын және олардың өсімі компания қызметінің тұрақтылығын көрсетеді[85].

Баланстың өтімділігі – компанияның басқа ұйымдар алдындағы міндеттемелерін өз қаржы - қаражаттарымен, яғни қосымша ресурстарды тартпай, есеп айрысу мүмкіндігін білдіреді. Баланстық өтімділікті анықтау үшін, активтерді топтастырып, салыстыру қажет.

A1 – өтімділігі тез активтер – ақша қаражаттар мен қысқа мерзімді қаржылық салымдар.

A2 – өтімділігі орташа активтер – дебиторлық берешек.

A3 – баяу өтімді активтер – ТМҚ және басқа да активтер.

A4 – қиын өткізілетін активтер – материалдық емес активтер, негізгі құралдар, ұзақ мерзімді қаржылық салымдар.

П1 – неғұрлым тезірек төлеуге тиісті міндеттеме - кредиторлық қарыз.

П2 – қысқа мерзімді міндеттеме – қысқа мерзімді несие мен қарыздар.

П3 – ұзақ мерзімді міндеттеме – ұзақ мерзімді несие мен займдар.

П4 – тұрақты міндеттеме – капитал мен резерв.

Егер бұл көрсеткіштер төмендегі жағдайға сәйкес келсе, баланс өтімді деп есептеледі.

$$A1 \geq P1, A2 \geq P2, A3 \geq P3, A4 \leq P4$$

Өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының іскерлік белсенділігі мен қызметінің тиімділігін бағалау және талдау қаржылық талдаудың қорытынды кезеңі болып табылады[86].

Өңдеуші саласындағы орта бизнес компанияларының іскерлік белсенділігі қаржылық жағдайында ең алдымен оның қаражат айналымының

жылдамдығымен көрінеді. Орта бизнес кәсіпорынның өз қаражатын қаншалықты тиімді пайдаланғанын анықтауға мүмкіндік беретін, әртүрлі қаржылық айналымдылық коэффициенттердің деңгейі мен қозғалысы зерттелді.

Жоғарыда айтып өткендей, кейбір актив түрлері әртүрлі айналым жылдамдығына, яғни олардың ақша қалпына көшу жылдамдығына ие болады. Қаражаттың айналымда болуының ұзақтығы ішкі және сыртқы сипаттағы бірқатар әр бағыттағы себептердің жиынтық әсерімен анықталады. Бірінші қатарға кәсіпорынның әрекет өрісін, салалығын, ауқымын және тағы да басқаларын жатқызуға болады. Елдегі экономикалық жағдаймен оған байланысты шаруашылықты жүргізу шарттары да кәсіпорынның активтерінің айналымдылығына әсер етеді. Сөйтіп, елдегі процесстер, кәсіпорындардың басым көпшілігінің жабдықтаушылармен, сатып алушылармен реттелген шаруашылық байланысының болмауы қаражат айналымын айтарлықтай бәсеңдетеді[87].

Қаражаттың айналымда болу кезені, едәуір дәрежеде кәсіпорынның ішкі жағдайымен бірінші кезекте, оның активтерін басқару стратегиясының тиімділігімен (немесе жоқтығы) анықталатындығын айта кету керек.

Шынында да, қолданылған баға саясаты, құрылған актив құрылымы, пайдаланылған тауарлы-материалдық қорларды бағалау әдістемесіне байланысты кәсіпорын өз қаражат айналымының ұзақтығына көп немесе аз әсер ету еркіндігіне ие болады.

Іскерлік белсенділік коэффициенті кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін үлкен маңызы бар, өйткені қаражаттың айналым жылдамдығы кәсіпорынның төлем қабілетіне тікелей әсер етеді. Оған қосымша қаражаттың айналым жылдамдығының өсуі кәсіпорынның өндірістік-техникалық күшінің артқанын көрсетеді[88].

Өндеуші саласындағы орта бизнес компанияларының іскерлік белсенділігінің көрсеткіштеріне мына коэффициенттер жатады:

Капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті. Ол жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша ақша бірлігін әкелгенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш мына формула бойынша анықталады:

$$K_A^O = D^N / A_K \quad (2)$$

Мұнда, K_A^O - капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті;

D^N - өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс;

A_K - активтердің жалпы құны.

$$K_A^O (2011 \text{ жыл}) = 0,39(1236228 / 3182221)$$

$$K_A^O (2012 \text{ жыл}) = 0,59(1786884 / 3024801,6)$$

$$K_A^O (2013 \text{ жыл}) = 0,62(1944848 / 3116259,2)$$

Көрсеткіш соңғы жылдары кәсіпорынның жалпы капиталын (барлық ресурстарды) пайдалану тиімділігінің төмендегенін көрсетеді. Егер жыл

басында кәсіпорында активтердің әрбір ақша бірлігі 39 тиын, ал жыл соңында 62 тиынды құрап отыр. 2012 жылмен салыстырғанда 3 тиынға өскен және оның нәтижесі кәсіпорын бір бірлік өнім шығару үшін шығындарың өскендігін көреміз. Жалпы бұл көрсеткіш өте жоғары болып есептеледі Кәсіпорынға оның активтердің айналымдылық коэффициентінің деңгейін төмендету шараларын қабылдау керек.

Негізгі құралдардың айналымдылығы. Бұл көрсеткіш қор қайтарымдылығын көрсетеді, яғни кәсіпорынның кезеңдегі негізгі өндірістік қорларын пайдаланудың тиімділігін сипаттайды. Ол саудадан түскен табысты (ақшаны) қалдық құны бойынша кезеңдегі негізгі құралдардың шамасына бөлу арқылы есептейді[89].

Қор қайтарымдылығы коэффициентінің артуына негізгі құралдардың үлес салмағының салыстырмалы жоғары болмауы немесе олардың техникалық деңгейінің жоғарылығы есебінен қол жеткізуге болады.

Алайда бұл жерде жалпы заңдылық былайша болады: коэффициент жоғары болған сайын, есеп беру кезіндегі шығындар азая түседі. Коэффициенттің төмен болуы өнімді сатудан түсетін табыстың жетімсіздігін не болмаса активтер түрлеріне тым жоғары деңгейде қаржы бөлінгендігін білдіреді.

Біздің қарастырып отырған кәсіпорыным үшін негізгі құралдардың айналымдылық коэффициенті 2011 жылы 0,85 (1236228/1449387), 2012 жылы 0,89 (1786884/2012175,9), ал 2013 жылы 0,99 (1944848/1962182,0) болып отыр.

Меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті. Ол мына формула бойынша қаралады:

$$K^o_c = D^N / C_k \quad (3)$$

Мұнда: K^o_c - меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті;

D^N - өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс;

C_k - меншікті капиталдың көлемі

Бұл көрсеткіш қызметті әр қырынан сипаттайды: коммерциялық көзқараспен қарағанда ол сатудың артықтығын немесе жеткіліксіздігін анықтайды; қаржылық жағынан – салынған меншікті капиталдың айналым жылдамдығын, ал экономикалық тұрғыдан – кәсіпорынның меншікті иелері тәуекелдік етіп салып отырған ақша қаражатының белсенділігін көрсетеді[90].

$$K^o_c(2011 \text{ жыл}) = 0,47(1236228 / 2638427)$$

$$K^o_c(2012 \text{ жыл}) = 0,66(1786884 / 2718870,0)$$

$$K^o_c(2013 \text{ жыл}) = 0,69(1944848 / 2821175,5)$$

Егер коэффициент өте жоғары болса, салынған капитал деңгейінің едәуір артқандығын білдіреді, ал бұл несиелік қорлардың артуын, меншік иелеріне қарағанда істе кредиторлардың көбірек қатысуы мүмкін шекке жетуінен туындайды[91].

Бұл жағдайда міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы артады, кредиторлардың қауіпсіздігі төмендейді және табыстың кемуіне байланысты

кәсіпорын айтарлықтай қиыншылықтарға кездесуі мүмкін. Керісінше, коэффициенттің төмендігі меншікті капиталдың бір бөлігінің әрекетсіз жатқандығын білдіреді. Бұл тұста коэффициент, меншікті қаражатты осы жағдайға сай келетін табыс көзіне салу қажеттігін көрсетеді.

Қысқа мерзімді немесе айналым капиталының айналымдылық коэффициенті. Ол өнім сатудан түскен табыстың (жұмыс, қызмет көрсету) қысқа мерзімді активтердің орташа шамасына қатынасымен анықталады:

$$K_{TA}^O = D^N / T^a \quad (4)$$

Мұнда: K_{TA}^O - қысқа мерзімді активтердің айналымдылық коэффициенті;

D^N - өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс;

T^a - қысқа мерзімді активтер.

Қысқа мерзімді активтердің айналымдылық коэффициенті олардың айналым жылдамдығын, яғни зерттелген кезеңдегі барлық айналым қаражатының айналым санын көрсетеді. Қысқа мерзімді активтердің айналымдылығының жоғарылауы олардың қажеттілігін кемітеді де, кәсіпорындарға халық шаруашылығының мұқтажы үшін (абсолюттік босату) немесе қосымша өнім өндіруге (салыстырмалы босату) айналым қаражатының бір бөлігін босатуға мүмкіндік береді.

Айналымның жылдамдауы нәтижесінде айналым қаражатының заттық элементтері босайды, демек, бұрын осы қорлар салынған ақша ресурстары босап шығады. Босаған ақша ресурстары кәсіпорынның ең өтімді активтерін арттырады, нәтижесінде оның төлем қабілеті бекіп, қаржылық жағдайы жақсарады[92].

Біздің кәсіпорнымызда бұл көрсеткіштің деңгейі 2011 жылы – 1,15 рет, 2012 жылы – 1,87 рет, ал 2013 жылы – 2,17 рет болды.

Көрсеткіш соңғы жылдары кәсіпорынның қысқа мерзімді активтерінің пайдалану тиімділігінің артқанын көрсетеді. Егер жыл басында кәсіпорында активтердің әрбір ақша бірлігі 1,15 рет жыл соңында 2,17 рет айналды. Жалпы жоғарыдағы баланс талдауының нәтижесінде кәсіпорынның айналым капиталының төмендегені көрсетілген. Оған дебиторлық берешектің сомасын төмендету және нақты ақшаға байланысты салымдарды және өндірісте шығындарды көбейту керек.

Материалдық айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның талдау кезіндегі шығындары мен қорларының айналым санын көрсетеді, яғни олардың сатылу жылдамдығын сипаттайды. Толықтай алғанда бұл коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, осы аз өтімді бапта соғұрлым азырақ қаражат пайдаланылады, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақтанып, айналым капиталында көбірек өтімді құрылым болады. Және керісінше, басқадай жағдайда тауардың шамадан тыс жиналып қорлануы, кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне кері әсер етеді[93].

Өндірістік қорлар оларды дайындау құны бойынша есептелетіндіктен, қорлардың айналымдылық коэффициентін есептеу үшін сатудан түскен табыс

емес, сатылған өнімнің өзіндік құны пайдаланылады. Онда есептеу мына формуламен іске асырылады:

$$K^O_3 = S^N / 3^c \quad (5)$$

Мұнда: K^O_3 - материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті;

S^N - сатылған өнімнің толық өзіндік құны;

3^c - өндірістік материалдық қорлар.

Неғұрлым айналымдылық көрсеткіші жоғары болған сайын, соғұрлым қорлар тезірек ақшалай қаражатқа айналады. Оның төмендеуі салыстырмалы түрде өндірістік қорлар мен аяқталмаған өндірістің ұлғайғанын немесе дайын өнімге деген сұраныстың бәсеңдегенін көрсетеді.

Бұрын біздің кәсіпорынымызда сатылған өнімнің өндірістік өзіндік құны негізінде есептелген материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті мынаған тең болды:

$$K^O_3 (2011 \text{ жыл}) = 49,71(1451685 / 29204)$$

$$K^O_3 (2012 \text{ жыл}) = 80,48(1757953 / 21844,5)$$

$$K^O_3 (2013 \text{ жыл}) = 99,30(1688765 / 17006,1)$$

6. Кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті. Ол өнімді сатудан түскен табыстың кезеңдегі кредиторлық борыштың шамасына қатынасымен анықталады:

$$K^{O/K/3} = D^N / K^3 \quad (6)$$

Мұнда: $K^{O/K/3}$ - кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті;
 D^N - өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс;

K^3 - кредиторлық борыштың кезеңдегі шамасы.

Кәсіпорында дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті 2011 жылы 2,48(1236228/498904), 2012 жылы 6,81(1786884/262235,9), ал 2013 жылы 5,68(1944848/342200,6) мәнге тең болды. Жалпы кез-келген кәсіпорын үшін айналым капиталдарының жалпы көрсеткіштері айналым санының жоғары болғаны дұрыс[94].

«ДАМУ өндіріс» қаржылық бағдарламасы өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілері үшін және дағдарыс жағдайынан шығуға арналған несие ресурстары тапшылығын тартып отырған кен байыту өндірістеріне көмек көрсету мақсатында жұмыс істейді. Осы бағдарлама пайыздық мөлшерлемені қайта қарап, 8% -ға өзгертуге мүмкіндік береді. «ДАМУ» қоры сыйақы мөлшері төмен – 8%-дық талаптары өте жақсы лизингтік бағдарлама әзірледі және әрекетке енгізді. Кәсіпкер жаңа құралдар алады және несие алушының қаржылық жағдайы тұрақты болған жағдайда қосымша кепілдеме ұсыну қажеттілігі жойылады.

«ДАМУ өндіріс» қаржылық бағдарламасының үшінші бағытында экспортқа бағытталған өндірістерге қолдау көрсету бойынша субсидиялау тағы

да 14% аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады, олардың 6% экспортер төлейді де, қалған 8% мемлекет өз есебінен жабады.

Сөйтіп, орта бизнес субъектілерінің өндіруші салада жұмыс істеуіне жағдай жасау үшін әр түрлі қаржылық теткітерді пайдалану қажет.

3 Бөлім бойынша қорытынды

1. Орта бизнес субъектілерінің қызметіне технологиялық, экономикалық және қаржылық факторлар әсер етеді. Осы факторлардың ішінде ең негізгісі қаржылық фактор болып табылады. Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржылық қолдауда ең негізгі шарт-вексельдік қаржыландыруды кеңінен пайдалану болып табылады. Онымен қоса лизингті, кейстық несиені, франчайзингті, факторингті кеңінен пайдалану қажет. Орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиені қамтамасыз ету болып табылса, осы несиеге альтернатива ретінде факторингті қарастыруға болады. Орта бизнес әлі күнге шейін банктердің қызығушылық сферасынан тыс қалуда

2. Мемлекетке елдегі орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін алда бірқатар міндеттерді шешуге тура келеді. Жоспарлы түрде, заң жүзіндегі бастамалар арқылы және қазірде күшінде тұрған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажет

3. Орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасау қажет.

4. Екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерліктің өндірістік секторына жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен, заңдарда белгіленген тәртіппен несие беруін қамтамасыз етуі қажет.

5. Орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған орта кәсіпкерлерлік заңды тұлғалардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу қажет.

6. Тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетте өңдеуші салаларда қызмет ететін орта бизнес субъектілеріне қаражат көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен қоса, бюджеттен қаржыландыру механизмдерін жетілдіру негізгі талап болып табылады.

7. Орта бизнес субъектілерінің өзара несие беру және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру тетіктерін әзірлеу өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы компаниялардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

8. Аймақаралық банктердің (оның ішінде орта бизнесті қолдау бойынша мамандандырылған) желілерін одан ары дамыту, өндірісті қолдауға қарыздары бойынша коммерциялық банктермен кепілді қамтамасыз ету, несиелік ресурстарды бюджеттен тыс жұмылдырудың басқа формаларын қолдану, дәстүрлі емес қаржыландыру қызметін дамыту (лизинг, факторинг, венчурлық

қаржыландыру, франчайзинг және басқалары) орта кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасайды.

9. Екінші деңгейдегі банктермен біріге отырып, жобаларды ортақ қаржыландыруды жалғастыру, венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту және орта кәсіпкерлікті қолдау процессі кезінде сақтандыру компанияларының белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет.

10. Орта бизнес үшін франчайзинг іс жүргізудің ең бір тиімді тәсілі саналады. Сондықтан «Даму» қорының қаржылық құралдарын франчайзингтің дамуына ыңғайландыруға болады. Франшиза сатып алу үшін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында мемлекеттік грантқа қол жеткізуге болады. Салалық шектеусіз «Даму» қорының кепілдігін пайдалана алады. Орта бизнестің өңдеу кәсіпорындарының жоба табысы жылына 14 пайыздық үстемақымен субсидиясыз несие төлеуге жетсе, қор осы орта бизнес субъектісі үшін екінші деңгейлі банк алдында кепіл бола алады. Бұл қызмет көрсету, сауда-саттық секілді басымдыққа ие емес салада бизнес бастағысы келгендер үшін өте тиімді болып табылады.

11. Өндірісшілердің айналымдағы қаржыландырылуын кеңейте отырып, айналымдағы қаражатты толтыруға да несиелер бойынша жеңілдік жасау қажет. Біздің ойымызша «Жол картасы» бағдарламасына Ұлттық қордан бөлінетін кезекті қаражатты өндірісшілерді қайта қаржыландыруға бағыттау туралы өзгерту енгізу қажет

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасындағы орта бизнестің өсу қарқыны жоғары емес.

Бұған белсенді қызмет жүргізетін орта бизнес субъектілерінің салмағының аздығы, ЖІӨ-де орта бизнес субъектілері өнімінің үлесінің төмендеуі, өндірістік инфрақұрылымның үлес салмағының төмендігін атап өту қажет.

Шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) мемлекеттің экономикасының ең негізгі ірге тасы болып табылады. Қазақстанда орта кәсіпкерліктің ШОК-тағы үлесі 0,5 пайызды құрап отыр. Орта кәсіпкерлікті дамыту экономиканың өсуіне жағдай жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Шағын орта кәсіпкерліктің ішінде орта бизнес заңды тұлғаларының үлес салмағы 1 қаңтар 2014 жылғы деректер бойынша 0,5 пайыздан аспай отыр. Орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдай келе, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесі 12,8 пайызды құрап отырғанын атап өту керек. Бұл өз кезегінде өңдеу өндірісіндегі кәсіпорындардың жоғары деңгейде жұмыс істемей отырғанын көрсетеді.

Қазақстандағы орта бизнестің дамуына және оларды дамытуда пайдаланылатын қаржы механизмдерінің тиімділігіне жүргізілген талдау орта бизнес субъектілерін дамытуда мемлекеттік қаржылық қолдаудың механизмдерін дайындау қажеттігін анықтады.

Қазақстандағы өнеркәсіптің өңдеу саласында қызмет ететін орта бизнес компанияларын қаржыландыру мәселелеріне байланысты теориялық және әдістемелік зерттеулер негізінде келесідей қорытындыларды көрсетуге болады:

1. Орта бизнесті қаржылық реттеу теориясын зерттеу және экономикалық ой негізін қалаушыларының әртүрлі бағыттары негізінде диссертациялық жұмыста өнеркәсіптің өңдеу саласында қызмет ететін орта бизнес субъектілерінің белсенділігін қаржылық ынталандыру тетіктері зерттеліп, өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерліктің қаржы ресурстары ұғымына анықтама берілді. Өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерліктің қаржы ресурстары – бұл өндірістің өңдеу саласындағы орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорынның қарамағындағы қаражаттары және оның қаржылық міндеттемелерін орындауға, өндірісті қаржыландыруға бағытталатын ақша қаражаттарының жиынтығы болып табылады.

2. Шет елдік тәжірибені зерделеу негізінде өңдеу салаларындағы орта бизнесті қаржыландырудың негізгі қаржылық механизмдері зерттелді. Олардың оң тәжірибесін Қазақстан қаржы жүйесіне енгізу мүмкіндіктері көрсетілді.

Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерінің тиімді әрі ырғақты дамуы үшін мемлекет тұрғысынан қаржы-несиелік және инвестициялық қолдаудың қолайлы саясатын дайындау қажет.

Орта бизнесті дамытуда пайдаланылатын қаржылық құралдардың тиімділігін зерттеуге арналған шет ел ғалымдарының ғылыми ізденістері негізге алынып, оң тәжірибелерін Қазақстан жағдайында пайдалану мүмкіндігі қарастырылды.

Шет елдерде және Қазақстанда өндірістің өңдеуші саласында жұмыс істейтін орта бизнес субъектілерін дамытуда пайдаланылған қаржылық тұтқалар салыстырылып, талданды. Солардың ішінде қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыру, негізгі борышты өтеуге берілетін жеңілдік, өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істеп жүрген орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру, инвестициялық мақсатта айналым қаражатын толықтыру сияқты қаржылық тетіктерге талдау жасалынды, оларды елімізде тиімді пайдалану жолдары қарастырылды. Өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жаңа қаржылық тетіктерді пайдалану қажеттілігі дәлелденді.

Орта бизнес субъектілерінің қызметіне технологиялық, экономикалық және қаржылық факторлар әсер ететіндігі дәлелденді. Осы факторлардың ішіндегі ең негізгісі қаржылық фактор екендігі айқындалды.

3. Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптің өңдеу саласындағы орта бизнестің дамуына салық жүйесінің әсері зерттелінді, оған баға берілді.

Қазақстанда 66 мың белсенді кәсіпорындардың ішінде 40 пайыз кәсіпорындар сауда саттықпен айналысады. Кәсіпорындардың 3 пайызы өндіріс саласында қызмет істейді. Өңдеуші салалардағы орта бизнес субъектілеріне салықтық жеңілдіктер беру ұсынылды. Атап айтқанда, арнайы салық режиміне өзгерістер енгізу қажет.

Нәтижесінде орта кәсіпкерлік қызметтің дамуына әсер ететін салықтық ауыртпалықты жеңілдету, салықтық ставкаларды қысқарту және салықтық кредиттерді беру жолдары көрсетілді.

Өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларына салық салу деңгейін төмендету салықты төлеуден жалтарудың азаюына, салық салу базасының ұлғаюына, нәтижесінде бюджетке түсетін салықтық түсімдердің көлемін ұлғайтуға жағдай жасайды.

Өндірістің дамуындағы жеке капитал салымдарын ынталандыруға бағытталған салық саясатының кеңінен таралған және тиімді тәсілдері бөліп көрсетілді. Оларға:

- экономиканың басымдылық секторында қызмет ететін өндірістің өңдеуші саласындағы орта бизнес субъектілері үшін салық ставкасын төмендету;

- өңдеуші салалардағы орта бизнес субъектілеріне арнайы амортизациялық шегерімдер жүйесін қолдану;

- инвестициялық түсімдерге салықтық жеңілдіктер қолдану, басқалай айтқанда «салықтық кредиттер» беру. Әдетте, инвестициялық салықтық кредит құрал-жабдықтың құнына пайыздық мөлшермен есептеледі және салық сомасынан немесе салық салынатын табыстан шегеріледі. Лизингтік операцияларға салықтық жеңілдік беру арқылы орта бизнесті қаржылық қолдауға болады

4. Даму институттарының өңдеу салаларындағы орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесінің тиімділігі анықталды. Даму институттарының орта бизнесті дамытуда пайдаланылатын қаржылық құралдарының экономикалық тиімділігі зерделенді.

Орта бизнесті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдауды қамтамасыз ету мамандандырылған институттарды дамыту мен орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы несие беру шарттары мен рәсімдерін белгілей отырып, олардың мақсатты топтарын қаржы-несиелік қамтамасыз етудің әр түрлі деңгейлі үлгісі жасалынды. Қазақстанда өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ат салысатын негізгі мынадай қаржылық институттар қызмет етеді: «Қазақстанның даму банкі» АҚ, "Байтерек девелопмент" АҚ, «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы АҚ және тағы басқалары. Осы қаржылық қолдаудың тиімділігін бағалау әдістемесі берілді.

Орта кәсіпкерліктің даму болжамы жасалынып, экпоненциалды, сызықтық теңдеу және дәрежелі әдістер арқылы мемлекет тарапынан, бизнес субъектілері тарапынан қаржылық қолдаудың тиімділігі анықталып, 2016 жылғы өңдеу салаларындағы орта бизнес субъектілерінің Қазақстан экономикасындағы орны айқындалды.

Қаржылық институттардың орта бизнеске қаржы бөлу әдістемесі талданып, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорына ұсыныстар жасалды. Даму «Өндіріс» бағдарламасының тиімділігі есептелінді. Орта бизнес үшін франчайзинг іс жүргізудің ең бір тиімді тәсілі саналады. Сондықтан «Даму» қорының қаржылық құралдарын франчайзингтің дамуына ыңғайландыруға болады. Франшиза сатып алу үшін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында мемлекеттік грантқа қол жеткізуге болады. Өңдеу салаларындағы орта бизнес компаниялары салалық шектеусіз «Даму» қорының кепілдігін пайдалана алады. Орта бизнестің өңдеу кәсіпорындарының жоба табысы жылына 14 пайыздық үстемақымен субсидиясыз несие төлеуге жетсе, қор осы орта бизнес субъектісі үшін екінші деңгейлі банк алдында кепіл бола алады. Бұл өңдеу салаларында бизнес бастағысы келгендер үшін өте тиімді болып табылады

Өндірісшілердің айналымдағы қаржыландырылуын кеңейте отырып, айналымдағы қаражатты толтыруға да несиелер бойынша жеңілдік жасау қажет. Біздің ойымызша «Жол картасы» бағдарламасына Ұлттық қордан бөлінетін кезекті қаражатты қайта қаржыландыруға бағыттау туралы өзгерту енгізу қажет.

5. Өнеркәсіптің өңдеу салаларындағы орта бизнес компанияларына қызметтің жаңа бағыттарын игеру үшін және жоғары технологиялы жабдықтар мен қосымша кап-италды сатып алуды қаржылық қолдаудың жаңа құралдары лизинг, инновациялық грант, венчурлық қаржыландыру, жобалық қаржыландыру, кейстық несие, франчайзинг, факторинг сияқты қаржылық тетіктерді пайдалану әдістемесі берілді.

Екінші деңгейдегі банктермен біріге отырып, жобаларды ортақ қаржыландыруды жалғастыру, венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту және орта кәсіпкерлікті қолдау процесі кезінде сақтандыру компанияларының белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиемен қамтамасыз ету болып табылса, осы несиеге альтернатива ретінде факторингті қарастыруға болады.

6. Орта бизнес әлі күнге шейін банктердің қызығушылық сферасынан тыс қалуда. Коммерциялық банктердің орта бизнесті несиелік қолдау тетіктеріне талдау жүргізіліп, кәсіпкерлік қызметті несиелік ынталандыру жолында көптеген мәселелерді шешу керектігі негізделді. «Бизнес картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде орта бизнесті қаржылық қолдауда пайыздық ставкаларды субсидиялауды кеңінен пайдалану тәжірибесі талданды. Несие өнеркәсіптің өңдеу саласында қызмет ететін орта бизнес субъектісінің негізгі капиталын жаңғыртуға немесе айналым капиталын толтыруға бағытталуы қажеттігі дәлелденді. Нәтижесінде бұл орта бизнес субъектілерінің қызметін қаржылық реттеу проблемаларының шешімін табуға мүмкіндігін береді. Орта кәсіпкерлік субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешу қажет.

«Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде орта бизнеске несие берудің кепілдік механизмдерін одан әрі дамыту қажет. Бұл өз кезегінде орта бизнес субъектілерінің несиеге қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Орта бизнестің дамуының бірден бір көзі болып банктік несие табылса, сол несиеге қалайша қол жеткізуге болатындығы, оны тиімді пайдаланып, дер кезінде банкке қайтару мәселелері диссертациялық жұмыста зерттелінді. Орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған кәсіпкерлердің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу қажет.

Екінші деңгейдегі банктердің орта кәсіпкерліктің өндірістік секторына жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың есебінен, заңдарда белгіленген тәртіппен несие беруін жаңғырту мезгіл талабы болып табылады.

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, сондай-ақ несие алған орта кәсіпкерлерлік заңды тұлғалардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу қажет. Аймақаралық

банктердің (оның ішінде орта бизнесті қолдау бойынша мамандандырылған) желілерін одан ары дамыту қажет.

.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 14 желтоқсан 2014 жыл
- 2 Қазақстан Республикасының кәсіпкерлер форумы. 2012 жыл.16 сәуір
- 3 Сабден О.С. Экономика производства и рынок.- Алматы, 2009. – 311 с.
- 4 Керимбеков Р.Н., Қазақстандағы шағын және орта бизнестің қалыптасу ерекшеліктері // Аль-Пари, 1-2, 2009.- 22 б.
- 5 Баймолдаева М.Т., Шағын кәсіпорынды ұйымдастыру және қаржыландыру // Аль-Пари №3-4, 2007 ж, 20 б.
- 6 Смитт А. Исследование о природе и причинах богатства народов. Том 2, Кн.5, Отдел 2 «О налогах». Москва: Соцгиз, 1935.-341с.
- 7 Оташева Д.М., Развитие малого бизнеса в Казахстане // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, № 2, 2009 ж, 13 б.
- 8 Бохаев Д., Шағын және орта бизнес түсінігі және оны несиелендірудің теориялық мәні мен маңызы // Экономика негіздері: мектепте, колледжде және ЖОО оқыту, №3, 2007 .-32 б.
- 9 <http://e.gov.kz> Қазақстан Республикасының Электрондық Үкіметінің сайты
- 10 Региональный статистический ежегодник Казахстана 2013 (2010-2013). Алматы, 2009.- 165 с.
- 11 Бартепов С.А. История экономических учений в вопросах и ответах: Учебно – методическое пособие. М.: Юрист, 2000, 192 с.
- 12 Лукпанова Ж.О., Налогообложение предпринимательской деятельности в РК: состояние и перспективы развития. Диссертация для получения степени канд. экон наук, Алматы 2004.- 159 с.
- 13 Шестаков А.В. Предпринимательская деятельность.-М.-20011.-156с.
- 14 Лесбеков Г. Анализ глияния последствий глобального кризиса на развитие субъектов малого бизнеса в Республике Казахстан // Фонд развития предпринимательства Даму, Финансы и кредит, №7, июль 2008г, 26-32 с.
- 15 Сагадиев К.А.. Конкурентоспособность национальной экономики: организационно- экономический механизм формирования казахстанской модели — в соавторстве-(на рус.яз.) – Алматы, 2006.-252с.
- 16 Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан / Под. Ред. Профессора Жатқанбаева Е.Б. Алматы: Казак университеті, 2001, 188с.
- 17 Ермекбаева Б.Ж., Налоговые стимулы развития малого бизнеса // Вестник КазНУ, Серия экономическая. № 1, 2006 г, 50-53 с.
- 18 Сумарокова В.Н. Государственные финансы в системе макроэкономического регулирования. М.: Финансы и статистика, 2006. – 121 с.
- 19 Исахова П.Б. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудағы салық салудың рөлі // Аль-Пари №3, 2005ж, 144 б.
- 20 Шумпетер Й. Теория экономического развития. Москва: Инфра, 2002 г, 255 с.

- 21 Қазақстан в цифрах. Статистический сборник // Агентство по статистике.- 2012.-256с.
- 22 «Азия Даму Банкінің қаражаты есебінен екінші деңгейдегі банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру» жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы Қаулысы
- 23 Добрынин А.И., Тарасевич Л.С., Экономическая теория. Учебник для вузов. Санкт-Петербург: Издательский дом «Питер», 2000.- 542 с.
- 24 Садыкова М.Ж., Эффективность развития малого предпринимательства // Қаржы- қаражат №1, 2008 г, 54-57 с.
- 25 Бабич А.М., Павлова Л.Н., Государственные и муниципальные финансы: Учебник для вузов. М: Юнити, 2002.- 687 с.
- 26 Кэмпбелл Р. Макконелл, Стенли Л. Брю. Экономикс: Принципы, проблемы и политика. В 2 т. :Пер с англ. Т1.
- 27 Жанибекова Г.Қ., Іскерлік белсенділікті салықтық реттеу, философия докторы академиялық дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыс, Алматы 2008.-35б..
- 28 С.Құлпыбаев, В.Д.Мельников, «Қаржы негіздері» жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық, Алматы 2012.-609 б.
- 29 Абдул Фатах Табет Насер Ахмед, Отдельные подходы при определении малого бизнеса // Банки Казахстана, №12, 2008 г, 25-27 с.
- 30 Оспанов М.Т., Налоговая реформа и грманизация налоговых отношений. СПб: Изд-во СПбГУЭФ, 2007.-426 с.
- 31 Проблемы налоговой системы России: теория, опыт, реформа. (коллектив авторов под руководством Гайдаре Е.) Москва: Юнити, 2000.- 115 с.
- 32 Исатаева А.А., Вершинина Г.С., Экономика и планирование коммерческого предпринимательства. Учебное пособие. Алматы: Экономика, 2003.- 132 с.
- 33 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайты, www.stat.kz
- 34 Статистический ежегодник Казахстана / Статистический сборник / Под редакцией К.С.Абдиева. Алматы: Агенство РК по статистике 2013.-, 616 с
- 35 Дауранов А., Рудецких А., Шиянова Е. Малый бизнес: итоги 2008 г, ожидания 2009 г. // Вестник предпринимателя, 2009, №3, 22-23 с.
- 36 Қазақстан в цифрах: статистический сборник // Агенство по статистике, Алматы, 2008.-214 с.
- 37 «KazER» ЖШС қаржылық мәліметтері
- 38 Скорикова В., Организация налогового учета предпринимателями в эққу году // Бухгалтер и право, №2, февраль 2009г., 22-26с.
- 39 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). Алматы: Юрист, 2009. – 468 б.
- 40 Проскурина В., Порядок применени СНР на основе патента, Бухгалтер и право, №5, май 2009 г, 12-15 с.

- 41 Проскурина В., Налоговый кодекс РК о малом и среднем бизнесе, Бухгалтер и право, №4, апрель 2009 г, 29-31 с.
- 42 Плошай В., Анализ предпринимательства в РК // Бухгалтер и право №1, январь 2009 г. 30-32 с.
- 43 Смурыгина И., Арнаулы салық режимі бойынша қызметін жүзеге асратын шағын бизнес субъектілерінен салық салу // Еңбек қатынасы №1, 2009 ж.
- 44 Утарова А.К., Қалықұлов Қ.М., Мауленқұлова Г.Е., Шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштерін талдаудағы тиімді экономикалық – математикалық әдістер// Аль-Пари, №3, 2008
- 45 Мониторинг малого бизнеса по состоянию на 1.01.14г, бизнес реестры серия 18, www.stat.kz.
- 46 Сабденов О. Экономическая политика переходного периода на рубеже э» века. Алматы: Казахстан, 1997.- 368 с.
- 47 Сапарова Б. Финансовый менеджмент, Алматы 2007.-126с.
- 48 Стацурина Ю.А., Основные направления государственной поддержки малого и среднего бизнеса в Казахстане // Банки Казахстана, №9, 2009.-56с
- 49 Налоговая система во Франции. 2-е издание // Российско-Французская серия «Информационные и учебные материалы», 1993 г, №2, 35 с.
- 50 Тынысбеков А.С., Повышение качества налогового администрирования прямой путь к снижению налоговой нагрузки, Қаржы-қаражат, №4, 2008г.
- 51 Маметаев Н, Понгов Д, Т.Рысқұлов атындағы КазЭУ магистранттары, Бухгалтер мектебі, №3, 2009ж
- 52 Султангазиев М. «Налоги и финансы», №7(20), июль 2009, Заместитель начальника Налогового департамента по г. Алматы
- 53 Беков Е., Салық әкімшілендіру жүйесін жетілдіру // Бухгалтер хабаршысы, №1 қаңтар, 2009 ж.
- 54 Перспективы легализации малого бизнеса. Выступление Директора Департамента малого бизнеса на круглом столе от 08.04.2008г
- 55 Ботанов Н., Предпринимательство – один из путей к экономической безопасности Казахстана // Аль-Пари, 2004, №1, 72-74 с.
- 56 Ермекбаева Б. Кәсіпкерлікке салық салу механизмін жеілдірудің кейбір мәселелері, Аль-Пари, №2, 2006ж.
- 57 Яманушкина И., Единый налог на вмененный доход и организация раздельного учета. www.fingazeta.ru
- 58 Потрубач Н.Н., Гаждиева Л.Э., Оптимизация налогообложения с целью обеспечения социальной справедливости // Социально-гуманитарные знания, 2006, №5, 145-161 с.
- 59 «Даму-Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысы
- 60 Маршалл А., Д.Рикардо. Великие имена классической экономики .-М.- Эксмо.-135 с.
- 61 Самуэльсон П. *Foundations of Economic Analysis*. СПб.: Экономикус.-2009. — 384 с

- 62 2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы
- 63 Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 64 Қазақстан Республикасында мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 65 Қазақстан Республикасының химия өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 66 "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы
- 67 Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы
- 68 Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 69 Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 70 Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 71 Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 72 Қазақстан Республикасында құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 73 Қазақстан Республикасында сауданы дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 74 Қазақстан Республикасындағы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 75 Қазақстан Республикасының машина жасауды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы
- 76 "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы
- 75 Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы
- 76 Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. «Методика финансового анализа для организаций». –М.: Инфра. –2003.
- 77 Финансовое управление компанией./ под ред. Е.В.Кузнецовой. – М.: Фонд «Правовая культура», –1999. 11 с.
- 78 Экономика предприятия: учебник для ВУЗов. В.Я.Горфинкеля, проф. В. А. Швандара – 2-е изд., перераб. и доп. – М.:Банки и биржи, Юнити –2003. –210-211 с.
- 79 Бригхэм Ю. Эрхард М. «Финансовый менеджмент»: 10 – е издание. Перевод с английского под ред. Дорофеева Е.А. – СПб Питер. –2005.

- 80 Финансовое управление компании. /под ред. Е.В.Кузнецовой.- М.: Фонд «Правовая культура», –1999. –88 с.
- 81 Бланк И.А. Финансовый менеджмент : Учебный курс. - 2-е изд., перераб. и доп. - К.: Эльга, Ника-Центр, –2011. – 656 с.
- 82 Бланк И.А. « Основы финансового менеджмента » 2- е издание. Перераб. и доп. Киев: Ника – Центрэльга. – 2004.
- 83 Агайдаров А. « Совершенствование методики финансового анализа, как фактор улучшения финансового состояния предприятия » // РЦБК. –2005. № 8, –33-39 с.
- 84 Ковалев В.В. « Финансовый анализ : методы и процедуры » –М: Финансы и Статистика. –2005.
- 85 Финансовый менеджмент./ под ред. Г.Б. Поляка – М.: Финансы, ЮНИТИ. – 2001. – 122 с.
- 86 Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия. Минск, – 2008. –146 с.
- 87 Бригхем Ю., Гапенски Л. “Финансовый менеджмент”: полный курс: в 2-х т./ пер. с англ. Под ред. Ковалева В.В. СПб.: “Экономическая школа”, –2001г., т.1 – 497 с., т.2 – 669 с.
- 88 Бараненко С.П., Шеметов В.В. Стратегическая устойчивость предприятия.— М.: Центрполиграф, –2010.— 476 б.
- 89 Арыстанбаева С.С . – Управление стоимостью компании. –2009. – с. 156
- 90 Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент в условиях инфляции. – М.: Перспектива, –2003. – С. 90.
- 91 Финансовое управление фирмой. / Под. Ред. В.И. Терехина. – М.: Экономика, –1999. – 320 с.
- 92 Балабанов И.Т. « Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта » Издание 2 – е, доп. М: Финансы и Статистика. –2000.
- 93 Финансовое управление компаний. / Под ред. Е.В.Кузнецовой. – М.: Фонд «Правовая культура», –1999.
- 94 Стоянова Е.С. « Финансовый менеджмент » 5- е издание перер. и доп. М: Перспектива. –2001.
- 95 Сэй Ж. Трактат политической экономии.-1803.-456 с.
- 96 Фридман М. Money and economic development, 1973.-253с.
- 97 Демин Е., Конакбаев А., Государственная финансовая поддержка развития малого бизнеса в развитых странах // Қаржы- қаражат №1-2, 2009 .- 21-28 С.
- 98 Интыкбаева С.Ж. Государственные финансы: Учебное пособие.- Алматы:2007.-252с.
- 99 Адамбекова А.А. Финансовый рынок Казахстана: становление и развитие.- Алматы:Дауір.-2007.-416с.